2-сурет. Жылдамдық реттегішінің принципиалды сұлбасы

Реттегішті күшейту коэффициенті:

$$\frac{R_0}{R_1} = 53{,}69;\ \frac{1}{R_1 C_0} = 3356{,}13;$$

C0=1мкФ және R1=Rф қабылдап, мына мәндерді аламыз

$$R_1 = \frac{1}{3356{,}13 \cdot 1 \cdot 10^{-6}} = 297{,}96 \text{ Ом};\ R_0 = 297{,}96 \cdot 53{,}69 = 16 \text{ кОм};\ C_ф = 45 \text{ пФ}.$$

Тоқ шектеу әдістерінің бірі сұлбаға берілген кернеуді секіріс түрінде емес, керісінше трапециалды үдемелі сигнал түрінде беріледі, сонымен қатар бұл сигналдың өсу темпі анықталу мүмкіндігі бар. Мысалы, динамикалық тоқтың мәнін рұқсат етілген мәнінен асырмау. Бұл басқару заңдылығын жүзеге асыратын құрылғы интенсивтілікті тапсыру құрылғысы деп аталады.

$$\Delta t = \frac{J_0 \omega_0}{2 I_н K_м} = \frac{0{,}2 \cdot 105}{2 \cdot 10{,}3 \cdot 4{,}7} = 0{,}22 \text{ сек.} \qquad (11)$$

Бағыныңқы реттеу жүйесінің құрылымдық сұлбасы келесі 3 – суретте берілген [2,3]:



3-сурет. Бағыныңқы реттеу жабық жүйесінің құрылымдық сұлбасы.

Бағыныңқы реттеу жүйесіндегі өтпелі процесс келесі түрге ие болады:



4-сурет. Жылдамдық бойынша реттелетін бағыныңқы реттеу жүйесіндегі өтпелі процесс



5-сурет. Тоқ бойынша реттелетін бағыныңқы реттеу жүйесіндегі өтпелі процесс

Модульді оптимум арқылы синтезделген жылдамдық реттегішінен тұратын бағыныңқы реттеу жүйесіндегі статикалық сипаттамалар:



6-сурет. Модульді оптимум бойынша синтезделген жылдамдық реттегішінен тұратын бағыныңқы реттеу жүйесіндегі статикалық сипаттамалар



7-сурет. Модульді оптимум бойынша синтезделген жылдамдық реттегішінен тұратын бағыныңқы реттеу жүйесіндегі статикалық сипаттамалар

ӘДЕБИЕТ

1. Адамбаев М. Д. Определение динамической структуры и параметров промышленных объектов управления. Монография. – Алматы: «TST – Company», 2010, 258 с.

2. Адамбаев М. Д. Теория автоматического управления. Методы идентификации промышленных объектов управления. Учебное пособие. – Алматы: КазНТУ, 2004, 180 с.

3. Адамбаев М. Д. Теория и практика технического эксперимента в электроэнергетике. Учебник. – Алматы: КазНТУ, 2013, 237 с.

LITERATURE

4. Adambaev M.D. Opredelenie dinamicheskoi struktury i parametrov promishlennih objektov upravleniya. Monographiya. – Almaty: «TST – Company», 2010, 258 s.

5. Adambaev M.D. Teoriya avtomaticheskogo upravleniya. Metody identifikacii promishlennih objektov upravleniya. Uchebnoe posobie. – Almaty: KazNTU, 2004, 180 s.

6. Adambaev M.D. Teoriya i praktika technicheskogo eksperimenta v electroenergetike. Uchebnik. – Almaty: KazNTU, 2013, 237 s.

Р.Т. Дәулетяр, М.Д. Адамбаев

Исследование системы подчинённого регулирования координатами электропривода

Резюме. Работа посвящена определению основных динамических параметров системы подчиненного регулирования электроприводом, что позволило получить адекватную модель. Синтезированы регуляторы контура тока и скорости. Приведены результаты исследования рассматриваемой системы на её электронной модели.

Ключевые слова: подчиненное регулирование, регуляторы тока и скорости, модульный оптимум, переходные характеристики, оптимизация.

R.T. Dauletyar, M. D. Adambaev

Research of the system of the inferior adjusting by the coordinates of electromechanic

Resume. Work is sanctified to determination of basic dynamic parameters of the system of the inferior adjusting by an electromechanic, that allowed to get an adequate model. The regulators of contour of current and speed are synthesized. Results over of research of the examined system are brought on her electronic model.

Keywords: inferior adjusting, regulators of current and speed, module optimum, transitional descriptions, optimization.

ЖОК 621.31 (075. 8)

Дюсенбеков М.С., Адамбаев М.Д.
Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы, adambaev_m@mail.ru

ЭЛЕКТРЖЕТЕГІ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

Андатпа. Электр жетегін түзету жүйесінің тұрақтылығын зерттеу нәтижелері көрсетілген. Карсон-Хевисайдтың екінші теоремасы арқылы шығыс бірлігінің өзгерісін аналитикалық түрде алдық. Өтпелі процесті алу үшін электронды модельдегі зерттеу жүйесі.

Түйін сөздер: Құрылымдық сұлба, тұйықталған жүйе, тұрақтылық критериі, электронды модель, өтпелі процесс сипаттамасы.

Тұйықталған электржетегі жүйесінің жеңілдетілген құрылымдық сұлбасы 1-суретте көрсетілген:



1-сурет. Тұйықталған жүйенің жеңілдетілген құрылымдық сұлбасы

Басқару жүйесіндегі беріліс функциясы [1]:

$$W_з^{ув} = \frac{\dfrac{K_{тп}K_д}{(T_п p+1)(T_э T_м p^2 + T_м p+1)}}{1+K_{тг}K_{дн}\dfrac{K_{тп}K_д}{(T_п p+1)(T_э T_м p^2 + T_м p+1)}} =$$

$$= \frac{K_{тп}K_д}{T_э T_м T_п p^3 + p^2(T_м T_п + T_э T_м) + p(T_п + T_м) + (1+K_{тг}K_{дн}K_{тп}K_д)} = \qquad (1)$$

$$= \frac{183{,}6}{0{,}0000133\,p^3 + 0{,}000483\,p^2 + 0{,}045\,p + 24{,}522}$$

$$\Delta = \begin{vmatrix} 0{,}000483 & 24{,}522 \\ 0{,}00000133 & 0{,}045 \end{vmatrix} = -0{,}0000109 < 0$$

Анықтауыш Δ<0 болғандықтан жүйе тұрақсыз болады.

Жүйенің сипаттамалық теңдеуін a_0–ге бөлеміз:

$$p^3 + 363{,}158\,p^2 + 33834{,}586\,p + 18437593{,}98$$

b1=363,158; b2=33834,586; b3=18437593,98.

$$M = \frac{b_1}{\sqrt[3]{b_3}} = \frac{363{,}158}{\sqrt[3]{18437593{,}98}} = 1{,}37$$
$$N = \frac{b_2}{\sqrt[3]{b_3^2}} = \frac{33834{,}586}{\sqrt[3]{18437593{,}98^2}} = 0{,}0052 \quad (2)$$

Басқару жүйесіндегі беріліс функциясының коэффициенті p^3 кезінде ескермейміз және оны бос мүшесіне бөлеміз:

$$W_з^{ув} = \frac{183{,}6}{0{,}000483p^2 + 0{,}045p + 24{,}522} = \frac{7{,}487}{0{,}00002p^2 + 0{,}0018p + 1}; \quad (3)$$

α=0,00002; β=0,0018.

Күтілетін тербеліс жиілігі:

$$\Omega = \frac{1}{\sqrt{\alpha}} = \frac{1}{\sqrt{0{,}00002}} = 223{,}607\,\text{Гц}; \quad (4)$$

Өшу коэффициент:

$$\varepsilon = \frac{\beta}{2\sqrt{\alpha}} = \frac{0{,}0018}{2\sqrt{0{,}00002}} = 0{,}201; \quad (5)$$

Жүктеме бұрышы:

$$\varphi = \arcsin\sqrt{1-\varepsilon^2} = \arcsin\sqrt{1-0.201^2} = 78{,}4°. \quad (6)$$

Онда өтпелі процесс графигінің аналитикалық сипаты қатыстық бірлікте мына түрде болады [2]:

$$\omega^*(t) = 1 - \frac{1}{\sin\varphi} e^{-\varepsilon\cdot\Omega t} \sin(\sqrt{1-\varepsilon^2}\,\Omega t + \varphi) = 1 - 1{,}021\cdot e^{-46{,}32t}\cdot\sin(219.04t + 78{,}4°).$$



2-сурет. Аналитикалық түрде алынған қатыстық бірліктегі жылдамдық үшін өтпелу процесс графигі

Ортақ сумматорлы сұлба бойынша тұйықталған жүйенің құрылымдық сұлбасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Ортақ сумматор мен тұйық жүйенің құрылымдық сұлбасы

Ортақ сумматорлы сұлбасы үшін тұйықталған жүйенің өтпелі процессі 4,5 – суреттерде көрсетілген:



4-сурет. Ортақ сумматорлы сұлба үшін тұйықталған жүйенің жылдамдық бойынша өтпелі процессі



5-сурет. Ортақ сумматорлы сұлба үшін тұйықталған жүйенің тоқ бойынша өтпелі процессі

Ортақ сумматорлы сұлба үшін тұйықталған жүйенің статикалық сипаттамасы келесі түрде болады (6 – сурет):



6-сурет. Ортақ сумматорлы сұлба үшін тұйықталған жүйенің статикалық сипаттамасы

ӘДЕБИЕТ

1. Адамбаев М.Д. Определение динамической структуры и параметров промышленных объектов управления. Монография. – Алматы: «TST-Company» , 2010, 258 с;

2. Адамбаев М.Д. Теория автоматического управления. Методы идентификации промышленных объектов управления. Учебное пособие. – Алматы: КазНТУ, 2004, 180 с;

3. Адамбаев М. Д. Теория и практика технического эксперимента в электроэнергетике. Учебник. – Алматы: КазНТУ, 2013, 237 с

LITERATURE

4. Adambaev M.D. Opredelenie dinamicheskoi struktury i parametrov promishlennih objektov upravleniya. Monographiya. – Almaty: «TST – Company», 2010, 258 s.

5. Adambaev M.D. Teoriya avtomaticheskogo upravleniya. Metody identifikacii promishlennih objektov upravleniya. Uchebnoe posobie. – Almaty: KazNTU, 2004, 180 s.

6. Adambaev M.D. Teoriya i praktika technicheskogo eksperimenta v electroenergetike. Uchebnik. – Almaty: KazNTU, 2013, 237 s.

М.С. Дюсенбеков, М.Д. Адамбаев

Определение устойчивости системы электропривода

Резюме: приведены результаты исследований устойчивости системы подчиненного регулирования электроприводом. Получено аналитическое выражение изменения выходной велечины на базе использования второй теоремы разложения Карсона-Хевисайда. Система исследования на ее электронной модели с получением переходных процессы.

Ключевые слова: структурная схема, замкнутая система, критерии устойчивости, электронная модель, переходные характеристики.

M.S. Duisenbekov, M. D. Adambaev

Determination of the stability of the electric system

Summary: The results of studies of the stability of the slave electric control . An analytical expression changes velechiny output based on the use of the second expansion theorem Carson - Heaviside . System study its electronic model to produce a transient.

Keywords: block diagram , a closed system , stability criteria , the electronic model, the transient response.

УДК 62-53

Ермекова М.Б., Адамбаев М.Д.
Казахский национальный исследовательский технический университет
имени К.И. Сатпаева
г.Алматы, Республика Казахстан,
adambaev_m@mail.ru

МЕТОДЫ ИДЕНТИФИКАЦИИ КОЛЕБАТЕЛЬНЫХ САР

Аннотация: Рассмотрены основные положения теории идентификации. Рассмотрены методы идентификации систем регулирования на базе данных коэффициентов затухание и частоты колебании, а также информационных автоколебаний.

Ключевые слова: идентификация, самонастройка систем, колебательные режимы, коэффициент затухания, колебания, автоколебания.

В настоящее время в технической кибернетике бурно развиваются теория и практика идентификации систем. Вызвано это не только широким внедрением принципов самонастройки в автоматизированное производство, но и все более интенсивным использованием методов и устройств идентификации при организации испытаний и контроля автоматических или автоматизированных систем. Одной из основных задач построения систем идентификации являются выбор и разработка их функциональных устройств. К настоящему времени разработан целый ряд функциональных устройств систем идентификации. Эти устройства описаны в журнальных статьях и книгах, посвященных как правило, самонастраивающимся системам.

Как известно, при решении задач самонастройки некоторых САР требуется определять их структуру, параметры, какие-то показатели качества и т. п., т. е. требуется определять оценки их действительных математических моделей или операторов, которыми описываются САР. При этом под оператором понимается совокупность математических и логических действий, в результате которых заданной входной функции САР ставится в соответствие ее выходная функция. Подобные задачи встают и при проведении испытаний или контроля САР, когда требуется также получить информацию об их структуре, параметрах, характеристиках и т. п. При этом точность получаемых оценок моделей должна обеспечивать принятие обоснованных решений относительно настроек САР, их дальнейшего совершенствования или использования.

Идентификация САР может осуществляться как в классе линейных математических моделей (операторов), так и в классе нелинейных математических моделей.

Выбор метода идентификации в каждом конкретном случае определяется целью идентификации, объемом априорной информации, затратами времени, возможностями проведения активного эксперимента и технических устройств, реализующих выбранные методы, требуемой точностью идентификации и другими соображениями.

Измерение параметров временных характеристик САР (затухания, частоты, амплитуды колебаний) с последующим вычислением по априори известным зависимостям подлежащих идентификации параметров в принципе позволяет осуществлять оперативную идентификацию САР (время получения информации о параметрах САР в данном случае может быть порядка одного периода колебаний в системе).

Существует значительный класс линейных и нелинейных САР, в которых переходный процесс в основном определяется доминирующей парой комплексных корней характеристического уравнения системы

$$P_{1,2} = \alpha \pm j\omega, \tag{1}$$

где а — показатель затухания (степень устойчивости), ω—частота собственных колебаний.

В таком случае, очевидно, переходный процесс в САР носит колебательный характер, и в целом она с достаточной для практики точностью может быть описана дифференциальным уравнением колебательного звена второго порядка. Тогда справедливо следующее приближенное характеристическое уравнение:

$$(P - P_1)(P - P_2) = 0. \tag{2}$$

После подстановки P_1 и P_2 значений получаем:

$$P^2 - 2ap + a^2 + \omega^2 = 0 \tag{3}$$

В данных уравнениях α и ω являются функциями параметров системы. Вид этих функций определяется положением рабочей точки внутри области устойчивости (неустойчивости (неустойчивости) в пространстве параметров системы и известен априори. Если в процессе испытаний или нормальной эксплуатации системы измеряются α и ω то тем самым косвенно измеряются и параметры системы. Иначе говоря, в данном случае идентификация параметров САР в интересах испытаний или самонастройки может осуществляться посредством измерения величин α и ω.

Обычно для удобства идентификации заранее в плоскости идентифицируемых параметров САР, например Ki и Kj строится сетка линий равных частот (ω = const) и коэффициентов затухания (α = const).

В таком случае, если измерены частота и показатель затухания, то значения параметров САР K_{i3} и K_{j3} определяются на основе простейших геометрических построений. Обычно в качестве идентифицируемых параметров САР выбирают такие параметры, уходы которых наиболее вероятны и критичны в отношении ее нормального функционирования.

Если заранее известно, что САР является статической по отношению к какому-либо регулируемому параметру, то при условии действия на нее постоянных возмущений постоянный (медленно меняющийся) сигнал в системе может служить мерой возмущений. Очевидно, что основными функциональными элементами (устройствами) рассматриваемой системы идентификации могут быть анализаторы затухания, частоты и постоянной составляющей. Под указанными анализаторами обычно понимают устройства, реализующие тот или иной метод определения коэффициентов затухания, частоты и постоянной составляющей. В принципе анализаторы могут выдавать не абсолютные значения измеряемых величин, а их отклонения от заданных (эталонных) значений[1].



Рис. 1. Система идентификации

Помимо анализаторов система идентификации должна включать в себя фильтр (обычно полосовой) для выделения из общего сложного сигнала составляющей, соответствующей доминирующим колебаниям собственного движения системы, а также вычислительное устройство, которое на основе априори известных зависимостей по сигналам анализаторов формирует сигналы, пропорциональные идентифицируемым параметрам САР и возмущениям, действующим на нее.

Структурная схема такой системы идентификации показана на рис. 1, где обозначены: x(t)—общий сложный сигнал САР, x*(t)—доминирующая составляющая сигнала, соответствующая собственному движению САР, x0(t)—медленно меняющаяся составляющая сигнала x(t), ПФ — полосовой фильтр, АЗ — анализатор затухания, АЧ— анализатор частоты, АПС — анализатор постоянной (медленно меняющейся) составляющей, ВУ— выдающее (вычислительное) устройство, $\alpha_{зад}, \omega_{зад}, x_{0зад}$— заданные значения показателя затухания, частоты и постоянной составляющей соответственно, $\Delta\alpha, \Delta\omega, \Delta x_0$— отклонения показателя затухания, частоты и постоянной составляющей от их заданных значений соответственно, fi — идентифицируемое возмущение.

Указанная идентификация САР может осуществляться на этапах либо испытаний, либо контроля, либо самонастройки, либо подстройки САР.

Сущность метода информационных автоколебаний состоит в том, что в подлежащей идентификации САР возбуждаются так называемые информационные автоколебания. При этом параметры информационных автоколебаний в системе (амплитуда3. Идентификация САР методом информационных автоколебаний Сущность метода информационных автоколебаний состоит в том, что в подлежащей идентификации САР возбуждаются так называемые информационные автоколебания. При этом параметры информационных автоколебаний в системе (амплитуда и частота Q) должны быть желаемым образом связаны с идентифицируемыми параметрами САР. Как показывают исследования, требуемый характер зависимости между параметрами автоколебаний и параметрами системы определяется выбором типа нелинейности САР и места ее включения в системе.

А и частота должны быть желаемым образом связаны с идентифицируемыми параметрами САР. Как показывают исследования, требуемый характер зависимости между параметрами автоколебаний и параметрами системы определяется выбором типа нелинейности САР и места ее включения в системе.

Следует заметить, что в ряде случаев в идентифицируемых САР введение искусственных нелинейностей не требуется, ибо существующие естественные нелинейности САР обеспечивают возбуждение в них желаемых автоколебательных режимов. При условии существования в САР указанных информационных автоколебаний в дальнейшем процесс идентификации заключается в измерении амплитуды и частоты автоколебаний, что, по существу, является косвенным измерением требуемых параметров САР. В принципе измерители (анализаторы) . параметров автоколебаний могут выдавать не их абсолютные значения, а отклонения от заданных значений. Обычно для удобства идентификации заранее в плоскости идентифицируемых параметров САР, например K_{i3}и K_{j3}, строится сетка линий равных частот и амплитуд автоколебаний. В таком случае, если измерены параметры автоколебаний, то значения параметров САР K_{i3}и K_{j3} определяются также на основе простейших геометрических построений[2].

Одним из главных требований к информационным автоколебаниям, помимо указанных, является требование того, чтобы они не оказывали существенного влияния на основное движение САР. Это, естественно, усложняет синтез требуемой автоколебательной САР. Синтез рассматриваемых автоколебательных САР удобнее всего проводить на основе использования метода гармонической линеаризации Е. П. Попова.

В некоторых САР, идентифицируемых методом информационных автоколебаний, оказывается, что в определенных условиях медленно меняющаяся (постоянная) составляющая общего сигнала является мерой либо возмущений, действующих на систему, либо несимметрии ее нелинейных характеристик. В таком случае в САР целесообразно анализировать и постоянную составляющую.

Из сказанного ясно, что основными устройствами системы идентификации, реализующей указанный метод, являются:

устройство для выделения сигнала информационных автоколебаний из общего сигнала в САР. В качестве такого устройства в системах идентификации чаще всего используются полосовые фильтры;

устройства для анализа амплитуды и частоты автоколебаний, а также постоянной составляющей сигнала — анализаторы амплитуды, частоты и постоянной составляющей;

Следует заметить, что построение сложных алгоритмов работы анализаторов упрощается, если априори известен характер возможного сигнала в системе.

ЛИТЕРАТУРА

1. Райбман Н. С. Что такое идентификация? М., «Наука», 1970. 120 с. с ил.

2. Марков С. И., Юсупов Р. М. Функциональные устройства простейших беспоисковых самонастраивающихся систем. Л., «Энергия», 1970. 102 с. с ил.

REFERENCES

1. Raybman NS What is identity ? "Nauka " , 1970. 120 p. with silt.

2. Markov SI , Yusupov RM Functional device simplest be adaptive systems . L., "Energy", 1970. 102 p. with silt.

Ермекова М.Б., Адамбаев М.Д.

Түйіндеме: Сәйкестендіру теориясының негізгі жағдайы қарастырылды. Сәйкестендіру жүйесінің реттегіш сөндіру коэффициенті және жиілік тербелісі, автотербеліс және сәйкестендіру әдісі қаралды.

Түйін сөздер: сәйкестендіру, өзіндік жүктеу жүйесі, тербеліс режимі, сөндіру коэффициенті, тербеліс, автотербеліс.

Sammary: The main provisions of the identification theory. The methods of identifying regulatory systems on the basis of the data and the attenuation coefficient of the oscillation frequency, as well as information of oscillation.

Keywords: identification, self-tuning systems, vibrational modes, damping coefficient fluctuations, self-oscillation.

ЖОК [622.3.002.5-83-52](0.75.8)

Әбдіғалам Ә., Адамбаев М.Д.
Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы, adambaev_m@mail.ru

БАСТЫ ЖЕЛДЕТКІШ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫНЫҢ ЭЛЕКТРЖЕТЕКТЕРІНІҢ ЭНЕРГОЭФФЕКТИВТІЛІГІНІҢ АНАЛИЗІ

Түйіндеме. Жұмыста шахталардың және кеніштердің негізгі желдеткіш қондырғыларының өнімділігін реттеудің әртүрлі тәсілдерінің энергия тиімділігін талдау берілген. Осы қондырғылар үшін электржетектердің энергиялық тиімді жүйелерін таңдау бойынша ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: негізгі желдеткіш қондырғылар, желдеткіш желісі , реттелетін электржетектер, энергия тиімділік.

Негізгі желдетудің кен желдеткіш құрылғысының жүктемесі желдеткіштің жұмысының нәтижесінде жұмысшылардың қалыпты жұмысына қажетті үздіксіз ауа алмасу болатын тармақталған тау кендері болып табылады. Шахталардың желдеткіші үшін ауа шығыны әр нақты жағдай үшін әр түрлі және жүргізілетін тау жұмыстарының түріне тәуелді. Қазіргі кезде ірі кен шахталарында негізгі желдеткіштің қосынды өніміділігі 1000 $м^3/с$ жетеді. Шахаталардың эксплуатациясында тау жұмыстарының деңгейін төмендететін желдету үшін қажетті ауа шығыны өзгермей немесе шахтаның жылдық өнімділігінің және тау породасының терең жерлерді өңдеуге өткен кезде температурасының жоғарылауынан біршама өзгеруі мүмкін. Тау жұмыстарының қарқындылық деңгейі артатын өңдеу тереңдігінің артуының белгілі тенденциясы желдеткіштің орнатылған қуатының ары қарай артуына себеп болады. Қуатының үлкендігі және үздіксіз жұмыс істеу нәтижесінен желдеткіш қондырғылары энергияны көп тұтынады. Осыған байланысты олардың тиімді жұмыстары маңызды болып табылады, яғни желдету көрсеткіштерін жақсартумен қатар олардың жұмысының экономикалық көрсеткішін жақсарту мәселесі де шешілуі керек.

Темір кен бассейндерінің – Криворожск – шахтасының желдеткіш режимдерін зерттеу желдеткіш қондырғыларының көпшілігінің статикалық ПӘК рұқсат етілген нормадан айтарлықтай төмен екендігін көрсетті.

Осылайша, Кривбасс шахтасының желдеткіш қондырғыларын зерттеу статикалық ПӘК бойынша желдеткіштің үлестірілуінің төменде келтірілген көрінісін береді [1]:

1-Кесте

Статикалық ПӘК	.....	0,1 – 0,3	0,3 – 0,4	0,4 – 0,5	0,5 – 0,6	0,6 – 0,7
Желдеткіштердің саны, %	.....	5,6	5,6	33,3	33,3	22,2

Осылайша, тек 22,2% желдеткіштер экономикалық қолдану аумағында жұмыс істейді, қалған желдеткіштерде ПӘК рұқсат етілген нормадан біршама төмен. Сонымен бірге бассейннің желдеткіш қондырғыларының қозғалтқышының орнатылған қорытынды қуаты 40 мың.кВ·А асатындығын атап өту керек.

Көрсетілген жағдай қозғалтқыш қуатына тәуелсіз қондырғыларда орын алады. Осылайша, қозғалтқышының қуаты 3,5 мың. кВт болатын ВРЦД-4,5 қуатты желдеткішінің эксплуатация тәжірибесі қондырғының статикалық ПӘК бірқатар жыл бойы 0,473 тең болғандығын көрсетті, ал оның жобалық шамасы 0,8 тең болған.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтен көріп отырғанымыздай, Кривбасс шахтасының НЖҚ көпшілігінің ПӘК нақты мәні жобалық мәнінен айтарлықтай төмен. Қуаттың нақты меншікті мәні таутехникалық кен жағдайлары үшін оның рұқсат етілген мәніне 1,5 – 2 есе артық болады, ал негізгі жел-

деткіш жетегінің электрэнергиясын қолдануының жалпы құны шамамен жылына 2500 теңге., ал барлық желдеткіш қондырғыларының жылдық электрэнергия шығыны жылына 10500 теңге .

Басқа елдердің кеніштерінің негізгі желдеткіш шахталық желдеткіш құрылғыларының жұмысын талдау көптеген кәсіпорындарда электрэнергиясының артық шығындалуы орын алатындығын көрсетеді, бұл факт еліміздің тау-кен шахталарының және көмір бассейндерінің желдеткіш қондырғылары дұрыс эксплуатацияланбайтындығына дәлел болады. Бұл көптеген желдеткіштердің тиімді жұмыс аумақтарында эксплуатациялануымен түсіндіріледі, яғни желдеткіштердің жұмыс режимі жобаларда анықталған желдеткіш желісінің параметрлеріне сәйкес келмейді. Желдеткіш сипаттамаларының және сыртқы желілердің сәйкессіздігі келесі себептермен түсіндіріледі: шахтаның желдеткіш бағыттарының эквиваленті саңылауының нақты мәнінің олардың жобалық мәніне сәйкессізідігімен; бұзылған аумақ бетінен және негізгі желдеткіш қондырғыларының шахта үстіндегі жабдықтарынан көп ауаның шығарылуы; айналу жылдамдығы реттелінбейтін қозғалтқышты желдеткіш қондырғыларының жабдығымен және осьтік бағыттаушы аппарттардың немесе жұмыс дөңгелегінің қалақшаларын орнату бұрышының өзегруінің көмегімен жұмыс режимінің таңдалуы; желдеткіш қондырғысының жұмыс параметрлерін үздіксіз бақылаудың болмауы, оның салдарынан желдеткіш ұзақ уақыт бойы экономикалық қолдану аумағынан тыс жұмыс істейді.

Шаң, газдың көп бөлінуін тудыратын жарылыс жұмыстарын кең қолданатын жүйелердің жетілдірілуі НЖҚ мүмкін режимдеріне қосымша талаптар қояды. Қосымша талаптар еңбектің өнімділігін арттырудың маңызды қорының бірі болып табылатын тазалау орындарын желдету қарқындылығын арттырумен байланысты. Газ шахталары үшін реттеудің тәуліктік тереңдігі екі реттік шамаға, ал көп жарылысты қолданатын кеніштер үшін – үш реттік шамаға жетуі мүмкін.

НЖҚ өнімділігінің өзегруінің қажетті аралығын дұрыс анықтау үшін өнімділікті реттеу құрылғысын орнату қажеттілігін талап ететін негізгі себептерге талдау жүргізу керек:

1) қоршаған орта температурасының маусымдық өзеруі. Қоршаған орта ауасының қысымы салыстырмалы түрде кішкентай аралықта өнімділікті реттеуді талап етеді. Өнімділікті реттеу диапазоны есептіктің 10 - 15% аралығында жатады. Бұл реттеу уақыт бойынша баяу өзгеретін класқа жатады;

2) жұмыс фронтының дамуымен пайда болатын өнімділікті реттеу. Шахтаны эксплуатациялау барысында желдеткіш құрылғысының өнімділігі кенді қарқынды өңдеу кезіне қарағанда 1,5 – 2 есе біртіндеп артады;

3) тау жұмыстарының тәуліктік ырғағының өзгеруінен туындайтын өнімділікті реттеу (ауысымның соңында болатын жарылыс жұмыстары өнімділікті реттеуді 15 - 20% артыруды талап етеді);

4) мейрам және демалыс күндеріндерінде болатын өімділікті реттеу. Бұл жағдайда өнімділік жұмыс күнінің 30 – 50% құрау керек;

5) қарқынды желдетуді талап ететін үлкен жарылыстар. Бұл жерде өнімділік қарапайым желдету режимімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болуы керек.

Осылайша, үлкен жарылыстан кейін желдетуді қарқындандыру бойынша қосымша шараларды ескере отырып желдеткіштің өнімділігін реттеудің негізгі диапазоны 2:1 деп есептеуге болады.

Желдеткішті реттеу тәсілін таңдау оның тиімділігін, қарапайымдылығын және ыңғайлылығын ескере отырып жүргізілуі қажет. Қазіргі кезде желдеткіш құрылғыларын таңдаудың әр түрлі тәсілдері бар, олардың негізгілері келесілер: дроссельдік реттеу; бағыттаушы аппараттармен реттеу (бұрылу қалақшалармен); желдеткіш білігінің айналу санын азайту арқылы реттеу.

Желдеткіштің өнімділігін дроссельдеу арқылы реттеу бұрылу жапқыш, жаллюзий торлары және ысырма түрінде жүзеге асырылады. Ысырмаларды жүргізу есебінен ағынның өзгеруімен анықталатын ысырмалардағы шығындар реттеу тереңдігі артқанда бірден артады, бұл қондырғының ПӘК айтарлықтай төмендеуіне алып келеді. Осылайша, ысырмалармен реттеу тиімсіз және тек қуаты аз қондырғыларда аз диапазонда және реттеу бірқалыпты жүргізілетін жағдайда қолданылады.

Осьтік бағдарлаушы аппараттың көмегімен өнімділікті реттеу қазіргі кезде әсіресе қуаты үлкен қондырғыларда көп қолданылады. Дроссельдеумен салыстырғанда реттеу өнімділігінің кішкентай диапазонында (номиналдының 75% дейін) бағыттаушы аппараттар тұтынатын энергия және ПӘК қатынасында жақсы нәтиже береді. Реттеу тереңдігі ұлғайғанда бағыттаушы аппараттардың тиімділігі дроссельдік реттеуге жақындап төмендейді [2.3].



1 сурет. Өнімділікті әр түрлі реттеу тәсілдерінде желдеткіш жетегінің тұтынатын қуат қисықтары:
1 – дроссельдік; 2 – бағыттаушы аппаратпен; 3 – сырғанау муфталарымен; 4 – асинхронды қозғалтқышпен реостатты басқару; 5 – асинхронды қозғалтқышты каскадты қосу схемасында реттеу

1 суретте желдеткіш құрылғыларын әртүрлі тәсілдермен реттеудің тиімділілігін сипаттайтын қисықтар келтірілген.

Қисықтарды талдау негізгі желдетудің желдеткіш құрылғыларының өнімділігін реттеудің ең тиімді тәсілі айналу жылдамдығын өзгерту арқылы, ал тиімділігі ең төменгісі – дроссельдік реттеу екендігін көрсетеді.

Отандық және шет елдік авторлардың көптеген зерттеулері жылдамдықты реттеуге арналған құрылғы қуаты өндірістік механизмнің тек бір бөлігін ғана құрайтын жақсы қасиетке ие асинхронды қозғалтқыштарды қосатын каскадты схемалардың турбомеханизмдерін қолдану дұрыс екендігін көрсетеді [4]. Бұл кезде ең жақсы көрсеткішке заманауи статикалық тиристорларлы қуат түрлендіргіштеріне – асинхронды вентильдік каскадтар ие.

Жоғарыда негізгі жұмыс режимі өнімділігі төмендетілген (немесе жобалық мәнге тең) режим екендігі айтылған.

Шахтаны ірі жарылыстардан кейін желдетудің өзінің артықшылықтары бар және олар жүзеге асырылуы мүмкін:

а) талап етілетін өніміділік салыстырмалы түрде аз болғанда, тау жұмыстарының фронтының дамуының басында, күшейтілген режим желдеткіштің қозғалтқышы эквивалентті саңылау үлкен болғанда максимум жылдамдыққа ауыстырғанда жүзеге асырылуы мүмкін;

б) жұмыс фронты дамыған болғанда (жобалық өнімділікте), қозғалтқыш максимум жылдамдықпен жұмыс істеген кезде, ал режимді күшейту қозғалтқышты жоғары синхронды жылдамдыққа ауыстырумен жүргізілуі мүмкін. Мұндай режим бір жағынан тиімсіз болуы мүмкін, себебі желдеткіштер жұмыс дөңгелегінің қалақшаларының белгілі бір сызықтық жылдамдығымен ғана қозғалады, ал екінші жағынан – жоғары синхронды режим қозғалтқыштың ток бойынша артық жүктелуіне алып келеді. Осының нәтижесінен жылдамдықты екі аумақты реттейтін вентильді каскадты қолдану тек аталған факторлар болмаған жағдайда мүмкін болады;

в) желдеткіштерді параллель жұмысқа ауыстыру арқылы (желдеткіш қондырғысы әдетте екі желдеткішпен жабдықталады).

ӘДЕБИЕТ

1. Малиновский А.К. Автоматизированный электропривод машин и установок шахт и рудников: Учебник для вузов. – М: Недра,1987. 277 с.

2. Адамбаев М.Д. Определение динамической структуры и параметров промышленных обьектов управления:монография.-Алматы:"TST – Company" 2010, с 258.

3. Адамбаев М.Д. Теория и практика технического эксперимента в электро -энергетике.Учебник. – Алматы: КазНТУ, 2013 237 с.

REFERENCES

1. Malinovski A. K. Avtomatizirovanni elektroprivod mashin i ustanovok shaht i rudnikov: ushebnik dlia vuzov. – M: Nedra, 1987. 277 s

2. Adambaev M.D. Opredelenie dinamicheskoi struktury i parametrov promishlennih objektov upravleniya. Monographiya. – Almaty: «TST – Company», 2010, 258 s.

3. Adambaev M.D. Teoriya i praktika technicheskogo eksperimenta v electroenergetike. Uchebnik. – Almaty: KazNTU, 2013, 237 s.

Ә.Әбдіғалам, М.Д.Адамбаев

Анализ энергоэффективности электрических основных вентиляционных сооружений

Резюме. В работе дан анализ энергоэффективности различных способов регулирования проиводителнолсты главных винтиляторных установок шахт и рудников. Даны рекомендации по выбору энергоэффективных систем электроприводы для этих установок.

Ключевые слова: Главные вентиляторные установки, вентиляционная сеть, электроприводы регулирумые, энергоэффективность.

A.Abdigalam, M.D.Adambaev

Analysis of electric energy major ventilation facilities

Abstract: This paper analyzes the energy efficiency of different ways to control the main proivoditelnolsty vintilyatornyh plants mines .This rekomendasii on choosing energy efficient electric drive systems for these plants.

Key words: Major fan installation, ventilation network, electric regulirumye, energy efficiency

ӘОЖ 621. 22-111: 621. 22-15: 621. 224. 16

Әуелбекова Ә., Бекбаев А.Б., Мұңсызбай Т.М., Кәдірбай Қ., Мырзатаев А.
Қ. И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: myrzataev.aidos@mail.ru, toleuhan_aidar@mail.ru

СУДЫҢ ҚҰЛАУ ЭНЕРГИЯСЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛЫ

Аңдатпа. Бұл статьяда тиімділігі жоғары су турбинасы зерттелді. Екі қарама-қарсы бағытта айналатын турбиналардың судың энергиясын механикалық энергияға түрлендіру жолы көрсетілген. Осы ұсынылып отырған турбинаның қолданыстағы турбиналардан өзгешелігі баяндалған.

Түйінді сөздер: су бағыттағыш, су турбинасы, қалақша, иірім энергиясы.

Энергетикалық жүйенің үлкен бір саласы саналатын су электр станциялары бүгінге дейін толықтай дәстүрлі бағытта жұмыс істеп келеді. Мұндағы ең үлкен кемшілік судың мол энергиясын толық пайдалана алмауда және оны ескермеуде болып отыр. Яғни, судың қозғалыс энергиясы мен құлау энергиясын пайдаланып келеміз. Ол үшін алып су қоймалары салынып, су бастайтын үлкен каналдар қазылып жатады және оған мол қаржы жұмсалады да, ал сол қаржыны ақтау үшін көп уақыт керек. Сонымен бірге, суды тізгіндеудің салдарынан экологиялық жүйенің бұзылуы көрініс беруде (өзендер суының азаюы, көлдердің тартылуы, атыздардың құрғауы және климаттың нашарлауы сияқты).

Осындай келеңсіз жағдайларға талдау жасай келе, су энергиясын қоршаған ортаға кері әсерін тигізбей, мол қаржыны шығындамай, құрылысқа кететін уақытты ұзартпай-ақ тиімді пайдалануға мүмкіндік мол екенін айтуға болады. Негізінен, су шығындары су бастайтын каналдар мен су қоймаларының жоғарғы және төменгі бьефтері арасында көп болады [1]. Осы шығындарды азайту мақсатында судың үзіліссіздігін, сығылмауын және иірім тудыратын қасиеттерін пайдалануға болады [2].

Қайтымды энергия көзі ретінде судың қозғалыс және салмақ күші энергиясын тиімді пайдалану жолдары қарастырылады. Осыған байланысты «Су электр станциясының турбинасын зерттеу» [3] статьясында су энергиясының қуатын есептеу жолдары келтірілген. Тік білікті турбинада су иірімінің пайдалы қуатын есептеу және иірім тудыратын су бағыттағыштар мен жұмыс қалақтары зерттеледі. Турбина судың салмақ күші және су бағыттағыштары тудыратын су иірімінің максималды кинетикалық энергиясы арқылы жұмыс істейді.

Бағыттағыштар арқылы бірінші турбинаның жұмыс доңғалағы қалақтарына берілетін су энергиясының қуаты, *кВт*

$$P_{T1.бер} = F_1 \cdot U_{ир} \tag{1}$$

$$P_{T1.бер} = F_1 \cdot v_1 \cdot \cos\alpha_x . \tag{2}$$

2-ші формуладағы бұрыш α_x төмендегідей болады

$$\alpha_x = \alpha_0 - \alpha_1,$$
$$\alpha_1 = 90^0 - \alpha_0,$$
$$\alpha_x = \alpha_0 - (90^0 - \alpha_0),$$
$$\alpha_x = 2\alpha_0 - 90^0. \tag{3}$$

3-ші формуланы 2-ге қойсақ, шығатыны

$$P_{T1.бер} = F_1 \cdot v_1 \cdot \cos(2\alpha_0 - 90^0) . \tag{4}$$

4-ші формуланы туындылап және нөлге теңестірсек шығатыны

$$\frac{dP_{T1.бер}}{d\alpha_0} = -2F_1 \cdot v_1 \cdot \sin(2\alpha_0 - 90^0) = 0 . \tag{5}$$

Одан бағыттағыштың орналасу бұрышы α_0 - ді табуға болады

$$2\alpha_0 - 90^0 = 0,$$
$$\alpha_0 = 45^0.$$

1-ші суретте көрсетілгендей, α_0 - дің мәнін 3-ші формулаға қойсақ, $\alpha_x = 0$ болады.

Бағыттағыштың орналасу бұрышы $\alpha_0 = 45^0$ кезінде, оған ұрылатын судың ағын энергиясы толықтай судың ірім энергиясына айналып, турбинаның жұмыс қалақтарына әсер етеді. Горизонтал жазықтыққа 45^0 бұрыш жасап орналасқан бағыттағышқа жоғарыдан құлаған ағынның бағыты бағыттағышпен өзара 45^0 бұрыш жасайтындықтан, ағынның бағыттағыштан ауытқу бұрышы да 45^0-ті түзеді. 1-ші суретте көрсетілгендей, $\alpha_0 = \alpha_1$ болады. Осыған байланысты, бұл бағыттағыш ең тиімді саналады [3].



1-сурет Су бағыттағыш тудырған ірімнің бұрышы

Турбинаның жұмыс қалақтарында турбина өсіне (немесе горизонтал жазықтыққа) 45^0 бұрышпен орналастырсақ, бағыттағыштан ауытқыған ағын жұмыс қалақтарына 90^0 бұрышпен әсер етеді.Турбинаның жұмыс қалақтарын судың салмақ күші мен ірім энергиясы бірдей айналдыра бастайды 2-ші суретте көсетілген [3].

Турбиналардың су бағыттағыштары мен жұмыс қалақтарын жобалауда негізінен иірім энергиясының туылуына баса назар аударылады. Сол зерттеудің негізінде бағыттағыштың орналасу бұрышы $\alpha_0 = 45^\circ$ кезінде, оған ұрылатын судың ағын энергиясы толықтай судың иірім энергиясына айналып, турбинаның жұмыс қалақтарына әсер етеді [4].



2-сурет. Қалақтың орналасу бұрышы және жылдамдықтың әсері

2-ші суретте бірінші турбинаның жұмыс қалағының орналасу бұрышы және оған су энергиясының қозғалыс жылдамдығының әсері бейнеленген. Бұл суретте $\vec{v}_{up1}$ - бағыттағыштан турбинаның жұмыс қалағына берілетін судың иірім энергиясының қозғалыс жылдамдығы; $\vec{\omega}_д$ - су энергиясы қозғалысының жұмыс қалағының қозғалысына бағыттас дөңгелеу жылдамдығы; $\vec{v}_{ш2}$ - су энергиясы қозғалысының шартсыз жылдамдығы; $\vec{v}_{c2}$ - су энергиясы қозғалысының салыстырмалы жылдамдығы қатарлыларға жіктелетіні көрсетілген.

Екінші турбинаның су бағыттағышы мен жұмыс қалағының қалағын құрастыру. Бірінші турбинаның жұмыс қалағының айналдырып шыққан су энергиясы екінші су турбинасының бағыттағыштарына беріледі де, онда қайта иірім энергиясы туылады. Мұнда екінші турбинаның бағыттағышы мен бірінші турбинаның жұмыс қалағының бағыты бірдей, ал бірінші турбинаның бағыттағышына қарама - қарсы орнатылған. Сол себептен, ол тудырған иірім энергиясының қозғалыс бағытыда бірінші турбинаның бағыттағышы тудырған иірім энергиясының қозғалыс бағытына қарама - қарсы болады. Екі турбина қарама - қарсы айналу үшін, жұмыс қалақтарының орналасу бағытыда қарама - қарсы болуын талап етеді. Бірінші турбина солдан оңға қарай айналса, ал екінші турбина оңнан солға қарай айналады. Бірақ, екі турбинаныңда бағыттағыштары мен жұмыс қалақтарының орналасу бұрыштары бірдей. Сондықтан, түрлендіретін механикалық энергияларыда тең болады [4]. Екінші турбинаның бағыттағышы мен жұмыс қалағының орналасу бұрышы және оларға әсер ететін жылдамдықтардың жіктелуі 3-ші және 4-ші суреттерде көрсетілген.



3-сурет. Екінші турбинаның су бағыттағышының орналасуы мен тудырған иірімінің бұрышы

3-ші және 4-ші суреттерде де сәйкес $\vec{\omega}_{ир2}$ - бағыттағыштан турбинаның жұмыс доңғалағы қалағына берілетін судың иірім энергиясы қозғалысының жылдамдығы; $\vec{\omega}_д$ - су энергиясы қозғалысының жұмыс қалағының қозғалысына бағыттас дөңгелеу жылдамдығы; $\vec{v}_2$ - су энергиясы қозғалысының шартсыз жылдамдығы; $\vec{v}_{c2}$ - су энергиясы қозғалысының салыстырмалы жылдамдығы қатарлыларға жіктелетіні көрсетілген.



4-сурет. Екінші турбинаның жұмыс қалағының орналасуыжәне оған жылдамдықтың әсері

Бұл статьяда турбиналар судың салмақ күші мен иірім энергиясы тудыратын максималды кинетикалық энергия арқылы жұмыс істейтіндіктен, екінші турбинаның қуаты бірінші турбинаның қуатынан үлкендеу болады. Бірақ, мұнда судың бойылық шығыны мен бөлшек шығындарын ескере отырып, екі турбинаныңда қуаттары тең деп қабылданады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Обрезкого В.И., Гидроэнергетика. Санкт-Петербург 344 б.
2. Кингсел А.С., Локшин Г.Р., Ольхов О.А., учебник. В 2т. Основы физики. Курс общей физики 2001г., 560 б.
3. Қ. Кәдірбай. Су электр станциясының математикалық моделін зерттеу (дипломдық жұмыс). Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, 29 сәуір 2011 ж. 74 б.
4. Т.М. Мұңсызбай, Қ. Кәдірбай, Н. Әбдіш. Су электр станциясының турбинасын зерттеу (статья). «Жоғары технологиялар-тұрақты даму кепілі» Халықаралық ғылыми конференциясының еңбектері. Алматы, 25-27 мамыр 2011 ж. 355 б.

REFERENCES

1. Obrezkogo V.I., Hydropower. Sankt-Peterburg, 344 b.
2. Kingsel A.S., Lokshin G.R., Olhov O.A., uchebnik. B 2t. Osnovy fiziki. Kurs obwei fiziki 2001g, 560 b.
3. K. Kadirbai. su elektr stanciysynyn matematikalyk modelin zertteu (diplomdyk zhumys). Kazakhstan Respublikasy, Almaty k. 29 sauir 2011 zh. 74 b.
4. Munsyzbai T.M., Kadirbai K., Abdish N. Su elektr stanciyasynyn turbinasyn zertteu (statiya). Zhogary tehnologiyalar turakty damu kepili" Xalykaralyk gilimi konferenciyasynyn enbekteri. Almaty, 25-27 mamyr 2011g., 355 - 357 b.

А.Б. Бекбаев, Т.М. Мұңсызбай, Қ. Кәдірбай, А. Мырзатаев, Ә. Әуелбекова

Способ эффективного использования энергии падения воды

Резюме. В данной статье исследуется высоко эффективная гидротурбина. Приведены две противоположно вращающиеся турбины преобразующие энергию воды в механическую энергию. Приведены различия между данной гидротурбиной и действующими гидротурбинами.

Ключевые слова: направляющий воды, гидротурбина, лопасти, энергия завихрения.

A.B. Bekbaev, T.M. Mұңsyzbay, Қ .Kədirbay, A. Myrzatai, Ə.Əuelbekova

The way to effectively use the energy of falling water

Summary. his article explores a highly efficient turbine . Presents two counter-rotating turbines convert water energy into mechanical energy. Results of the differences between the water turbine and hydraulic turbines operating

Keywords: directing water, hydro turbine, blade, swirl energy.

ӘОЖ 621.31

Жантурин М., Муратбекова А.
Қ. И. Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
anaraa_muratbek@mail.ru

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІНДЕГІ ШЫҒЫНДАРДЫ БАҒАЛАУ

Аңдатпа. Электр энергиясын тарату кезінде электр энергия шығындары, сондай-ақ электр энергиясының есептеген кезде анықталатын жүйе қателіктері және электр энергиясын ұрлауға байланысты, электр энергиясының шығындары жатады. Бұл мақалада АҚ «ТАТЭК» аудандық электржелілік компаниясының электр энергиясының шығындарының анализі және 0,4 – 10 кВ электр беріліс желілеріндегі шығындарын азайту іс-шаралары көрсетілген.

Түйін сөздер: электр энергиясы , электр тарату компаниясы, техникалық шығындар, коммерциялық шығындар, құрамдас шығындар, электр энергияның кем есептелуі.

Қазақстан Республикасының электр желілері электр энергиясын беруге және (немесе) таратуға арналған, кернеуі 0,4–1150 кВ болатын қосалқы станциялар жиынтығын, тарату құрылғыларын және оларды өзара байланыстыратын электр беру желілерін білдіреді. Қазақстанның электр желілік шаруашылығының басты мәселесі негізгі құралдардың тозуы болып табылады.

Әсіресе 30-35 жылдан астам пайдалануда тұрған, кернеуі 110 кВ және одан төмен болатын қосалқы станция жабдығы және тарату желілері нашар күйде тұр. Елдің ауылдық электр желілік шаруашылығының жай-күйіндегі ең өкінішті жағдай: бір жерлерде желілер мен қосалқы станциялар жұмыс істемейді, ал кейбір жерде олар мүлдем жоқ [1].

Өңірлік электр желілік компаниясының бірі болып қызмет көрсету аймағының ауданы 118,5 мың кв.м, солтүстік-оңтүстік бағытының ұзындығы – 420 км, шығыс-батыс бағытының ұзындығы – 300 км болатын, Талдықорған өңірінің, Алматы облысының тұтынушыларына электр энергиясын беруді және таратуды жүзеге асырушы «ТАТЭК» АҚ табылады. Барлық электр беру желілерінің жалпы ұзақтығы 12627,31 км-ді құрайды. «Талдықорған акционерлік көлік-электр желілік компаниясы» АҚ желілерінің негізін кернеуі 0,4-110 кВ болатын әуе желілері және ПС-10/0,4 кВ қосалқы станциялары құрайды, бұл ретте желілер жабдығының физикалық тозуының орташа дәрежесі 70%-дан астам шаманы құрайды. 1967 жылы пайдалануға берілген, кернеуі 0,4 кВ әуе желісінің жеке аумағының тозуы 100%-ды құрайды.

Ескірген және тозған жабдықты пайдалану, оның үстіне энергия беруші компанияларға тәуелсіз оңтайлы емес режимде пайдалану осы жабдықта электр энергиясының едәуір технологиялық шығын шамасын тудырады. Электр желілеріндегі энергия шығынының өсуі сондай-ақ барлық энергетиканың тұтастай дамуындағы толық объективті заңдылықтар әрекетімен анықталған. Солардың ішіндегі негізгілері: ірі электр станцияларындағы электр энергиясының өндіріс концентрациясына тенденциясы; тұтынушылар жүктемесінің табиғи өсуіне және желінің өткізу қабілеттілігінің өсу қарқынының электр энергиясы мен генерациялаушы қуатты тұтынудың өсу қарқынынан артта қалуына байланысты электр желілері жүктемесінің үздіксіз өсуі болып табылады.

Елдегі нарықтық қатынастардың дамуына байланысты электр энергиясының шығыны мәселесінің маңыздылығы айтарлықтай өсті.

Есептер мен талдамалар көрсеткендей, электр энергиясының техникалық шығынының төмендеуінің негізгі нәтижесі техникамен қайта жарақтандыру есебінен, қайта құру, электр желілері жұмысының өткізу қабілеттілігі мен сенімділігінің артуы, олардың режимдерінің теңгерімділігі, яғни капиталсыйымды іс-шараларды енгізу есебінен алынуы мүмкін. Бұл іс-шаралар электр желілерінің 2030 жылға дейінгі мерзімге қарай Smart Grid технологиясы негізінде дамуы мен техникамен қайта жарақтандыру тұжырымдамасында (концепциясында) көрініс табуы мүмкін [2] .

Электр энергиясын беру кезінде электр желісінің әрбір элементінде шығындар пайда болады. Желінің әртүрлі элементіндегі шығындардың құраушыларын зерттеу және шығындарды төмендетуге бағытталған осы немесе өзге де іс-шараларды өткізу қажеттілігін бағалау үшін электр энергиясының шығыны құрылымының талдамасы орындалады.

Электр энергиясының нақты (есеп беру) шығындары $\Delta W_{есеп}$ желіге келіп түскен электр энергиясының және де тұтынушымен желіден босатылған электр энергиясының айырмасын анықтайды. Бұл шығындар әртүрлі текті құраушыларды: таза физикалық сипатқа ие желі элементіндегі шығындарды, қосалқы станцияларда орнатылған және электр энергиясының берілуін қамтамасыз ететін жабдық жұмысына жұмсалатын электр энергиясының шығындарын, электр энергиясын есепке алу құралдарымен белгілеу қателіктерін, және де электр энергиясын ұрлауды, есептегіш көрсеткіштеріндегі электр энергиясы үшін төлемеу немесе толық төлемеуді және т.с.с. қамтиды.

Шығындардың құраушыларға бөлінуі түрлі критерийлер бойынша жүргізілуі мүмкін: шығындар сипаты (тұрақты, айнымалы), кернеу кластары, элементтер тобы, өндірістік бөлімшелер және т.б. Олар нақты шығындардың физикалық табиғатын және сандық мәнін анықтау әдістерінің ерекшелігін ескере отырып төрт құраушыларға бөлінуі мүмкін [3]:

1) электр энергиясын электр желілері бойынша беру кезінде жүретін сымдар мен электр жабдығындағы физикалық процестермен негізделген электр энергиясының техникалық шығындары ΔWт;

2) қосалқы станциялардың жеке қажеттіліктер трансформаторында орнатылған есептегіш көрсеткіштері бойынша анықталатын қосалқы станциялардың технологиялық жабдығының жұмысын және қызмет көрсетуші персоналдың іс-әрекетін қамтамасыз етуге қажетті қосалқы станциялардың жеке қажеттіліктеріне ΔWжқ кететін электр энергиясының шығыны;

3) электр энергиясын өлшеудің аспаптық қателіктерімен (аспаптық шығындар) ΔWөлш негізделген электр энергиясының шығындары;

4) электр энергиясын ұрлаумен, тұрмыстық тұтынушылардың электр энергиясына төлеу кезіндегі есептегіш көрсеткіштерінің сәйкес еместігімен және де энергияны тұтынуды бақылауды ұйымдастыру аясындағы басқа да себептермен негізделген коммерциялық шығындар ΔWк:

$$\Delta W_к - \Delta W_{есеп} - \Delta W_т - \Delta W_{жқ} - \Delta W_{өлш}. \quad (1)$$

Алғашқы үш шығындар құрылымын құраушылар желілер бойынша электр энергиясын беруді және оның келуі мен жіберілуін аспаптық есепке алу процесінің технологиялық қажеттіліктерімен негізделген. Бұл құраушылардың жиынтығы технологиялық шығындар терминімен жақсы сипатталады. Төртінші құраушы – коммерциялық шығындар «адами фактор» әрекетін білдіреді және оның барлық көріністерін қамтиды: кейбір абоненттердің есептегіш көрсеткіштерін өзгерту арқылы электр энергиясын саналы түрде ұрлауды, есептегіш көрсеткіштері бойынша төлемеу немесе толық төлемеуді және т.с.с. Коммерциялық шығындар субъективті және техникалық факторлар салдарынан ЭЭ балансында көрініс табады. Энергияның электр желісіне жіберілуін анықтайтын электр есептегіш көрсеткіштерінің жазбалары әр айдың белгілі бір уақытында қатаң түрде жүргізілуі тиіс, ал пайдалы босатылған энергия абоненттердің осы уақыт кезеңінде төлеген шоттарының сомасы бойынша есептеледі. Бұл талаптың энергиямен жабдықтаушы ұйымдар тарапынан, сондай-ақ абоненттер тарапынан үнемі қатаң түрде орындалмайтыны белгілі. Осының салдарынан абоненттер алған ЭЭ мен энергия жүйесімен жіберілетін ЭЭ-ның бекітілген мәні арасындағы тепе-теңдік бұзылады. Коммерциялық шығындардың осы алғашқы құраушысын «кем есептеудің» уақытша құраушысы $\Delta W_{уақытша}$ деп те атауға болады.

Коммерциялық шығындардың екінші құраушысы $\Delta W_{ЭҰ}$ ЭЭ-ны ұрлауға байланысты.

Үшінші құраушы ЭЭ-ны есепке алу жүйесіне жатады және оның мүмкін болатын (толық немесе ішінара) тоқтатылуына, сондай-ақ оның қателіктеріне байланысты болады. Энергия объектілерінде орнатылатын ЭЭ-ны есепке алу жүйелері түрлендіргіштер жиынтығынан тұрады және токтың өлшеу трансформаторларын (ТТ), кернеудің өлшеу трансформаторларын (КТ), ЭЭ-ны есептегіштерді және мүмкін болатын есепке алу мәліметтерін жинау мен беру құрылғысын қамтиды. Осы барлық түрлендіргіштер мерзімдік тексерістермен расталуы тиіс болатын нормаланған метрологиялық сипаттарға ие. Коммерциялық шығындар қандай да бір аспаптармен өлшенуі мүмкін емес, бірақ есептелуі мүмкін. Олардың шамасы факторлардың көп мөлшеріне тәуелді болады, ал бағалау дәлдігі бірінші кезекте желіге жіберілген және тұтынылған электр энергиясын есепке алу дәлдігіне, сондай-ақ техникалық шығындарды есептеу дәлдігіне тәуелді болады.

ЭЭ шығындарын талдаудың негізгі түрі болып әрбір қосалқы станция, электр станциясы, желілік аймақ (ЖА), энергия аймағы, электр желілері кәсіпорындары және тұтастай энергия жүйесі бойынша ЭЭ-ның тепе-теңдігін құру табылады.

ЭЭ шығынын бағалауда неғұрлым толық ақпарат және есептеудің дәл әдістері қолданылған сайын, ЭЭ шығындарын талдау мен техникалық және нормативтен жоғары шығындарды бөлу соғұрлым нақты түрде жүзеге асады.

Кернеуі 0,4—10 кВ таратушы электр желілерінде ЭЭ шығындарын талдау кезінде энергиялық аймақтардың күрделі топологиясы мен осындай есептеулердің ақпаратпен нашар қамтамасыз етілуі үлкен қиындық тудырады. Кернеуі 0,4 кВ электр желілері әдеттегідей ғимараттарды енгізу құрылғысы болып табылатын, кернеуі 6—10/0,4 кВ таратушы трансформаторлардың 0,4 кВ радиал желілерін, байланыстырушы шиналарын білдіреді. ЭЭ шығындарын бағалау әртүрлі қималы электр беру желілерінің жиынтықты ұзындығы, мөлшері туралы және осы желілерге жіберілетін жиынтықты электр энергиясының мәні туралы мәліметтер арқылы жүзеге асады. ЭЭ шығындарын талдаудың соңғы мақсаты жоғары техникалық шығындары бар элементтерді және электр энергиясының нақты кем есептелген жерлерін анықтау болып табылады. Мұндай талдама екі әдіспен орындалуы мүмкін.

1) Есептік шығындардың техникалық және коммерциялық құраушыларға бөлінуі. Есептік шығындарды бөлу ЭЭ-ның техникалық шығындарының барлық құраушыларын есепке алатын арнайы есептеулерді және бастапқы ақпараттың, сондай-ақ пайдаланылатын есептеу әдістерінің қателігін есепке алатын барлық мүмкін өзгерістер интервалын бағалауды жүргізу кезінде мүмкін болады.

Трубаның қима бет ауданы:$s = \frac{\pi d^2}{4} = 3.14 * \frac{(0.4м)^2}{4} = \frac{05024}{4}м^2 = 0,1256м^2$

Су шығыны:$Q = Sv = 0,1256м^2 * 12,78м/с^2 = 1,605168м^3/с^2 = 1,61м^3/с^2$

Электр энергиясының қуаты: $N = k * g * \rho * Q * h = 08 * 9.8м/с^2 * 1000кг/м^3 * 1,61м^3/с^2 * 3м = 37867,2Вт = 38кВт$

Осы теориялық есептеудің 70%-80% практика жүзінде алуға болады, сонда ең соңғы нәтиженің 38кВт-тан 30,4квт-тын секунтына өндіреді. Бұл табиғи таза су энергиясынан алынған тегін энергияның пайдасы болмауы мүмкін емес. Енді осы жобаны одан ары ішкерлей зерттеп әрі кәсіпкердің көмегімен практика жүзінде іске асырып одан әрі кемелдендіру мақсатындамыз.

Шағын су электр станциясының жобасы.



Шағын су станция құрылысының сызбасы:

1) Шағын бөгет
2) Су жолы
3) Турбинасы
4) Су турбинасының қалақшалары
5) Судың жоғарғы деңгейі
6) Судың төменгі деңгейі
7) Алынған электр энергиясы

ӘДЕБИЕТТЕР

1)Егемен Қазақстан// № 828-831// 15 желтоқсан 2012жыл

2)Т.Едіресов// энергетика ресурстары: бүгіні мен ертеңі.

3)Стив Паркер және Броман Уильемс//Сұрақ және жауап энциклопедия, Ғылым және техника//«Алматыкітап»// Аударған:Б.М.Омаров 167-166 бет

4)Егемен Қазақстан//№61// 6 ақпан 2013 жыл

5)http://9k.9941.yi.org/0/?url=MUE1MiUwRDUyJURBNTIlMEQ1MiUxQTUyJTBENTIlL2lraXcvZ3JvLmFpZGVwaWtpdy5ray8vQTMlc3B0dGg

REFERENCES

1)Independent Kazakhstan // № 828-831 // December 15, 2012.

2)T.Ediresov//energy resources: present and future.

3)Steve Parker and Broman Uilems // Encyclopedia of questions and answers, Science and Technology // "Алматыкітап" // Translated: 167-166 B.M.Omarov

4)Independent Kazakhstan // №61 // 6 February 2013

5)http://9k.9941.yi.org/0/?url=MUE1MiUwRDUyJURBNTIlMEQ1MiUxQTUyJTBENTIlL2lraXcvZ3JvLmFpZGVwaWtpdy5ray8vQTMlc3B0dGg

Ш.Р. Шермет-студент, Р.Дагарбек, Г.Сырлыбаева

Превращать старые мельницы в гидроэлектростанции

Резюме. В этой статье использована старые мельницы для выгода страны. Превращая их в гидроэлектростанции.

Ключевые слова: электр, мельница, энергия, станция, река.

SH.R.Shermet-student, R.Dagarbek, G.Syrlybaeva

Convert the old mill on the hydro electric station

Summary. This clause used the old mill for the benefit of the country. Turning them into hydro electric station.

Keywords: electric, mill, power, station, the river.

ӘОЖ 621.31

Юсупова С.А., Елібай А.А.
Қ.И. Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: xangerei@mail.ru , azamat_9292e@mail.ru

ТАРАТУШЫ ТРАНСФОРМАТОР ОРАМДАРЫН ЖАЛҒАУ СХЕМАЛАРЫ

Андатпа. Күштік 10(6)/0,4 кВ трансформаторларының орамдарын жалғаудың әртүрлі схемалары бар. Жалғау схемасы оқшаулағыш және өткізгіш материалдарды үнемдеуді қамтамасыз етеді, және де фазааралық та, фазалық та кернеулерді қолдануға мүмкіндік береді. Жалғау схемасының түріне байланысты трансформаторларда пайда болатын шығындар мен үнемдеуді зерттеу өзекті мәселе болып табылады

Түйін сөздер: төменгі кернеу, бос жүріс, жоғарғы кернеу, таратушы трансформатор.

Күштік 10(6)/0,4 кВ трансформаторларының орамдарын жалғаудың әртүрлі схемалары бар (1-сурет).



1-сурет. Екі орамды үшфазалы трансформаторлардың орамдарын жалғау схемалары мен топтары:
а - У/Ун-0, б - Д/Ун-11, в - У/Д-11, г - У/Zн-11

У/Ун-0 тізбегі қуаты салыстырмалы түрде көп емес төмендетуші трансформаторларда қолданылады. Бұл схема оқшаулағыш және өткізгіш материалдарды үнемдеуді (бағасы аз) қамтамасыз етеді, және де фазааралық та, фазалық та кернеулерді қолдануға мүмкіндік береді.

У/Ун-0 схемасының үлкен кемшілігі бар, яғни жүктеме токтарының симметриясыздығы тұтынушыға кері әсерін беретін фазалық кернеулердің біраз бұрмалануын тудырады, ал трансформатор конструкциясының ферромагнитті элементтерінде нөлдік реттілік өрістерінің пайда болуы төменгі кернеу (ТК) толық кедергісінің белсенді құрамдас бөліктеріне пропорционалды құйын тәрізді токтар мен гистерезистен туындайтын қосымша шығындарды тудырады. Жоғарғы кернеу (ЖК) орамының тогынан туындаған магниттеуші күш (МК) магнит өткізгіш сымның біліктері арасында біртекті емес таралады және жүктелмеген фазаларда өтелмейді. Бұл бұзылудың нәтижелері магнитті ағынның үш білігінде шашыраудың туындауына әсер етеді (2-сурет). Ол трансформатор майы, бағы және түбі арқылы тұйықталады және оны қыздырады.

Одан бөлек, магнитті шашырау ағыны ЖК магнитті-теңсіз бөлігінің кедергісін біршама арттырады. Бұл орамдар арасында кернеудің біркелкі емес таралуына алып келеді. Соның нәтижесінде трансформатордағы біраз қосымша активті шығындарға алып келетін ЖК және ТК орамдарының фазалық кернеулерінің бейтараптары ығысады.

Әсіресе кернеудің ірі бұзылулары бірфазалы трансформаторлардың үшфазалы тобында және үшфазалы құрышты трансформаторларда орын алады. Сондықтан У/Ун-0 жалғастыру схемасы осы режимде ең жақсы сипаттарға ие болатын үш білікті өзекті трансформаторларда ғана қолданылады[1].



2-сурет. ТК мен басты жиіліктің магнитті өрістері.

У/Д-11 тізбегі қуат пен кернеу аралықтары кең таратушы желілерде, ең бастысы жұмыстың сенімділігін арттыру үшін ауыспалы оперативті токты станцияларда қолданылады. Жерге бірфазалы тұйықталу бұл жағдайда қысқа тұйықталу болып табылмайды, 0,23 кВ желісінің симметриясыздық деңгейін бақылау құрылғысының болуы мүмкін болатын фазааралық қысқа тұйықталулардың алдын алуға мүмкіндік береді. Д/Ун-11 схемасы электр энергиясын жіберу мен тарату үшін жоғарылататын және төмендететін трансформаторларда ең жоғарғы қуатқа дейін қолданылады. Бұл жалғау схемасын 0,4 кВ желілерінде қолдану У/Ун-0 схемасына тән кемшіліктердің алдын алуға мүмкіндік береді, себебі «үшбұрышқа» жалғанған ЖК орамында ТК тогы туындайды. Мұндай жалғану бұрынғы кезде кеңінен таралды, бірақ ЖК орамын «жұлдызша-нөлдік жұлдызша» тізбегіне қарағанда жоғары оқшауламамен жасауға мәжбүр болды, бұл оған қоса орамдарды жалғаудың 11 тобы бар схемадан бас тартуға алып келді[2].

У/Zн-11 схемасы тұтынушыларды фазааралық және фазалық кернеулерге қосуға мүмкіндік береді, көбінесе ол У/Ун-0 жалғастыру схемасының кемшіліктерінен айырылған. Алайда «ирекке» жалғанған орамдарды жасау үшін «жұлдызшаға» жалғауға қарағанда 15%-ға көп мыс жұмсалады.

Кейбір елдерде «ирекке» жалғау жарықтандыру желілерінде кеңінен қолданылады.

1. Орамдарын жалғау схемалары У/Ун-0 және У/Zн-11 болатын таратушы трансформаторлардың ерекше режимдері

Ерекше режимдер деп трансформаторларды симметриялы емес, сызықтық емес жүктемелерді қуатттандыру үшін қолдануды айтамыз. Бұл жұмыста тек «таратушы трансформатор (ТТ) – симметриялы емес жүктеме» модулінің симметриялы емес жүктемелі режимдері ғана зерттелді, сызықтық емес жүктемелі режимдері зерттелген жоқ.

Симметриялы емес жүктемелі үшфазалы трансформатордың ерекше режимінде сол жүктемеден берілетін кедергілер трансформатор параметрлеріне төрт өрістілікке де, токка I_1 да әрбір фазаның ЖК және ТК орамдарының өзара индуктивті байланыстарына және әртүрлі фазалардың орамдары арасындағы байланыстарға қарай әсерін тигізеді.

Орамдарын жалғастыру схемалары У/Zн-11 болатын трансформаторлардың У/Ун-0 жалғастыру схемасымен салыстырғанда симметриялаушы қасиеттерін негіздеу бойынша материалдарға сәйкес төменде келесідей мәліметтер келтірілген.

Кері реттілік токтары мен кернеулері тура реттілік сияқты симметриялы болып табылады, тек олар тура реттілікпен қарама-қарсы айналады. Оған қоса, кері реттілік фазалық токтар мен кернеулер бағыттары мен мәндеріне біраз өзгерістер енгізетініне қарамастан ол фазалық орамның шегінен шықпайды және оның тура реттілікпен векторлық қосындысынан кейін нәтижелік ток нөлдік нүктеде нөлге тең болып қалады. Осы жерден У/Ун-0 жалғау схемасы негізінде құрылған кез-келген симметриялаушы құрылымдар тиімсіз болады деген таласты қорытынды жасалады, себебі симметриялы емес режимнің құрамдас бөліктерінің біреуін ұстап қала алмайды.

У/Ун-0 схемалы трансформаторда үшінші гармоника (нөлдік реттілік), барлық фазалық құрамдас бөліктердің бағыттарының сәйкес келуі салдарынан $3i_0$ жиналады және симметриялаушы орамға қосылады. Оған қоса, мұндай компенсатордың өткізгіші фазалық сым қимасынан кем емес қимаға ие болуы және үш фазалық орамның үстіне екі қабатпен орналастырылуы қажет екенін ескеретін болсақ, мұндай трансформатордың конструкциясы қымбат және өте үлкен болатыны, оған қоса тек $3i_0$ ғана әсер ететіні түсінікті болады.

У/Zн-11 схемалы трансформатордың симметриялы емес режимге әсері. 11-ші жалғаушы тобын қамтамасыз ету үшін «ирек» тең иықты етіп жасалады, яғни магнитөткізгіштің әртүрлі біліктерінде орналасқан ТК фазалық орамдарының жартылай орамдарындағы айналымдардың саны бірдей болады. Осындай схеманың нәтижесінде фазалық токтар мен кернеулердің симметриялы емес режимде өзгерулеріне кері реттіліктің әсері біраз әлсірейді. Нөлдік реттілік әсерінің толығымен орны толады. У/Zн-11 схемалы трансформаторда кері реттілік токтарының әсері (шамамен 1,5 есеге) өте әлсірейді және нөлдік реттілік токтарының толығымен орны толады.

Симметриялаушы құрылғысы бар (СҚ) У/Ун-0 трансформаторында өндіруші симметриялаушы орамды бір қабатқа орап жасайды, соның нәтижесінде $3i_0$ жартысы ғана өтеледі және де векторлы диаграммалы «ирек» схемамен салыстырғанда СҚ схема анық кем болып шығады[3].

2. Жалғау схемасы У/Ун-0 болатын трансформатордың жұмысына бірфазалы жүктеменің әсері

Бір ғана орам (симметриялы емес жүктеме) жүктелген деп есептейік (3-сурет). Одан туындаған магниттеуші күш (МК) тек бір ғана білікті магниттейді, бірақ жүктеме ұзақтығы орамының магниттеуші әсерінің орнын толтыратын ЖК орамындағы ток тек бір ғана фазада өтуі мүмкін емес, себебі ЖК жағында бейтарап сым болмайды.



3-сурет. Бірфазалы жүктемелі У/Ун-0 жалғастыру схемасы.

Олардан туындаған ТК магнитөткізгіштің біліктері арасында біркелкі емес таралады және жүктелмеген фазаларда оның орны толтырылмайды. Магнитті тепе-теңдік бұзылады, үш білікте Ленц ережесі бойынша бір бағытты таралу ағындары туындайды. Бұл ағындар трансформатор майы, бағы және түбі арқылы тұйықталады. Магнитті таралу ағындары ЖК орамының магнитті теңсіз бөлігінің кедергісін біршама арттырады. Бұл ЖК орамдары арасында кернеудің біркелкі емес таралуына және трансформаторда біраз қосымша шығындарды тудыра отырып, ЖК жағында да, ТК жағында да бейтараптардың ығысуына алып келеді. Симметриялы емес үшфазалы жүктемені үшфазалы және бірфазалы жүктемелердің эквивалентімен ауыстыруға болатындықтан, тек бір фазадағы жүктемеге сипатталған процестер үш фазадағы симметриялы емес жүктеме жағдайында біраз әлсіздеу байқалады. «Иректеп» жалғану ЖК орамдары арасында ТК орамдарының біркелкі емес жүктемесін біртегістеу етіп тарату үшін және ток нөлдік сымда номиналды токтың жартысына тең болатындай етіп тіпті біртегіс емес жүктеме кезінде де магнитті тепе-теңдікті сақтап қалу үшін қолданылады[4],.

Симметриясыздықтың әсер етуі тұрғысынан ең қорғалмаған болып жалғау схемасы У/Ун-0 болатын трансформатор саналады. Онда фазалық кернеулер мәндерінің өзгеруі (бейтараптың ығысуы), энергияның белсенді шығынының артуы орын алады, онда жерге бірфазалы тұйықталу токтары өте аз. Жалғау схемасы У/Zн-11 трансформатордың ерекше өзгешеліктері нөлдік сымындағы тогы фазаның номиналды тогының жартысынан астам болған кезіндегі фаза кернеулерінің нөлдік өзгерістері болып табылды. ТТ жалғау схемаларын дұрыс таңдау электр энергиясын тұтынушылар үшін ғана емес, энергетиканың барлық салалары үшін де өте маңызды.

3. Жалғау схемасы У/Zн-11 болатын трансформатордың жұмысына бірфазалы жүктеменің әсері

«Иректеп» жалғау желінің фазалары арасында ТК орамдарының біркелкі емес жүктемесін біртегістеу етіп тарату үшін және тіпті біртегіс емес жүктеме болған кезде де магнитті тепе-теңдікті сақтау үшін қолданылады (4-сурет).

Жалғау схемасы У/Zн-11 болатын трансформатордың бос жүріс шығындары мен қысқа тұйықталу шығындарының сипаттары жалғау схемасы У/Ун-0 болатын трансформатордың сондай сипаттарымен ұқсас болуы үшін материалдардың көп мөлшерін қолдану қажет, себебі «иректеп» жалғау біліктердің көптеген түрін талап етеді. Тура реттілік кедергілері жалғау схемасына ешқандай тәуелді емес. Трансформаторда тура және кері реттілік кедергілері шамамен алғанда тең, яғни, т.е. R1≡R2, X1≡X2.



4-сурет. Бірфазалы жүктемелі У/Zн-11 жалғау схемасы.

У/Ун-0 схемасы үшін нөлдік реттілік кедергісін есептеу мүлдем мүмкін емес. Ол трансформатордың құрылымдық параметрлеріне (белсенді бөлігінің, бұғаулы бөренелерінің, ішкі оқшаулағыш тесіктерінің конструкциясына) тәуелді болады. Олардың мәндерін тапсырыс берушінің талабы бойынша өндіруші зауыт өлшейді.

Жалғау схемасы У/Zн-11 трансформаторлар үшін бірфазалы қысқа тұйықталу тогы У/Ун-0 схемасы үшін қысқа тұйықталу тогына қарағанда 4,5 еседен аса артады, бұл трансформаторлардың қорғанысын дұрыс таңдауды жеңілдетеді және оның сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді[5].

У/Zн-11 трансформаторы электр энергиясының сапасын нашарлатпастан және апатқа ұшырау қаупінсіз қуатты бірфазалы тұтынушыларды қуаттандыруға, сонымен қоса электр энергиясының шығынын біршама азайтуға, бірфазалы қысқа тұйықталулардан трансформаторды қорғауды дұрыс таңдауға, жалпы электр құрылғысының сенімділігін арттыруға, таратушы трансформаторларда туындайтын қосымша шығындарды азайту есебінен қуат қорын арттыруға мүмкіндік береді.

4. Трансформаторға қойылған симметриялаушы құрылғы – 0,4 кВ желілеріндегі кернеуді тұрақтандырудың және шығындарды азайтудың тиімділігі жоғары құралы

Фазалардың симметриялы емес жүктемесі – күштік трансформаторлардағы электр энергиясы шығындарының артуының басты себептерінің бірі ғана емес. Ол бұл трансформаторлардан қуат алатын тұтынушыларға жіберілетін электр энергиясының сапасының да нашарлауына алып келеді.

У/Ун-0 трансформаторларының энергетикалық сипаттамалары (қысқа тұйықталу, бос жүріс және т.б. шығындары) симметриялаушы құрылғыны (СҚ) қойғаннан мүлдем өзгермейді, бірақ оған қоса желідегі электр энергиясының шығындары біршама азаяды.

Белоруссияда жасалған У/Ун-0 трансформаторларының СҚ конструкциясы күштік трансформатордың нөлдік реттілік кедергісін біршама қысқартады. Бұл бірфазалы қысқа тұйықталу токтарының біршама артуын білдіреді және СҚ У/Ун-0 трансформаторларының артықшылықтарының бірі болып табылады, себебі релелік қорғаныстың жеңіл және сенімді жөнделуін және жерге бір фазалы тұйықталу кезінде оның дәл жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Одан бөлек, бірфазалы жерге тұйықталудың арттырылған тогының СҚ У/Ун-0 трансформаторының орамына бұзу әсері орнын толтыру орамы болмаған кездегі токка қарағанда біршама аз, себебі НР қуатты симметриялы емес бұзу ағынының толығымен орны толтырылады.

«Жұлдызша-нөлдік жұлдызша» схемасымен бірігіп жұмыс жасайтын трансформаторлардың өзіне тән біраз шығындары бар. Ол аз болғандай 0,4 кВ желісі симметриясыз болған жағдайда олар одан да көп қосымша симметриясыздықты тудырады. «Жұлдызша-ирек» немесе «үшбұрыш» схемалы трансформаторларды орнату бұл мәселені шешеді, алайда мұндай қондырғы біршама қымбаттау, сондықтан кеңінен қолданылмайды.

Салыстырмалы көп емес қаржы бөлінген кезде жағдайды біршама жақсартуға симметриялаушы құрылғыларды қолдану көмегін тигізеді.

«В.И. Козлов атындағы МЭТЗ» кәсіпорнының жеке сайтындағы материалдарында келесідей мәліметтер келтіріледі.



5-сурет. ҚТ шығындарының теңгерім емес токтардан тәуелділіктері: 1 - СҚ жоқ У/Ун-0 схемасы үшін; 2 - У/Zн-11 жалғау схемасы үшін, 3 – СҚ бар У/Ун-0 схемасы үшін.

Жалғау схемалары У/Ун-0 трансформаторларда теңгерім емес токтарын $I_{те}$ арттырған сайын $P_к$ шығындары күрт өседі (5-сурет). Мұндай өсу үшфазалы У/Ун-0 трансформаторлардың магнитті жүйелерінде желінің нөлдік сымында жүретін теңгерім емес токтары $I_{те}$ ($3I_0$ тең) арқылы туындайтын нөлдік реттілік ағындарының ($Ф_0$) пайда болуымен шартталған. $Ф_0$ ағындары қысқа тұйықталу ағындарына $Ф_{кт}$ ұқсас таралу ағындарының сипатына ие, бірақ көлемі бойынша олар біршама үлкен, ол туралы айтуға Z_0 және $Z_{кт}$ толық кедергілерінің қатынасы мүмкіндік береді. Тәжірибелік мәліметтер Z_0 мәні $Z_{кт}$ мәнінен 5-8 есеге, ал трансформаторлардың кейбір конструкциялары үшін 12 және одан да көп есеге артық екенін көрсетеді.

У/Ун-0 трансформаторларымен желілердегі фазалар жүктемелерінің біркелкі еместігінің зардабы фазалық кернеулер жүйесінің күрт өзгеруі (тәжірбеде мұны нөлдік нүктенің ығысуы деп атайды), және де соның нәтижесінде оған қоса 0,38 кВ желілерінде де шығындардың артуы болып табылады.

Фазалық кернеулердің анық пайдалану жағдайларында өзгеруін көбінесе электр энергиясының сапасына қойылған МЕМСТ нормаларын біршама арттыратын трансформатордың аз вольтті кірістерінде олардың ауытқуы тудырады. Желінің соңында зерттеулер нәтижелері бойынша кернеудің мұндай ауытқуы шамамен екі еседей жоғары.

У/Ун-0 трансформаторларының бекітілген қуатын есеп бойынша талап етілген мәнінен жоғары арттыру (кернеу симметриясыздығын төмендету үшін) аз ғана нәтиже береді, бірақ желідегі электр энергиясының шығынын біраз арттырады. Одан бөлек, нөлдік реттілік токтары У/Ун-0 трансформаторының магнитті жүйесіндегі жүктеме симметриясыз болғанда нөлдік реттілік токтарының ағындарын тудырады, олар трансформатор багы, түбі, қақпағы арқылы тұйықтала отырып, белсенді бөлігінің сууын нашарлатып оларды жылытады. Бұл орамдардың оқшаулану температурасын арттырады.



6-сурет. СҚ орамдарының ТК орамдарына жалғану схемалары.

Көрсетілген кемшіліктерді жою үшін Белорусь аграрлы университетінің (БАУ) ауыл шаруашылығын электрмен жабдықтау кафедрасы, В.И. Козлов атындағы Минск электр техникалық зауыты және Минскэнерго У/Ун-0 схемалы трансформатордың ажырамас бөлігі болып табылатын арнайы жаңа симметриялаушы құрылғы (СҚ) жасап шығарды. Симметриялаушы құрылғы (6 – сурет) орамдарын жалғау схемасы У/Ун-0 трансформатордың жоғарғы кернеу орамдарының үстіне құрсау сияқты жатқызылған бөлек орам болып есептеледі.

Трансформаторлардың энергетикалық сипаттамалары (қысқа тұйықталу, бос жүріс және т.б. шығындары) симметриялаушы құрылғының орнатылуы себепті мүлдем өзгермейді, бірақ оған қоса желідегі электр энергиясының шығындары біршама қысқарады. Ал фазалық кернеулердің жүйесі фазалар жүктемесі біртекті болмаған кезде орамдарын жалғау схемасы У/Zн-11 болған кездегі сияқты шамамен симметрияланады. Жалғау схемалары У/Ун-0, У/Zн-11, және СҚ У/Ун-0 болатын трансформаторлармен біркелкі емес жүктелген кезде орташа статистикалық электр желісіндегі шығындарды салыстыру олардың ішіндегі ең үнемдісі СҚ У/Ун-0 схемасы болып табылатынын көрсетеді.

Трансформаторлар орташа есеппен 40 жылға жуық жұмыс істейді, осыдан фазалары симметриялы емес жүктемелі 0,38 кВ желілерінде орамдарын жалғау схемалары СҚ У/Ун-0 болатын трансформаторларды орнатқан кәсіпорынның табысын анықтау қиын емес[6].

Әдеби мәліметтерді талдау көрсеткендей, тәжірибелік нәтижелердің аз бөлігі күштік трансформаторлардың симметриялы емес режимдерін әрі қарай зерттеуді талап етпейді.

Өндірістегі 10 кВ таратушы желінің 100 ... 400 кВ·А трансформаторларындағы симметриялы емес жүктемелерінен туындайтын қосымша шығындарды зерттеу олардың мәндері орташа есеппен алғанда тексеріліп отырған кәсіпорында орын алатын симметриясыздық кезінде олар арқылы электр энергиясының шығындалуынан шамамен 10 % екенін көрсетті. Сондықтан симметриялы емес жүктемелі желілердің трансформаторларындағы электр энергиясының шығынын анықтау кезінде осы жүктемелер арқылы трансформаторларға берілген қосымша шығындарды да ескеру қажет.

ТТ шығындарының басты бөлігіннөлдік реттілік тогы(НРТ) бөлінетін шығындар құрайды. Қателігі аз НРТ мәндерін тек тәжірибелік жолмен ғана алуға болады, ТЖ пайдаланылатын күштік үшфазалы екі орамды трансформаторларының орын ауыстыру схемаларының параметрлерін анықтауға арналған.

Шығындардың дәстүрлі формуласы жоғарғы кернеуден тәуелділікте БЖ шығындарының өзгеруіне әсерін ескермейді. Симметриялы емес жүктемелер қосымша нормативтен артық шығындардың бірінші себебі болып табылатындықтан, 3-бөлімде жасалған ішкі симметриялау, және де конденсаторлы симметриялаушы құрылғылар арқылы жүктеменің өзінде де, таратушы трансформаторларда да шығындарды азайту шеңберінде «Симметриялы емес жүктемелер» ұғымын жалпылау қажеттілігі туындайды.

ӘДЕБИЕТ

1. Немцов М.В. Электротехника и электроника. – М.:МЭИ, 2003. –21 с.
2. ПаначевныйБ.И. Курс электротехники. – Ростов- на- Дону: «Феникс», 2002. – 149 с.
3. Копылов И.П. Электрические машины.М.: Энергоатомиздат, 1996.-97 с.
4. Токарев Б.Ф. Электрические машины.М.: Энергоатомиздат, 1998.-152 с.
5. Железко Ю.С. Потери электроэнергии. Реактивная мощность. Качество электроэнергии. Руководство для практических расчетов. М. ЭНАС, 2009.- 287 с.
6. Современное состояние и перспективы развития электроэнергетики. Сборник лекций МЭИ. М. Машиностроение, 2014,-193 с.

REFERENCES

1. Nemtsov M.V. Electrical and Electronics. - Moscow: MEI, 2003.-21 p.
2. Panachevny B.I. Electrical course.-Rostov-on-Don: "Phoenix", 2002.–149 p.
3. Kopylov I.P. Electrical mashiny.M .: Energoatomisdat, 1996.- 97p.
4. Tokarev BF Electrical mashiny.M .: Energoatomisdat, 1998.-152 p.
5. Zhelezko Y.S. Electricity losses. Reactive power. Power quality. Guide for practical calculations. ENAS M., 2009 - 287 p.
6. The current state and prospects of development of electric power. Collection MEI lectures. M. Mechanical Engineering, 2014, -193 p.

С.А. Юсупова, А.А. Елібай*

Схемы соединения обмоток распределительного трансформатора

Резюме. Силовые трансформаторы 10(6)/0.4 кВ имеют различные схемы соединения обмоток.Схемы соединенияобеспечивает экономию изолирующих и проводящих материалов, и еще дают возможность использовать фазное и межфазное напряжение. В зависимости от типа схемы для подключения трансформаторов является важным изучениевозникающих затрат и экономии средств.

Ключевые слова: напряжение нулевое, холостой ход, высшее напряжение, распределитнльный трансформатор.

S.A.Usupova, A.A. Yelibay*

The connection scheme of distribution transformer

Sammary. Power transformers 10 (6) /0.4 kV circuits have different winding connection. connection diagrams saves insulating and conductive materials, and even enable the use phase and the interfacial tension. Depending on the type of circuit for connection of transformers is important to study the resulting costs and savings.

Keywords: residual voltage, idling, high voltage, distribution transformer

УДК 658.516

Абдуманапова Қ.Ә., Өтепов С., Габдуллина А.З., Альпеисов А.Т.
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Алматы қ,. Қазақстан Республикасы
kia.117@mail.ru

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ӨҢДЕЙТІН ЗАУЫТТЫҢ САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Жұмыста мұнай өнімдерін өңдеуші зауыттың сапа менеджмент жүйесін талдау қарастырылды. Өнім сапасының жақсарту – мұнай өңдеу зауытының ең басты тапсырмаларының бірі болғандықтан, оның сапа менеджмент жүйесі дұрыс қызмет көрсетуі керек. Сапалы өнім техникалық құралдардың (машиналар, агрегаттар) өнімділігі мен сенімділігін арттырады, өндірістің материал сыйымдылығын төмендетеді, сол арқылы техникалық жандандырудың дамуына оң ықпал етеді. Сапа менеджмент жүйесінің жаңа ИСО 9001 нұсқасы және басқа стандарттар енгізілген Павлодарлық мұнай химия зауытындағы жақсартулар атап көрсетілген.

Түйін сөздер: сапа менеджмент жүйесі, өнім сапасы, мұнай өнімдері, ИСО 9001 стандарты.

Өнімнің сапасын жақсарту – мұнай өңдеу компанияларының ең негізгі тапсырмаларының бірі болып табылады.

Мұнай өңдеу нарығында бәсекелестік, өндірістер өнеркәсіптерін ұйымдастырудың қосымша шарттарын қабылдау керек, оның ішіне сапа менеджмент жүйесінің барлық бөлімдері, яғни бұл экология, еңбек қорғанысы, өнеркәсіптік қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі кіреді.

Қазақстан әлемдегі мұнай қоры жағынан, мұнай өнімдерінің өндірісі жағынан алдыңғы қатарда тұрған елдердің бірі, сондықтан өндірілетін мұнай мен өңделетін өнімдердің сапасы маңызды және әлеуметтік-экологиялық мәні зор.

Мұнай өнімдерінің өңделу үрдісін, өнім құрамын арнайы кәсіпорын лабораторияларында стандарттарда немесе техникалық жағдайға негізделген сәйкестік талаптарына сай талдау жолымен бақылап отырады.

Өнім сапасының жақсару үрдісі кәсіпорынның экономикалық жағына әсер етеді.

Сапалы өнім техникалық құралдардың (машиналар, агрегаттар) өнімділігі мен сенімділігін арттырады, өндірістің материал сыйымдылығын төмендетеді, сол арқылы техникалық жандандырудың дамуына оң ықпал етеді.

Өнім сапасын жақсартудың техникалық құралдарынан басқа олар құқықтық шарттармен толықтыру керек, оның үстіне Еуроодақта пайдаланатын мұнай өнімдерінің экологиялық сапа талаптарының қатаң халықаралық нормалары мен стандарт талаптарына сәйкес келуі, Қазақстанның мұнай өңдеу саласының экспортқа шығару мүмкіндігінің азаюына әкеледі. Осыған орай елдегі мұнай өңдеу зауыттарының өнімнің сапасын әлемдік дәрежеге көтеру мақсаты белсенділік арттырып отыр.

Сапа менеджмент жүйесі (СМЖ) – жалпы сапаны басқаруға қажетті басқарушы құрылым әдістемелерін, үрдістері мен ресурстарын біріктіруші болып табылады. Ол кәсіпорынның үнемі жақсаруына, өнімнің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруына арналған жүйе. Ол мекеменің сапа менеджмент жүйесінің негізін қалайды.

Сапа менеджмент жүйесі тұтынушы талабына сәйкес келтіріледі. Тұтынушыға, олардың игіліктеріне жарамды және сұраныстарын қанағаттандыратын өнім қажет.

Тұтынушылардың талаптары мен сұраныстары жиі өзгеріп отырады, соның әсерінен техникалық жандандыру мен бәсекелестік ортада пайда болатын қысым өнеркәсіпті сынға алады. ИСО 9001 стандартының ерекшелігі, ол әлем бойынша өнім өндіретін немесе әртүрлі қызмет көрсететін, мысалы инженерлік, көмек, сертификаттау және тағы да басқалар сияқты, мыңдаған кәсіпорындар мен мекемелердің жұмыс негізін қамтып жасалған.

Оның басты міндеті – осы стандартты енгізген өнім өндіретін немесе қызмет көрсететін мекемелердің өнімнің сапасына деген сенімділігінің артуын қамтамасыз ету құралы ретінде қызмет ету.

Қазақстандағы сапа менеджмент жүйесі бойынша 6 сәйкестік сертификаттың иегері Павлодар мұнайхимиялық зауыты.

1. СТРК ИСО 9001-2009. Сапа менеджмент жүйесі.
2. ISO 9001:2008. Сапа менеджмент жүйесі.
3. ISO 14001:2004.Экологиялық менеджмент жүйесі.
4. OHSAS 18001:2007 Денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджмент жүйесі.
5. СТРК 1352-2012/SA 8008:2008 Әлеуметтік жауапкершілік.
6. ISO 50001:2011 Энергоменеджмент жүйесі.

ISO 50001:2011 «Энергоменеджмент жүйесі» стандартын қабылдағаннан бері П-101 пешінде 24 жағармай қыздырғышы өзгертілді, 8 жағармай қыздырғышы қайта жөнделді, электр желілеріндегі мықты автоматты қалыптағышы бар статистикалық конденсаторларда 10 батарея қондырылды, булы жылытқыш сумен жұмыс істейтін жылытқышқа ауыстырылды.

Ұзындығы 18 мың ш.м жылу құбырлары мен зауыттық құрылымдағы техникалық аппараттар жаңартылды, сонымен қоса тоғыз мұнай сыйымдылықтарына антикоррозиялық және жарықкөрсеткіш жабын жағылды.

Зауыт аймағындағы шамдар 700 жарықдиодты шамдармен алмастырылып, жарықтандырлды.

Осы өзгерістерге байланысты ПМХЗ 7,4% электроэнергиясынан, 11,4% жанармайдан, 6,2% СТЭЦ-3 беретін жылу энергиясынан үнемдеді, аталмыш шығындар мөлшері 281,52 млн. тг құрайтын еді.

Энергоменеджмент аудитін Ресей, Украина және Қазақстан экперттері жүргізді.

Жаңа сертификат арқасында ПМХЗ бірқатар жетістіктерге қол жеткізді, оның ішінде энергоүнемді және энерготиімді технологияларды енгізу мен жылу және жылумен қамтамасыз ететін құрылғыларды пайдалану, жасылдану технологиясын енгізу, энерготиімділік көрсеткіштерін жақсарту, технологиялық үрдіс кезіндегі және құрылғыны сатып алу кезіндегі энерготиімділік шарттарын ескеру сияқты істер атқарылды.

Қолданысқа енуі.

Экологиялық менеджмент жүйесі шығарылатын өнімнің сапасын экологиялық К4 және К5 сыныптарының талаптарына сәкес келетіндей жақсартты.

Әлеуметтік жауапкершілік менеджмент жүйесі зауытқа жұмысшыларға жеңілдіктер мен кепілдіктерді беруге және оны орындауға толықтай мүмкіншілік береді.

Кәсіпорынның әлеуметтік дамуына арналған бағдарлама жасалды, ұжымдық шарт бекітілді, қосымша жеңілдіктер және демалыс беретін, сонымен қоса еңбек ақы төленуін реттейтін нормативті және жергілікті актілер тағайындалды.

Сапа менеджмент жүйесін пайдалану, ЛК-6У кешеніндегі С-200 жанармай айдағыш және С-30 дизельді жанарамай гидротазартқыш катализаторын ауыстыруға, 2013 жылы КТ-1 кешеніндегі вакуумды гидротазартқыш катализаторын ауыстыруға ықпалын тигізді, ал зауыт Еуро-2 стандартына сай мұнай өндіретін болды.

Өндірілетін өнімнің сапасын қамтамасыз етуде зауыттағы орталық лаборатория жұмысшыларының технологияся маңызды рөл атқарады. Лабораториялар 2015 жылы 150-ден астам Германия, Япония, АҚШ және т.б елдерінің үздік лабораториялық құрылғыларымен жабдықталды. Бұл жанар жағармай сапасын және құралын экологиялық К4К5 сыныптарынның талаптарына сәйкестігін растайтын сынау жүргізуге мүмкіндік береді.

Технологиялық цехтарда өлшем дәлдігін растау мақсатында (КИПиА) өлшем құралдарын сатылы ауыстырып отыру жүргізіледі.

ЛК-64, КТ-1 және АТУ компрессорлық қондырғыларында дабыл, құлыптау және төтенше жағдайға қарсы қорғаныс жүйелері жаңартылды.

Зауыттағы барлық компьютерлер IT- технологиясымен жоғары жылдамдықты бір желі жүйесіне біріктірілген.

EMC documentum платформасында электронды құжат алмасу жүйесі, кәсіпорынды электроқамсыздандырудың автоматты диспечерлік жүйесі және (Lab Ware) ақпараттық лаборатория менеджмент жүйесі енгізілді.

Кәсіпорында 2400 нөмірлі сиымдылығы бар Американдық “AVAXA” цифрлық телефон станциясы жұмыс істейді.

ПМХЗ өрт қауіпті объект болып табылады. 2014 жылдың мамыр айынан бастап бұл жердің жергілікті өрт қауіпсіздігін АО «Өрт сөндіруші» компаниясының филиалы өз жауапкершілігіне алды.

Бұл компания кәсіби мамандармен, жаңа құрал-жабдықтармен, өрттен құтқарушы техникалармен және арнайы киімдермен жабдықталған мекеме.

2010-2015 жылдар аралығында 29 объект салынды, оның ішінде тұрғын үйлер мен демалу орындары да бар. Зауыттан шыққан қатты қалдықтар 2013 жылы салынған арнайы қоқыс сақтағыш орында көміледі.

ПМХЗ ірі салық төлеушілердің бірі болып табылады, оның 2015 жылғы салық көлемі 16706 млрд. теңгені құрады.

ПМХЗ- әлеуметтік жауапкершілікті мекеме, оның жұмысшыларына беретін әлеуметтік кепілдіктер пакеті айтарлықтай ауқымды. Зауытқа еңбек қорғау менеджмент жүйесі енгізілгеннен кейін, зауыт Республикалық «Парыз 2014» байқауында «Еңбекті қорғау облысындағы үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша үшінші орынды иемденді.

ПМХЗ-да 2500-ге жуық адам еңбек етеді. Сонымен қоса, зауытта жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға және қайта дайындаудан өтуге арналған даму бағдарламалары бар. 11 оқу сыныбы және барлық технологиялық үрдістерге сәйкес мультимедиялық оқыту орындары және екі оқыту полигоны жұмыс істейді. Кез келген кәсіпорын үшін маңызды орынды оның имиджі алады, себебі имидж бұл-кәсіпорынның ерекшелігі мен артықшылығын айқындайды. ЖШС «ПМХЗ» имиджі өте мықты, себебі өндіретін өнімдері бәсекеге қабілетті және зауыт басшылығы жұмысшыларының біліктілігі мен тұрақтылығына зор мән береді.

Бүгінгі күнде, ПМХЗ жұмыскерлерінің басты мақсаты- ертеңге деген нық сеніммен қарау, Қазақстан Республикасына және өздерінің кәсіпорындарының дамуына қажетті білімдері мен күштерін аянбай пайдаланып, дамуына өз үлестерін қосу.

Қазіргі таңда, Кедендік Одақтың регламенттері енгізілгеніне байланысты, сапа менеджмент жүйесін енгізу, енгізілген сапа менеджмент жүйесінің жұмыс істеуін қадағалау, мамандардың біліктілігін арттыру және әлемдік стандартқа сәйкес жоғары сапалы өнім өндіруін қамтамасыз ету басты мәселе болып отыр.

ЛИТЕРАТУРА

1. Электронный ресурс. – режим доступа: http://www.pnhz.kz/

2.А.Д. Никифоров. Управление качеством. Учебное пособие для вузов- Москва:Дрофа 2004.

3. Е.С.Аскаров. Управление качеством. Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 4 изд., 2012.

4. Электронныйресурс. - Режимдоступа: http://www.dynamics.ru

1. Electronicresource. - accessmode: http://www.pnhz.kz/

2.D. Nikiforov. The quality management. Textbook for universities - Moscow:Drofa 2004.

3. E. S. Askarov. The quality management. A training manual. - Almaty: Economics, 4th ed., 2012.

4. Electronic resource. - Access mode: http://www.dynamics.ru

Абдуманапова Қ.Ә., Өтепов С., Габдуллина А.З., Альпеисов А.Т.

Анализ системы менеджмента качества на нефтеперерабатывающем заводе

Резюме. В работе рассмотрен анализ системы менеджмента качества на нефтеперерабатывающем заводе. Улучшение качества продукции – одна из важнейших задач любой нефтеперерабатывающей компании, для этого внедренная система менеджмента качества должна работать очень хорошо. Более качественная продукция повышает производительность и надежность технических средств (машины, агрегаты), снижает материалоемкость производства, что способствует ускорению технического прогресса. Показаны результаты внедрения ИСО 9001 на Павлодарском нефтехимическом заводе.

Ключевые слова: менеджмент качества, качество продукции, нефтепродукты, ИСО 9001 стандарты

Abdumanapova K.A.., Otepov S., Gabdullina AZ, Alpeisov A.T

Analysis of the quality management system at the petroleum refinery

Sammary: тhe paper considers the analysis of the quality management system at the refinery. Improving the quality of products - one of the most important tasks of any oil company, for it introduced a quality management system should work very well. Better products improve performance and reliability of the technical equipment (machinery, plant), reduce the consumption of materials of production, which contributes to the acceleration of technological progress. The results of the implementation of ISO 9001 at the Pavlodar petrochemical plant.

Keywords:quality management, quality of products, petroleum products, ISO 9001.

УДК 655.244.17

Аканова Г.К., Айтбаева М.А.
Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И.Сатпаева
г.Алматы, Республика Казахстан
maur1960@bk.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ РОЛИ POSTSCRIPTВ НАСТОЛЬНЫХ ИЗДАТЕЛЬСКИХ СИСТЕМАХ

Аннотация. Операционные системы использованы для запуска печати, чтобы оно вступило со взаимодействие с драйверомпечати и передало ему содержание каждой страницы посредством PostScript. Растровые цифровые изображения рассматриваются как источники данных для документа PostScript. Показаны графические объекты, обработанные процессором на основе интерпретаций описаний PostScript. А также возможность использования специальных программных обеспечений для придания данной операций дополнительной возможности.

Ключевые слова: Интерпретация PostScript,RIP-процессор, PostScript-примитивы, амплитудно-модулированное – AM растрирование, частотно-модулированное – FM - растрирование, технология ROOM,PDF.

Цель работы: Исследовать роль PostScript в настольно издательских системах. Раскрыть суть программы, а также ее необходимость.

Задачи: Интерпретация PostScript, модули: амплитудно-модулированное или AM-растрирование) и с помощью стохастических точек (известно как чистотно-модулированное или FM-растрирование. Технология ROOM, PDF-универсальный выбор и выводы данной операций.

Новизна: в полиграфии для качественного выпуска продукции знание роли PostScript в настольно-издательских системах нужны, исследование роли PostScriptв НИС проводяться впервые.

Содержание каждой страницы посредством PostScript, представляет собой сложный процесс. В PostScript каждый объект векторной графики описывается с помощью всего лишь 3 простейших фигур: прямые, дуги (части окружности) и кривые. Данные три формы известны как PostScript – примитивы. Изображение в форме TIFF и др.формы пиксельных данных невозможно описать подобным способом, а потому растровые цифровые изображения рассматриваются как источники данных для документа PostScript.

Драйвер PostScript направляет описание страницы через локальное соединение или сетевой кабель на печать в растровый процессор устройства вывода (если выбран режим печати в файлPostScript – код может быть сохранен на жестком диске как PS – файл). Небольшие печатные устройства, поддерживающие PostScript, как правило, обладают встроенным аппаратным РИП-ом, предназначенным для интерпретации PostScript для отдельно взятого устройства. В более крупных устройствах, таких как фотонаборные машины и CTP-устройства, используются программные RIP процессоры, поскольку они работают в виде RIP-приложений на настольном компьютере, который можно использовать и для других целей[1].

Независимо от того, используется ли примитивная встроенная схема, либо современная система управления рабочим процессом, RIP-процессор производит над каждым входящим материалом три основные операции: интерпретацию (так же известную как рендеринг), растрирование и формирование изображений.

Первой выполняется интерпретация, при которой конфигурируемый интерпретатор PostScript анализирует расположение элементов и форму линий с тем, чтобы создать список объектов - независящие от разрешения описания документов. Помимо критического значения на первойстадий обработки информации в RIP-процессоре, список объектов представляет основу для создания файла в форме PDF. ФайлыPostScript определяют начало координат, затем задают РИПу команду нарисовать несколько объектов. Это операция представлена на рисунке 1, где два квадрата и круг представляют графические объекты, обработанные процессором на основе интерпретаций описаний PostScript.[1]



Файлы PostScript определяют начало координат, затем задают РИПу команду нарисовать несколько виртуальных объектов. На рисунке два квадрата и круг представляют графические объекты, обработанные процессором на основе интерпретации описаний PostScript

Рисунок 1 – Описание PostScript, обработанные процессором на основе интерпретаций

На данной стадий процесса графические элементы, составляющие список объектов, не зависят от ограничения разрешения, однако для дальнейшей обработки необходимо, чтобыRIP растрировал (конвертировал в пиксели) и полученные векторные данные. Большинство систем растрирует список объектов при разрешении, соответствующим максимальной адресуемостью устройства вывода (т.е RIP, управляющий CTP-устройством с разрешающей способностью 25-40 dpi, сможет создать растровое изображение с разрешение 25-40 dpi), однако в некоторых системах может использоваться меньшее разрешение.На рисунке 2 показан процесс растрирования, которое конвертирует независящие от разрешеения объекты (слева) в крошечные квадраты с переменными данными о плотности, известными как пиксели (справа).[3]

Процесс растрирования конвертирует не зависящие от разрешения объекты (слева) в крошечные квадраты с переменными данными о плотности, известными как пиксели (справа)

Рисунок 2 – Процесс растрирования

В финальной стадии обработки растровое изображение формируется для воспроизведения на любом оборудовании: от настольного принтера до печатной машины. На данной стадии цветовые значения пикселей растрового изображений переводятся в проценты от чистого цвета. Устройства вывода используют эти данные для того, чтобы получить градации тонов,например, имитирую светло-серый с помощью черного.

Среди наиболее популярных способов растрирования выделяются два: с помощью полутоновых точек (известные также как амплитудно-модулированное или AM-растрирование) и с помощью стохастических точек (известно как чистотно-модулированное или FM-растрирование). Типичные стратегии с использованием нескольких высокопроизводительных RIP-процессоров являются автономной обратной модули, способное выполнить задание, требующего большого объема вычислений.*Амплитудно-модулированное (регулярное) растрирование (англ. название AM-screening)* - метод формирования растра, когда переменным параметром в растре является размер растровой точки (т.е. ее амплитуда, отсюда и название способа растрирования). Число растровых точек на единицу длины при этом остается константой, и этот параметр называется линиатурой, описывающий частоту укладки линий (рядов) растровых точек на единицу длины [2].

Ниже на рисунке 3 показан градиент, и результат ее растеризации в растровом процессоре. [3] Как видно из рисунка, в светах растровая точка имеет минимальный размер, в теневых участках - максимальный. Расстояние между центрами растровых точек остается постоянным на протяжении всего рисунка.



Рисунок 3 – Градиент и результат его растрирования с помощью амплитудно-модулированного растра**.**

Для регулярного растрирования существует понятие угла наклона растра, определяющее относительный угол наклона растровой точки относительно осей изображения. Для каждой краски существует свой угол наклона растра. Различные углы наклона применяются для того, чтобы при наложении друг на друга одинаковых периодических структур различных красок не возникали интерференционные картины (муар), проявляющиеся в виде характерных пятен в изображении, а также для возможности синтеза чистых цветов в области светлых участков изображения.[3].

Растрирование частотно-модулированное (FM - Screening)

Метод растрирования изображения, в котором более темные участки изображения передаются большим количеством растровых точек, а более светлые - меньшим. При этом размер растровой точки остается неизменным по всему изображению. Так как изменяется частота появления точек зависимости от плотности участка изображения, этот метод растрирования получил название частотно-модулированный (нерегулярный, англ. название Irrationalscreening, Stohasticscreening, Scatterscreening и др.). На рисунке 4 показан градиент и результат его растрирования с использованием этого метода растрирования.[3]



Рисунок 4 – Исходный градиент и результат его растрирования с помощью частотно-модулированного (стохастического) растра

У этого метода растрирования есть множество преимуществ по сравнению с регулярным (амплитудно-модулированным) методом растрирования. Исследование показали, что теоретически, с помощью более мелких растровых точек можно передать большее количество мелких деталей. За счет разброса и апериодического расположения растровых точек, отсутствует регулярность структуры, что позволяет при наложении нескольких красок избежать муара. Соответственно, отсутствуют понятия линиатуры и углов наклона растра, что присуще амплитудно-модулированным растрам. Однако, в силу того, что каждая отдельная растровая достаточно мала, то к условиям печати и ко всем допечатным и копировальным процессам предъявляются очень высокие требования. В случае несоответствия всем этим требованиям, результаты печати могут быть значительно хуже, чем с использованием традиционных методов растрирования. Именно поэтому большинство типографий, печатающих классическим способом, рассматривают стохастический растр как нечто из области "технологий завтрашнего дня". Однако, те же струйные принтеры, например, при печати используют именно диффузионный стохастический (нерегулярный) растр. Ниже на рисунке 5 показан аналогичный образ цифровых полутоновых точек в амплитудно-модулированном растре[4].



«Цифровые» полутоновые точки при увеличении

Рисунок 5 – «Цифровые» полутоновые точки при увеличении

Аналогичным образом цифровые данные, полученные в процессе растрирования, представляет собой высококонтрастную битовую карту, составленную из двоеточных команд «вкл-выкл», фиксирующихся, как правило, в однобитоном TIFF файле. Вместо имитации светлых и темных тонов с помощью сетки, состоящей из больших и малых полутоновых точек, в стохастическом растрировании изображения формируются из крошечных, произвольно-расположенных пятен (как правило, получаемых в результате двух-трех этапов экспонирования). Стохастическое растрирование идеально подходит для струйных принтеров, т.к разрешающая способность последних ниже (как правило, в диапозоне от 600 до 1440dpi), что ограничивает их способность выводить весь диапазон полутоновых точек в объеме, свойственным в офсетной печати (от 150-200 линий на дюйм). Стохастические точки при увеличении диалогового окна Общих Настроек в AdobeAcrobat 6.0 показаны на рисунке 6.

Стохастические точки при увеличении.
Диалоговое окно Общие Настройки в Adobe Acrobat 6.0

Рисунок 6 –Стохастические точки при увеличении. Диалоговое окно Общие Настройки в AdobeAcrobat 6.0 [5].

Технология ROOM. Концепция рабочего потока ROOM (RIPOnce, OutputMany - «растрируй один раз, выводи (используй) многократно») была первоначально разработана в фирме RampageSystem, а затем усовершенствована и расширена компанией Heidelberg в рамках его технологии Delta.

Суть технологии ROOM заключается в том, что растрирование осуществляется на самых ранних стадиях работы с заказом, а затем все действия выполняются в отрастированных файлах. Это экономит время по сравнению с растрированием файлов после манипулирования ими в «родных» прикладных программах. Технология ROOM позволяет использовать растрированные данные, как для различных проверок, так и для отображения. Вывод может осуществляться на устройство для корректурных оттисков, на фотонаборный автомат и на устройство CTP. Главные заявленные преимущества ROOM совпадают с преимуществами NORM - это надежность и эффективность, имеется две параллельные технологии. *Например,* RampageSystem предлагает поддержку обоих рабочих потоков - и NORM, и ROOM. Главное отличие состоит в том, что файлы, отрастрированные по технологии ROOM, обычно используются в закрытом режиме, т.е. можно работать с «черным ящиком» в отличие от открытой технологии PDF (NORM). В закрытом для пользователя режиме только с использованием программных инструментов держателя технологии ROOM будут выполняться, например, *треппинг, спуск полос.*

Технология ROOM может выступать в качестве связующего языка, необходимого для совместной работы выводных устройств различного производства. Помимо этого, однобитные TIFF-файлы могут использоваться в компьютерной цветопробе, что стало возможным благодаря технологиям компаний Agfa, Creoи LucidDream.

*PDF: Универсальный выбор.*Одновременно с нововведениями представленными поставщиками RIP-процессов предоставилась возможность пользователям иметь доступ к спискам объектов интерпретированных данных PostScript. Были опубликованы первые спецификации для новейшего формата PDF 1.2 (portable document format), а также предоставлены приложений AdobeAcrobat 3,-пакет программного обеспечения для создания, просмотра, и печати файлов в форме PDF. В качестве альтернативы коммерческой версии пакета Acrobat, Adobe предложила бесплатно программу AcrobatReader, необходимую для просмотра и печати файлов PDF [6].

Выводы:

Независимо от того, используется ли примитивная встроенная схема, либо современная система управления рабочим процессом, RIP-процессор производит над каждым входящим материалом три основные операции: интерпретацию, растрирование и формирование изображений.

Первой выполняется интерпретация, при которой конфигурируемый интерпретатор PostScript анализирует расположение элементов и форму линий с тем, чтобы создать список объектов - независящие от разрешения описания документов. Помимо критического значения на первойстадий обработки информации в RIP-процессоре, список объектов представляет основу для создания файла в форме PDF [7].

Несмотря на то, что были и другие попытки универсальный цифровой формат для документов, формат PDF сумел завоевать широкую популярность в то время как альтернативные технологии потерпели неудачу по 4 причинам:

Доступность. Появление интернета сделало загрузку программы Reader реально выполнимой операций, и программы установки Reader была включена практически во все CD диски с программным обеспечением.

Графические возможности. В то время как остальные универсальные форматы документов были основаны на отображении текста и просто растровых изображений, файлы PDF давали возможность воспользоваться многофункциональными возможностями списка объектов PostScript. Файлы PDF обеспечивали не только высокие разрешения и высокое качество воспроизведения, но и могли использоваться для поразительно точной передачи сжатых изображений, адаптированные под разрешение экрана.

Расширяемость. Продолжая экспансию PDF в новые аспекты современной жизни, компания Adobe добавила в AcrobatXML, который в программе ExtensisPreflightPro в автоматическом режиме просматривает директории документов выполненных в этих пакетах. Результаты проверки позволяют изменять рабочий поток, генерируя PDF-файлы или активируя средства AppleScript [8].

ЛИТЕРАТУРА

1 Коваленко А, Зверева А. Рабочий поток в полиграфии // Полиграфия.– Москва, 2004. - С. 175-181.

2 Приходько В., Вобленко А., Пономарев А., Романова Н. Настольные издательские системы // Полиграфия. – Москва, 2006. - С. 58-71.

3 Амплитудно-модулированное (регулярное) растрирование (AM-screening*)* Электронная версия на сайте http://www.artgroup.ru/articles/slovar-1342177868/

4 Растрирование частотно-модулированное (FM - Screening) Электронная версия на сайте http://artgroup.ru/articles/slovar-1342177869/

5 Стефанов С. Цветное изображение на оригинале, мониторе компьютера и на полиграфическом оттиске// Полиграфия. – Москва, 2006. - С. 21-23.

6 Денис А. PDF и Adobe Acrobat. Искусство допечатной подготовки// Полиграфия. – Москва, 2003. - С. 202-206.

7 Роль PostScript в настольно издательских системах Электронная версия на сайте http://www.ukrprint.com/prepress/theory/intro1.php

8 Роль PostScript в полиграфии Электронная версия на сайте http://tex.anabar.ru/PostScript/books/articles/postscript.htm

Аканова Г.К., Айтбаева М.А.

Үстелдік баспадағы postscriptтің орнын зерттеу

Түйіндеме: Растрлық кескіндер сандық PostScript құжаты үшін деректер көзі ретінде қарастырылады . Операциялық жүйелер , ол принтер драйверімен өзара іс-қимыл әрекеті және PostScript арқылы оған әрбір беттің мазмұнын тапсыру үшін қолданылады. PostScript интерпретация сипаттамасы негізделген процессордың өңдеуі арқылы графикалық объектілер көрсетілген. Осы операцияларды неғұрлым мүмкіндіктер жасау үшін арнайы бағдарламалық құралдары пайдаланылды.

Түйін сөздер: PostScript интерпретациясы, RIP-процессоры, модульді-амплитудалық растрлеу (AM), модульді-жиілікті растрлеу (FM) , ROOM технологиясы, PDF.

Akanova G.K., Aytbaeva M.A.

Study of the role postscript desktop publishing

5. Р.А.Боградов. «Машины и оборудования для бурения нефтяных и газовых скважин.»

6. Н. Тұяқбай . «Барлама бұргылау.»

7. Джилкибаев Е. С, Кабдушев А. А, «Мұнай газ саласындағы жабдықтардың тоттануы».

REFERENCES

1. Yemelin MI Gerasimenko AA "Zashita mashin ot korozii v uslovijah ekspluatacii" M. 1980 224s

2. Michael YI "Korozia Metalov in atmosfernyh usdloviyah. Korozia I zashita ot korozii. "M VNIITCH 1974g 153-205s

3. Medvedev ML “Korozia i zashita oborudovaniya pri pererabotke nefti I gaza "Moscow 2005g

4. Nikitenko EA, Nelman YM "Monter po zashite podzemnyh truboprovodov ot korozii" M. Nedra 1981g.

5. R.A. Bogramov. "Mashiny I oborudovaniya dlya bureniyaa neftyanyh I gazovyh skvazhin."

6. N. Tuyakbay. "Barlama burgylau."

7. E.Jilkibayev, A. C Kabdushev "Corrosion of equipment to the oil and gas industry".

Гизатова А.

Правильное использование электрохимической защиты магистральных трубопроводов

Аннотация. Причиной многих аварийных ситуаций магистральных трубопроводов является коррозия. Самая эффективная защита от корозий это электрохимическая защита. Для магистральных трубопроводов и резервуаров часто используется катодная защита. Техническая поддержка электрохимической защиты состоит их нескольких частей.

Ключевые слова: Коррозия, резервуар, катодная защита, полимер, ингибитор, протекторная защита, активная защита, пассивная защита.

Gizatova A.

Proper use of electrochemical protection of pipelines

Sammary. The cause of many accidents of pipelines is corrosion. The most effective protection against corrosion is electrochemical protection. For the main pipelines and tanks commonly used cathodic protection. Support electrochemical protection consists of several parts.

Keywords: corrosion, tank, cathodic protection, polymer, inhibitor, protector protection, active protection, passive protection.

ӘОЖ 622.323:621.642.84

Әмір Қ.М., Ахметжанова К.М.
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы қ,.Қазақстан

МҰНАЙ САҚТАУ КЕЗІНДЕ РЕЗЕРВУАРЛАРДА БОЛАТЫН БУЛАНУЛАРДЫ АЗАЙТУ

Аннотация. Мұнай шығындары – бұл негізінен мұнайды саңылаулы резервуарларда сақтау кезінде болатын жағдай, көбінесе мұнайдың булану дәрежесіне, яғни берілген температура мен қысым кезінде газ тәрізді күйге өту қабілеттілігіне тәуелді болады. Неғұрлым мұнайда жеңіл фракциялар көп болған сайын, соғұрлым оның буланууы да жоғары болады. Буланудан болатын мұнай шығындарын азайту үшін мұнайдың қаныққан бу қысымынан асып түсетін қысымды резервуарларда ұстап тұру қажет.Мұнайды резервуарда сақтау барысында мұнай шығынын азайту үшін газ теңестіру жүйесін пайдаланады.

Түйін сөздер:Резервуарлар паркі, мұнай шығындары, булану, қалқып жүретін қалпақша, понтондар, газ теңестіру жүйесі.

Мұнай резервуарлары деп – “шикі” және тауарлы мұнайды есепке алу, жинау және аз уақыт ішінде сақтау үшін арналған әр түрлі өлшемдегі ыдыстарды айтады. Бір жерде шоғырланған резервуарлар тобын резервуарлар паркі деп атайды.

Тауарлы мұнай резервуарлар паркінің жалпы көлемі кез-келген кен орнының барлық өндіруші ұңғыларының екі тәуліктік жоспарлы өндірілген өніміне тең болуы керек.

Мұнай резервуарларын өртенбейтін материалдардан – металл немесе темір бетоннан – тұрғызады. Резервуарлар жер асты, жер үсті немесе жартылай көмілген болып келеді. Мұнайды жинау, сақтау және көлемін өлшеу үшін көпшілік жағдайларда болаттан жасалған цилиндрлік резервуарларды қолданады, ал бетоннан немесе темір бетоннан жасалған резервуарларды сирек қолданады. Кен орынның тауарлық парктерінде жазық немесе конустық жамылғысы бар, сыйымдылығы 1000-5000 м3 болатын резервуарлар тұрғызылады, резервуарлардың ортасына жамылғы қалқандары (щиттары) тірелетін орталық тірек орнатылады. Резервуарлардың конус тәріздес болып келген төбесі жиналған қардың салмағын, яғни сыртқы күштерді ұстап қалады, ал резервуар ішінде вакуум пайда болған кезде оған карсы әсер етеді, және қалыңдығы 2,5 мм. ден аспайтын болат жапырақтардан жасалады. Тік болат резервуарлардың негізгі мәліметтері 1 кестеде келтірілген[1].

Тік цилиндрлі резервуарлар былай жіктеледі:төменгі қысымдағы резервуарлар, оларды атмосфералық деп те атайды; понтондары бар резервуарлар; төбелері қалқымалы келген резервуарлар.

1 – кесте.

Тік болат резервуарлардың негізгі мәліметтері

Резервуарлар түрлері	Нақты көлемі, м3	Ішкі белбеу диаметірі, м	Биіктігі, м	Металдың меншікті шығыны, кг/м3
РВС-1000	1056	12,330	8,845	23,8
РВС-2000	2135	15,180	11,805	20,1
РВС-3000	3340	18,980	11,825	18,9
РВС-5000	4832	22,790	11,845	18,7
РВС-10000	10950	34,200	11,920	19,8

Атмосфералық типті резервуарлардың газ кеңістігіндегі ішкі қысымы атмосфералық қысымға жақын, оларға төбесі конус тәріздес болып келген резервуарлар жатады.

Болаттан жасалған резервуарларды зауытта жасалған элементтер мен дайын рулондық дайындамаларды пайдалана отырып индустриялық құрастыру әдістерін қолданып пісіріп-жабыстыру арқылы тұрғызады. Резервуардың корпусы сұйықтың гидростатикалық қысымына шыдайтындай етіп есептелген цилиндрлі қап тәрізді болып келеді.

Резервуардың іргесі мен табаны құрылғаннан кейін зауыттан дайын түрде жасалып әкелінген резервуар түбі салынады. Содан соң резервуардың бірінші белбеуі пісіріліп-құрастырыла бастайды. Құрастыру жұмыстары жүргізілген кезде шеңбер ұзындығына және геометриялық пішініне тұрақты бақылау жасалып отырады. Резервуардың бірінші белбеуінің тік қосылған жерін ультрадыбыспен және гамма-сәулелерін түсіріп тексереді.

Болаттан жасалынған резервуарлардың жабдықтары

Шикі және тауарлық мұнайды қабылдап алу, сақтау және өткізу шараларын жүргізу үшін резервуарлар арнайы арматуралармен және жабдықтармен жабдықталады. Резервуарлардың жабдықтары мыналарды қамтамасыз етеді:

- резервуарлардың толуын және босауын;
- мұнай деңгейін өлшеуді;
- мұнай сынамасын алуды;
- резервуарлардың тазалануын және жөнделуін;
- мұнайдың тұнуын және тауарлы мұнайдың астындағы судың жойылуын;
- резервуардағы қысымды қауіпсіздік шегінде ұстап тұруды.

Жер үстінде орна-ласқан тік цилиндрлі резервуардағы жабдықтардың орналасу сұлбасы 1-суретте көрсетілген.



1- сурет. Жер үстінде орналасқан тік цилиндрлі резервуардағы жабдықтардың орналасу сұлбасы.
1 – жарық люгі 1,2- гидравликалық сақтандырғыш клапаны, 3 – өрттен сақтандырғыш, 4 – тыныс алу клапаны, 5 – өлшегіш люк, 6 – деңгей көрсеткіші, 7 – кіру люгі, 8 – сифондық кран, 9 – дыбыстық жапқыш (хлопушка), 10 – қабылдау-өткізу құбыршасы, 11 – кері қосу құрылғысы, 12 – дыбыстық жапқышты басқару, 13 – лебедка; 14 – көтерілмелі құбыр; 15 – көтерілмелі құбырдың топсасы; 16 – роликті блок.

Резервуар төбесіне қабылдау-тарату құбыршасының үстіне жарық люгі 1 орнатылады. Төбесі ашық тұрған кезде ол арқылы резервуар ішіне жарық өтеді және тазалау немесе жөндеу жұмыстарын жүргізер алдында резервуарды желдетіп ауасын тазартады.

Гидравликалық сақтандырғыш клапан 2 тыныс алу клапаны жұмыс істемей қалған кезде резервуардың газ кеңістігіндегі артық қысымды немесе вакуумды шектеуге, сонымен қатар, тыныс алу клапанының қимасы жеткіліксіз болған кезде тез арада газ немесе ауаны шығаруға арналған. Сақтандырушы клапандар тыныс алу клапандарына қарағанда жоғары қысымға және вакуумға есептелген (артық қысым 588 Па және босату қысымы 392 Па). Сақтандырушы клапанға гидравликалық тығын түзетін қатпайтын, буланбайтын тұтқырлығы аз сұйықтар құяды (глицерин, этиленгликол ерітіндісі және т.б)

Өрттен сақтандыргыш 3 резервуарда тыныс алу және гидравликалық сақтандыру клапандарымен бірге жинақталған түрде тұтас орнатылады, ол гидравликалық және тыныс алу клапандары арқылы резервуардың газ кеңістігіне жалынның кіріп кетпеуін қамтамасыз етеді.

Оның жұмыс істеу принципі мынадай: жалын өрттен сақтандырғышқа түсе отырып, қимасы кіші каналдар жүйесінен (кассеталардан) өтеді, нәтижесінде жалын күші жекелеген ұсақ ағындарға ыдырайды да өшіп қалады. Өрттік сақтандырғыштардың негізгі бөлшектері -түсті металдардан жасалған спиралді ленталы кассета.

Тыныс алу клапаны 4 резервуарды толтыру және босату кезінде, немесе сыртқы температураның өзгеруі нәтижесінде резервуар ішіндегі қысым шектен асқан кезде немесе вакуум туындаған кезде резервуардың газды кеңістігін автоматты түрде атмосферамен (яғни, сыртқы ортамен) байланыстырады. Ол екі клапаннан тұрады: қысым клапаны және вакуум клапаны.

Тыныстау клапаны келесі түрде жұмыс жасайды: резервуар ішіндегі қысым жоғарылаған кезде қысым клапаны көтеріліп, артық газ атмосфераға шығарылады, ал резервуар ішіндегі қысым төмендеген кезде вакуумдық клапаны ашылып, резервуарға ауа кіреді.

Қысым клапаны мен вакуум клапаны белгілі бір қысыммен реттеліп отырылады және резервуар ішіндегі қысымның ұлғаюы немесе азаюы белгілі бір шамаға жеткенде ғана ашылады. Тыныс алу клапандарының өлшемдері олардың өткізгіштік қабілеттеріне байланысты таңдап алынады. Тоттанбас үшін тыныс алу клапанының тұлғасы мен клапан отырғызылатын ершігі алюминий қорытпасынан жасалады.

Клапанның өлшемі, мм	50	100	150	200	250
Өткізгіштік қабілеті, м3/сағ	25	72	142	240	304

Өлшегіш люк 5 резервуардағы мұнай деңгейін және тауарлы мұнай астындағы суды өлшеу үшін, сонымен қатар, сынама алғыш аспаппен мұнайдан сынама алу үшін қызмет етеді. Өлшегіш люктің ішінде бағыттаушы колодка орналасқан, ол арқылы резервуарға лоты бар өлшегіш лентаны түсіруге болады. Колодканы ұшқын шығармас үшін мыс немесе алюминиден жасайды.

Резервуардағы мұнай деңгейін өлшеу және мұнай мөлшерін жедел есептеу үшін УДУ деңгей көрсеткішін қолданады (1сурет, 6). Аспап саңылаусыз қапта орналасқан қалтқыма менөлшегіш лентадан тұрады. Деңгей өзгерген кезде қалтқыма бағыттауыш арқан арқылы қозғалады, ал өлшеуіш лента болса, бақылап отыратын аспап қорабындағы блокқа оралады. Аспапқа диспетчерлік пунктке мәлімет беретін (яғни, деңгей көрсеткішін көрсететін) құрылғыны қосуға болады.

Кіру люгі 7 резервуардың төменгі белдігіне орнатылады және резервуарды тазалау мен жөндеу кезінде резервуар ішіне адамдардың кіруіне, сонымен қатар, осы жұмыстарды жургізу кезінде оны желдетуге арналған.

Сифондық кран 8 резервуардың төменгі жақ бөлігінде жиналған қабат суларын мұнай ұстағышқа қарай ағызу үшін сифондық құралды қосу кезінде пайдаланылады.

Дыбыстық жапқыш 9 ысырмалардың істен шығуы кезінде немесе құбырлардың апаттық жағдайында мұнайдың резервуардан ағып кетпеуін қамтамасыз етеді. Дыбыстық жапқыштар басқарылатын және басқарылмайтын болып келеді. Резервуарға мұнай құйып жатқан кезде мұнай ағымының қысым күшінен дыбыстық жапқыштың қақпағы ашылады, ал мұнай айдауды тоқтатқан кезде дыбыстық жапқыштың қақпағы озінің салмағы әсерінен орнына қайта түседі де, құбырды жабады. Резервуардан мұнайды ағызған кезде дыбыстық жапқыштың қақпағын арнайы лебедкамен ашады, ал лебедканың өзі айналатын барабаннан және оған оралатын болат арқаннан тұрады.

Қабылдау-өткізу құбыршасы 10 резервуарға сұйықты беру және резервуардан сұйықты шығару үшін қолданылады, оған резервуардың ішінен дыбыстық жапқыш пен көтерілмелі құбырдың топсасы бекітілген. Қабылдау-өткізу құбыршасының диаметрлері айдалатын мұнайдың берілген өнімділігімен анықталады және 150-700 мм аралығында өзгеріп отырады. Қабылдау-өткізу құбыршасының диаметрін таңдау барысында сұйықтың қозғалу жылдамдығы 0,5-2,5 м/с аралығында өзгереді деп қабылдайды.

Кері қосу құрылгысы 11 дыбыстық жапқыш (хлопушка) қақпағының екі жағындағы мұнай қысымын теңестіріп отыру үшін қажет, яғни мұнайды резервуардан қабылдау-өткізу құбыршасына қарай кері жібереді. Кері қосу құрылғысы биіктігі 6 метр болатын барлық резервуарларда орнатылады.

Көтерілмелі құбыр 14 резервуардың ішінде топсаға (шарнирге) 15 орнатылады, ол қажетті биіктіктен мұнайды алуға арналған және роликті блок 16 арқылы лебедкамен 13 қозғалысқа келтіріледі.

Мұнайды резервуарларда сақтау кезінде шығынды болдырмау

Жеңіл фракциялардың буланууына байланысты мұнайдың негізгі шығындары резервуарлардың кіші және үлкен көлемде “тыныс алуының” әсерінен болады [2].

Резервуарлардың кіші “тыныс алуы” тәуліктік температураның және сырттағы ауаның барометрлік қысымының өзгеруі әсерінен болады. Күндіз резервуарлардың және оның ішіндегі мұнайдың жоғарғы бөлігі қызған кезде саңылаусыз жабылған резервуардағы булардың мөлшері мен олардың серпімділігі ұлғаяды және егер қысым резервуарға есептелген қысымнан асып түссе, онда булардың бір бөлігі сақтандырушы немесе тыныс алу (яғни, қысымды және вакуумды реттеуші) клапандары арқылы резервуарлардан атмосфераға (яғни, сыртқа шығады) шығады. Түнгі уақыттарда ауаның температурасы төмендеген кезде резервуардағы мұнай буларының бір бөлігі конденсацияланады да, қысым төмендейді және пайда болған вакуум резервуарға есептелген вакуумнан көп болған кезде резервуардың газды кеңістігіне сырттан ауа кіреді.

Резервуарларды мұнаймен толтырғанда және оны босатқанда бу қоспаларын шығару және сырттағы ауаны кіргізу процестері жүреді, оны үлкен “тыныс алуы” деп атайды. Үлкен “тыныс алуы” кезіндегі жеңіл фракциялардың шығыны резервуарлардың кіші “тыныс алуы” кезіндегіге қарағанда айтарлықтай үлкен.

Резервуарлардағы мұнайдың буланууы кезіндегі көмірсутектердің шығынын азайту әдістерін шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1. мұнайдың буланууын ескертетін әдістер;
2. буланууды азайтатын әдістер;
3. булану өнімдеріп жинау әдістері.

Мұнай шығындары – бұл негізінен мұнайды саңылаулы резервуарларда сақтау кезінде болатын жағдай, көбінесе мұнайдың булану дәрежесіне, яғни берілген температура мен қысым кезінде газ тәрізді күйге өту қабілеттілігіне тәуелді болады. Неғұрлым мұнайда жеңіл фракциялар көп болған сайын, соғұрлым оның буланууы да жоғары болады. Буланудан болатын мұнай шығындарын азайту үшін мұнайдың қаныққан бу қысымынан асып түсетін қысымды резервуарларда ұстап тұру қажет.

Бірақбұл әдіс көлемі үлкен резервуарларға жарамайды, өйткені олар 1962 Па-дан жоғары қысымға есептелінбеген, сондықтан қазіргі уақытта қалтқымалы қалпақшаны немесе понтондарды қолдана отырып, резервуардың газды кеңістігін азайту немесе минимумға дейін апаруды қолданады.

Қалқып жүретін қалпақшасы бар резервуарлардың тұрақты жамылғысы болмайды (яғни, төбесі жабылмайды), ал шатырдың ролін сұйықтық бетінде қалқып жүретін болат листтерден жасалған диск қалпақша атқарады. Қалқып жүретін қалпақшасы бар резервуарлар тыныс алу клапандарымен, өлшеу қондырғыларымен және люктармен жабдықталады. Тыныс алу клапаны резервуар қалпақшасын (шатырын) резервуардағы өнімді толығымен алу, яғни босату кезінде пайда болатын вакуумнан және резервуар қалпақшасы (шатыры) төменгі жағдайда болған кезде резервуарға өнімді құю, яғни толтыру барысында пайда болатын артық қысымнан қорғау үшін қажет. Шатырдың батпауын саңылаусыз бөлім – понтондар қамтамасыз етеді. Қалқып жүретін қалпақшалар қалыңдығы 4-5мм болатын болат листтерден пісіріліп жасалады және өткізгіштілікке сыналады. Резервуардың қалпақшасы (шатыры) мен қабырғасының арасындағы саңылауды түсті металдан немесе асбесттік матадан жасалған арнайы тығындармен нығыздайды. Жауын сулары резервуар төбесінен дренажды құбырлар бойымен ағып, резервуардан тысқары жерге тасталады.

Понтондары бар резервуарлар қалқып жүретін қалпақшасы бар резервуарлармен салыстырғанда едәуір қарапайым болып табылады. Понтондар металдан немесе пластмассадан жасалады. Понтондар, оның жүзбелігін қамтамасыз ететін қалқымалары бар дискті білдіреді. Понтон мен резервуар тұрқы арасындағы саңылауды тығындау үшін беизинге төзімді резинамен сіңірілген асбестік матадан немесе түсті металдардан жасалған арнайы тығындар жасалады, олар ішіне серпімді материал салынған пілте тәріздес пішінге ие. Тұрақты төбесі (шатыры) бар резервуарларда тұрғызылатын понтондар атмосфералық жауын-шашынның түсуінен сақтандырылған, ол синтетикалық жұқа материалдардан жасалған жеңілдетілген конструкцияларды қолдануға мүмкіндік береді. Шет елдерде пластмассалық тегіс шариктерден және пластмассалық пленкадан жасалған экрандар кеңінен қолдау тапты.

Қалқып жүретін қалпақшаларды және понтондарды қолдану жиі толтырылатын және босатылатын резервуарлар үшін едәуір тиімді, яғни айналу коэффициенті үлкен.

Қалқып жүретін қалпақшаның және понтондардың құрылысы резервуардың тұрақты төбесіне (шатырына) қарағанда қымбатқа түседі, алайда бағасындағы айырмашылық мұнайдың жеңіл фракцияларының шығынын үнемдеу есебінен бір жылдың ішінде-ақ өтеледі.

Резервуарларда мұнайдың буланып ұшып кетуін азайту тәсілдеріне күн сәулесінің әсерінен қызудан қорғауды жатқызуға болады. Бұл үшін резервуарларды сәулені шағылыстыратын бояумен бояйды (ақ немесе алюминий түсімен), негізі ақ бояумен бояған алюминий түсімен бояғанға қарағанда едәуір тиімді. Резервуарларды бояу бір жағынан атмосфералық тоттанудан қорғау болып табылады, сондықтан да бояулар тоттануға төзімді болуы керек.

Мұнайды резервуарда сақтау барысында мұнай шығынын (яғни, жеңіл фракциясының ұшып кетуін) азайту үшін газ теңестіру жүйесін пайдаланады. Резервуарлардың газды кеңістіктері газ құбырлары жүйесі арқылы бір-бірімен байланысады, яғни мұнай өнімімен толтырылып жатқан резервуарлардағы газдар босап жатқан резервуарларға өтеді, бірақ та резервуарлар жүйесінің синхронды жұмыс жасауын жүзеге асырудағы қиыншылықтарына байланысты оларға әдетте резервуар-компенсаторды және төбесі көтерілетін резервуарларды жатқызады. Бұл резервуарға (яғни, резервуар-компенсаторға) – резервуарларды толтыру барысында пайда болған артық газ келіп түседі және керісінше, резервуарлардан мұнайды босату (шығару) оны толтырудан асып түскен жағдайда, резервуар-компенсатордағы газ резервуарларға барады.

ӘДЕБИЕТ

1. К.І.Джиембаева; Б.М.Насибуллин «Мұнай кен орындарында ұңғы өнімдерін жинау және дайындау» //Алматы,– 2005.– 240 бет.

2. Е.М.Нұрсұлтанов «Мұнай және газды өндіріп , өңдеу»Алматы: Альманах. – 2009.– 464бет.

К.М.Ахметжанова, К.М.Әмір

Уменьшение испарения во время хранения нефти в резервуарах

Аннотация. Расход нефти наблюдается при хранений нефти в резервуарах с щелью,в большинстве случаях это зависит от степени испарения нефти, то есть от способности перехода в газообразное состояние при

заданной температуре и давлений. Чем больше легких фракций в нефти, тем больше происходит испарение. Для уменьшения расхода нефти испарением используется резервуары с большим давлением чем давление насыщенного пара нефти.

Ключевые слова: Парк резервуаров, расход нефти, испарение, понтоны, система уравновешивания газа

Akhmetzhanova K.M, Amir K.M

Reduction of evaporation during storage of oil in tanks

Sammary. The flow of oil is observed in the storage of oil in vessels with slit, in most cases it depends on the degree of oil evaporation, that is, on the ability of transition to the gaseous state at a given temperature and pressure. If light fractions more in the oil, occurs more evaporation. To reduce the consumption of oil by evaporation is used the tanks with higher pressure, than the saturated vapor pressure of oil.

Keywords: Park reservoirs, oil consumption, evaporation, pontoons, system balancing gas

УДК 553.98(574)

Енсепбаев Т.А., Аймагамбетов М.У, Топаев С.[1]
[1]Казахский национальный исследовательский технический университет им.К.И.Сатпаева
[2]ТОО «Алмекс плюс»
tensep@mail.ru

ИЗМЕНЕИЕ ФАЗОВОГО СОСТОЯНИЯ И МИКРОТЕРМОМЕТРИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЖИДКИХ ВКЛЮЧЕНИЙ В КАМЕННОУГОЛЬНО-ПЕРМСКИХ ГОРНЫХ ПОРОДАХ ПРИКАСПИЙСКОЙ СИНЕКЛИЗЫ

Аннотация. Целью данной работы является определение температуры (Т), давления (Р) и минерализациивodных жидкостей (Х), которые циркулировали на достаточно больших глубинах (2-3 и более километров) с помощью изучения жидких включений в кристаллах кальцита. Данные параметры дают возможность определить термобарическую эволюцию рассматриваемого бассейна. Актуальность работы заключается в том, что восстановление палеотемператур помогает определить степень зрелости органического вещества, а значит оценить нефтегазоносный потенциал рассматриваемой седиментационной нефтегазоносной области.

Ключевые слова. Жидкие включения, микротермометрия, температура плавления, температура гомогенизации, Прикаспийская синеклиза.

С целью определения термобарической эволюции рассматриваемого нефтегазоносного бассейна необходимо нахождение параметров "Давление-Температура". Были проведены аналитические исследования методом микротермометрии.

Проведение микрометрии состоит в измерении температур в момент изменения фаз в жидком включении при нагревании или замораживании [1,2,3]. Используемый прибор состоит из оптического микроскопа в проходящем свете, оборудованный микротермометрической пластиной.Данная методика состоит в измерении температур в момент изменения фаз в жидком включении при нагревании (термометрии) или замораживании (криометрии). Температура плавления (Tf) H2O: позволяет определить соленость эквивалентную весовым процентным эквивалентам NaC1 в соответствии с данными [4] в случае жидких включений, лишенных парообразных частей. Температура гомогенизации (кипения) – Th соответствует минимальной температуре формирования жидких включений.

В связи с наличием потока тепла от ядра Земли к поверхности с глубиной возрастает и температура. При образовании флюидного включения в нем частично, консервируется и изначальная температура той среды подземных недр. Метод гомогенизации состоит в том, что для определения температуры минералообразования жидкие включения переводятся путем их нагревания из гетерогенного состояния в гомогенное. При этом температура гомогенизации включения принимается за минимальную температуру его консервации минералом (кальцитом), т. е. за температуру образования минерала или зоны минерала, в которой находится данное включение.

Включения имеют разные размеры, но большинство из них не превышает 10 мкм. Процентное содержание жидкой фазы изменяется от 85 до 95 %. Большинство данных получено по кальциту, являющимся хрупким минералом.

Изменение фазового состояния. В случае двухфазных жидких включений нами наблюдалась гомогенизация преимущественно в жидкой фазе. При данной температуре исчезает граница раздела фаз жидкость-газ. Надо отметить, что не отмечался обратный процесс, т.е. процесса гомогенизации в газовой фазе (конденсация).

Распределение различных типов включений

Также были изучены монофазные и двухфазные жидкие включения верхнепалеозойских горных пород. В пермских отложениях и редко в терригенных отложениях кунгурского яруса наблюдались монофазные включения (Mw). Двухфазные жидкие включения (Lw) наблюдались эпизодически в образцах каменноугольного возраста площади Кумсай

Рис. 1. Моно- (Mw) и двухфазные (Lw) жидкие включения в кальците заполнения трещины образца Кумсай, башкирский ярус; х400, проходящий свет.

Двухфазные водные включения.

Диаграмма «Температура гомогенизации – глубина». Значения температур гомогенизации включений достаточно разбросаны изменяются между 60° (1993) и 205°С в интервале глубин 2200м (Восточный Жагабулак) и 5648 м (Кумсай 4П). Малое количество замеренных зон не позволяет развить точную реконструкцию термической эволюции данного бассейна. Вместе с тем имеющиеся данные позволяют сделать следующие выводы:

- монофазные включения, соответствующие, по всей вероятности, низким температурам образования (<60-80)°С наблюдались при глубинах более 2500 м, вплоть до 5000 м. Это указывает на небольшой термический градиент, который позволял сохранять эти включения в равновесии.Можно предположить, что они были сформированы при температурах более низких нежели те, что наблюдаются в настоящее время (градиент равен 2°С/100м, или около 110-120°С на глубине 5000 м).
- температуры гомогенизации распределены между двумя термическими градиентами от 20 до 30 ±5°С/км.

Принимая во внимание данные по соленности и плотности, полученные по микротермометрии, были построены осредненные изохоры для графика зависимости давления от температуры с использованием данных литературы [4].

Условия формирования водных включений

Для двухфазных включений отмечается соленость изменяющаяся от 10-12% весовых эквивалентов NaCl вплоть до 0% и достаточно высокую изменчивость Th от очень низкой –60°С до повышенной +130°С с возможной погрешностью связанной с постловушечными явлениями в карбонатах. После нанесения на график изохор (65°, 115°С, рис. 5) были нанесены также геотермические градиенты (30°С/км) в литостатическом и гидростатическом режимах.



Рис. 2. График зависимости ’Давление-Температура’ с изохорами водных включений (Th = 65°C для Кумсая-811; осреднённая изохора Th = 115°C для других образцов) и геотермические градиенты (30°C/км) в гидростатическом и литостатическом режимах

Пересечение изохоры 115°C с гидростатическим градиентом 30°C/км дает параметры следующие P/T: 350 атм, 130°C. Геотермический градиент в литостатическом режиме не может быть принят во внимание, т. к. точка пересечения дает нереальное значение давления.

Изохора ’65°C’ соответствует образцу Кумсай 5638м. Интерпретация по паре давление-температура непроста; возможны две основные гипотезы.

1) Флюиды были сформированы в ловушках перед наблюдающимся сейчас прогибанием. В этом случае, пересечение изохор с гидростатическим градиентом (30°C/км) ведет к невысоким значениям давления и температуры (180 атм, 70°C); напротив, пересечение с литостатическим градиентом (30°C/км) соответствует значениям P,T. в 500атм. и 85°C. Эта температура схожа с типом углеводоров наблюдаемым во включениях Кумсая и данными ОСВ

2) Флюиды были сформированы на глубинах эквивалентных современным глубинам. Возможны следующие две пары экстремальных значении P-T: 92°C, 560 атм, соответствующие гидростатическому градиенту в 12°C/км и 120°, C, 1300 атм соответствующие литостатическому градиенту 20°/км (рис. 3).



Рисунок 3 - Геотермические градиенты в гидростатическом и литостатическом режимах, соотнесенные с изохорой водного включения (Th = 65°C) для глубины образования ловушки, эквивалентной современной глубине (5638 м).

Учитывая крайне небольшое количество жидких включений в образцах, которые могут быть изучены трудно выбрать со всей определенностью какую-либо из этих гипотез.

Однако, можно сформулировать следующие **выводы**, основанные на проведенных исследованиях:

- Минерализация водных включений соответствует 10-12% весовых эквивалентов NaCl.

• Комплекс полученных данных показывает своеобразные условия диагенеза бассейна, характеризующиеся относительно слабыми температурами.

• Большие давления могут объяснить относительную бедность жидкими включениями – раскрытие и улетучивание при деформации кальцита.

• Наличие большого количества монофазных включений, а также низких значений температур гомогенизации (60-70°С) по части образцов позволяют предположить, что жидкие включения были слишком подвержены постловушечным явлениям (деформации, раскрытия), для того чтобы их современное состояние привнесло существенную помощь в интерпретацию, т.е. измеренные температуры гомогенизации (=65°С) возможно занижены и не отражают истинные условия.

• По результатам интерпретации графиков «давление – температура» по двум наиболее распространенным температурам гомогенизации получены пары давление / температура - 350 атм / 130°С и 500 атм / 85°С.

ЛИТЕРАТУРА

1. Беспаев, Х.А., Парилов Ю.С. Условия образования месторождений меди, свинца, цинка и железа Казахстана: (по результатам изучения флюидных включений). - Алматы: «Гылым», 1999.-352 с.

2. PotyB, Leroy J, Jachimowicz L. Un nouvel appareil pour la mesure des temperatures sous le microscope: l'instalation de microthermometrie Chaixmeca. Bulletin de Liaison de la Societe française de Mineralogie et Cristallographie, 1976, 99, 182-186.

3. Roedder, E. and Bodnar, R.J. Geologic pressure determinations from fluid inclusion studies. Ann. Rev. earth Planet. Sci., 1980, 8, 263-301.

4. Zhang, Y.G. and Frantz J.D. Determination of the homogenization temperatures and densities of supercritical fluids in the system NaCl-KCl-CaCl-H2O using synthetic fluid inclusions. Chem. Geol., 1987, 64, P 335-350.

Yensepbayev T.A., Aimagambetov M.У., Topayev S.

The change of phase state and microthermometric characterization of fluid inclusions in the Carboniferous-Permianrocks of Precaspian syncline.

Sammary. The aim of this study is to determine the temperature (T), pressure (P) and the mineralization of aqueous liquids (the X), which circulated at a depth of 3-4 km by studying the fluid inclusions in crystals of calcite. These parameters make it possible to determine the evolution of the considered thermobaric basin.The relevance of the work lies in the fact that paleotemperatures recovery helps determine the degree of maturity of organic matter in sedimentary rocks. This option is one of the major oil and gas potential in the evaluation of any sedimentary oil and gas field.

Keywords: Fluid inclusions, microthermometry, melting temperature, homogenization temperature, Precaspiansyneclise.

Енсепбаев Т.А., Аймагамбетов М.У, Топаев С.

Фазалық жай-күйініңөзгеру және Каспиймаңы синеклизасының Көміртас - Перм тау жыныстардың сұйықтық кірмелердің микротермометрлік сипаттамасы

Түйіндеме. Осы зерттеудің мақсаты кальцит кристалдардағы сұйықтық кірмелерді зерттеу арқылы жеткілікті үлкен тереңдігі (2-3 км немесе одан да көп) айналатын температура (Т), қысым (Р) және сулы сұйықтықтарды минералдануы (Х), анықтау болып табылады. Бұл параметрлер бассейннің термобараметр эволюциясын анықтауға мүмкіндік береді.Жұмыстың өзектілігі палеотемпературa қалпына келтіру органикалық заттардың кемелділік дәрежесін айқындауға көмектеседі, және, осылайша, қаралатын седиментация мұнай-газ атырабын мұнай-газ бар әлеуетті бағалау.

Түйін сөздер. Флюид кірмелері, микро-термометрия, балқу температурасы, гомогенизация температурасы, Каспий синеклизасы

ӘӨЖ 576.8:095;631.445

Есенжолқызы А., Анапияев Б.Б., Искакова Қ.М.
Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: yessenzholkyzy_alfiya@mail.ru

МҰНАЙ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІМЕН ЛАСТАНҒАН ТОПЫРАҚТЫ БИОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН ТАЗАЛАУ

Аңдатпа. Мақалада мұнай өнімдерімен ластанған топырақты тазартуда әртүрлі микроорганизмдерді қолдану әдістері келтірілген. Физикалық және химиялық шаралармен салыстырғанда, топырақты мұнай өнімдерінен тазалауда микроорганизмдерді пайдалану жолымен биотехнологиялық әдісті қолданудың экономикалық тиімділігі көрсетілген

Түйін сөздер: биотехнология, биотехнологиялық әдістер, биоремедиация, мұнай тотықтырғыш микроорганизмдер.

Қазақстан дүние жүзі бойынша мұнай державасы болып саналатын елдердің қатарында. Мұнай қоры бойынша дүние жүзінде 13-ші орынды иеленсе, ал мұнай шикізатын өндіру көлемі бойынша 18-ші орынды алады. Европа және Азия елдері ішінде Қазақстан Ресей, Ұлыбритания, Норвегиядан кейінгі төртінші орында тұр. Территориямыздың 1 млн 700 мың шаршы шақырымын мұнай және газ қоры алып жатыр. Қазіргі таңда 208-ден астам мұнай газ кен орындары ашылған. Басым көпшілігі Батыс Қазақстан облысы аумағында орналасқан. Еліміздегі осы мұнай-газ қоры: өзінің мол қорымен және әлемдік нарықтық экономикадағы алатын рөлінің жоғары дәрежеде болуымен сипатталады. Ал,бұл мұнай қоры Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Ақтөбе және Батыс Қазақстан аймақтарында шоғырланған.

Мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, өңдеу және тасымалдау жердің топырақ қабатының құнарлығына кері әсерін тигізеді.Батыс Қазақстандағы мұнаймен ластанған жер көлемі 194 мың гектардан астам, ал жыл сайынғы төгілген мұнай мөлшері 5 млн. тоннадан асады.

Топырақтағы органикалық заттардың сандық және сапалық құрамының өзгеруі, қоршаған ортаға мұнай мен мұнай өнімдерінің түсуі, сыртқы факторлар мен пайда болған табиғи жағдай, жүйедегі, жануарлар, өсімдіктер, микроағзалар дамуының бұзылуына немесе өзгеруіне әкеледі. [2, с.59]

Топырақтың мұнай және мұнай өнімдерімен ластануы – экология және қоршаған ортаны қорғаудың ең қиын және көпжоспарлы проблемаларының бірі. Мұнаймен ластану – көлемі жағынан, улылығы жағынан алсақ та әлемдік деңгейдегі қауіп болып табылады.Мұнаймен ластанудың кері әсері екі жолмен жүзеге асады:

- Организмдердің токсиканттармен тікелей байланысуы;
- Жанама – өсімдіктердің жойылуы мен топырақ құрамының физикалық және химиялық өзгеруі.

Топырақтағы мұнай мен мұнай өнімдерінің төмендеуі үшін қолданылатын әдістер:

- Механикалық;
- Физико-химиялық;
- Микробиологиялық

Топырақтың мұнаймен ластануын жою әдістері

Механикалық әдіс:

- Ластанудан қорғану, мұнайды сыйымдылықтарға айдау: Сәйкес келетін техникалар мен резервуарлар бар болғанда кең көлемде мұнай төгілгенде біріншілік шара ретінде жүзеге асады (мұнай жер қыртысына енгенде топырақты тазарту мәселесі шешілмейді)
- Топырақты ауыстыру: Ластанған топырақты табиғи ыдыратуға шығару

Физика-химиялық:

- Өртеу: Жоғары температураның жетіспеуінен атмосфераға мұнайдың айдалған және шала тотығу өнімдері ұшуы мүмкін; жанған жерді толығымен тазалап, сыртқа шығарып тастау керек
- Тұтануды доғарту: Қайта құю кезінде жеңілтұтанғыш өнімдерді тұтандырмау үшін цехтарда, тұрғын үйлерде, көлік магистральдарында өртке қарсы көбіктерді құяды немесе сорбенттермен көмеді
- Топырақты шаю: Топырақтарды шайған кезде арнайы шаятын барабандарда БАЗ-дың көмегімен іске асырылады, шайылғаннан қалған суларды арнайы гидроизоляцияланған көлшіктерде немесе сыйымдылықтарда тұндырады. Бұл суларды ары қарай бөлу және тазалаудан өткізеді.
- Топырақтарды құрғату: Құрғату жүйесі арқылы топырақты шаюдың бір түрі; мұнайды ыдыратын бактерияларды қолданатын биологиялық әдістермен бірге жүзеге асады
- Еріткіштермен экстракциялау: Негізінен, арнайы шаятын барабандарда ұшқыш еріткіштердің көмегімен іске асырылады, еріткіштердің қалдық булары айдалады
- Сорбция: Қатты бетке (асфальт, бетон, тапталған жер) төгілген мұнайды сорбенттермен көмеді, олар мұнай өнімдерін бойына сіңіріп, жеңіл тұтанғыш өнімдердің өрт қауіптілігін төмендетеді
- Термиялық десорбция: Сирек қолданылады, қажетті өнімдерді (мазут фракциясына дейін) көп мөлшерде алуға болады

Биологиялық әдіс:

- Биоремедиация: Мұнай ыдыратушы бактериялар қолданылады. Дақылдарды топыраққа жер жырту арқылы енгізеді, кезеңімен тынайтқыштар ерітінділерін қосып, қадағалайды. Өңдеу тереңдігі, топырақтың температурасы (15 0С жоғары) шектеулі, процесс 2-3 маусымға созылады

- Фиторемедиация немесе фитомелиорация: Топырақтағы мұнай қалдықтарын мұнайға төзімді шөптесін өсімдіктермен тазалау (жоңышқа, қымыздық, шалғын және т.б.), ластанған топырақты рекультивациялаудың соңғы кезеңі. [3, с. 87]

Мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған топырақты биологиялық объектілермен, соның ішінде микроорганизмдермен тазарту биоремедиация деп аталады.Биоремедиациялық әдіске негізделіп жасалған биопрепараттар мұнайды 95%-ға дейін деструкциялайды



1– сурет. Мұнай тотықтырғыш микроағзалардың жұмысы

Көмірсутегі тотықтырғыш микроағзалар топырақтың ажырамас бөлігі болған соң, олардың арнайы топырақтарды тазалайтын түрлерін тауып бөліп алып,оларды белсендендіру арқылы биоремедиация процесі жүреді. Бұл әдісте өзге агротехникалық шаралардан бұрын шешуші рөлді мұнай тотықтырғыш микроағзалар атқарады, олар мұнай және мұнай өнімдерін ыдыратады да соңғы өнім ретінде көміртегі мен суға ажыратады. [2, с.43]

Биоремедиация – бұл биологиялық объектілердің (өсімдіктер, саңырауқұлақтар, жәндіктер, құрттар және т.б. организмдер) метаболитикалық потенциалын пайдалана отырып, атмосфераны, ақаба суларды, топырақты тазартудың комплексті саласы. Биоремедиациялық жолмен топырақтың құнарлылығын қалпына келтіруге болады. Физикалы-химиялық әдіспен орташа есеппен 1 тонна топырақты тазарту үшін 12,5 мың доллар жұмсалса, биологиялық әдіспен 50-200 доллар жұмсалады. Биологиялық тотықтырудың негізінде табиғатта кең таралған мұнай тотықтырғыш микроорганизмдердің биохимиялық қызметі жатыр. Тазарту процесі нәтижелі болу үшін мұнай тотықтырғыш микроорганизмдердің жылдам көбейетін штамдарын пайдаланады. Биоремедиацияны тазалау жұмыстарының жүруіне байланысты екіге бөлуге болады:

Бірінші жолы бұл биоремедиация ***in situ*** – мұнда тазалау жұмыстары ластанған аумақта жүреді. Яғни топырақтарды өзге орынға тасымалдауды қажет етпейді, сондықтан да экономикалық жағынан тиімдірек. Бірақ, ластанған аумақ өте жоғарғы дәрежеде мұнай өнімдерімен ластанса немесе апат аймағында тазалау мүмкіндігі болмаса биоремедиацияның ex situ іне көшеміз.

Екінші жолы биоремедиация ***ex situ*** – мұнда тазалау жұмыстары кезінде ластанған топырақтар арнайы дайындалған полигондарға немесе арнайы тазалау орындарына тасымалданады. Екінші реттік ластануды болдырмас үшін тазалау орындары ластанған топырақтың таза топырақтармен байланысына жол берілмейтіндей герметикалық орындар болуы шарт. Биоремедиацияның бұл жолы қаражатты біріншісімен салыстырғанда көбірек қажет етеді. Казақстанның микробиологтарымен бүгінгі күнде қолданысқа енгізуге бірнеше мұнай тотықтырғыш микроағзалар штамдары бөлініп алынып, олардан биопрепараттар жасалуда. Аталған микроағзалар шикі мұнайды 84-98 % тазалау қарқындылығын көрсеткен. Жаңа препараттар «Мунайбак», «Бакойл», «Экобак» т.б. бөлініп алынған деструктор-микроағзалар мұнай өнімдерін тазалап қана қоймай, табиғи қалпына келтіруге септігін тигізеді. [1, с. 35]

Топырақтағы мұнай өнімдерінің мөлшері органогенді топырақтарда 15%-ды, ал минералды аралас топырақтарда 8%-ды көрсеткен кезде биологиялық тазартудың келесі сатысы фитомелиоративті жұмыстарға көшуге болады.Ластанған топырақтарды толықтай қалпына келтіру мақсатымен тамыр жүйесі кең таралған өсімдіктер енгізіледі, мұндағы мақсат көмірсутегілердің толықтай ыдырауына ықпал жасау. Рекультивациялық жұмыстардың соңғы қорытындысында топырақтарда өсімдіктер өсіп, топырақтардағы мұнай деструкциясының пайызы 90% жоғары болуы шарт.

Топырақтың ластанудан өздігінен тазарудың табиғи механизмдерінің ішінде микроорганиздердің орасан зор маңызы бар,олар үшін, көмірсутектері жалғыз ғана энергия көзі болып табылады. Қазіргі уақытта, мұнайды тотықтырғыш микроорганизмдердің 67 штаммдары айқындалған.

Көпшілік МТМ – дің псеудомонация тұқымдасына жатады. Олар Pseudomonas туысына біріктіріледі. Бұл туысқа жататындар органикалық заттарды, белоктарды, майларды, көмірсутектерді

және гумус заттарын ыдыратуға белсене қатысады. Pseudomonas туыстары шизомицетес класына жатады. Олар пішіні таяқша тәрізді, спора түзбейді, грамм әдісімен боялмайды. Диаметрі 1 мкм – ге тең. Клетканың бір немесе екі шетінде шоғырланған жіпшелері болады. Бұған вибриондар мен спириллалар жатады.

Pseudomonas aeruginosa НД К 3-1 штаммының сипаттамасы. Қозғалмалы таяқшалар 0,5-0,6 немсе 1,5-3,0 мкм шамасында. +41°С – та өседі, +4°С – тан төмен температураларда өспейді. Желатинаны гидролиздейді, крахмалды гидролиздемейді. Көміртегінің жалғыз көзі ретінде глюкозаны, -кетоглюконат, L-валин, DL-аргининді қолданады. Мезо-инозит, трегалозаны пайдаланбайды. Аргининдегидролазасы бар және лецитиназды белсенділігі жоқ. Нитратты денитрификациялауға қабілетті сапрофит. [4, с.90]

1-кесте.

Мұнай өнімдеріне қатысты бактерия штамдарының деструкциялық белсенділігі

Штамм	**Бензиннің деструкция дәрежесі, %**	**Керосиннің деструкция дәрежесі, %**	**Дизельдік отын диструкция дәрежесі, %**
Ps. pseudomallei	99,78	98,80	93,64
M. roseus 35	99,53	90,24	95,86
M. roseus 49	99,79	94,92	96,63
B. Firmus 72	99,64	96,16	97,96
A. Calcoaceticus	99,66	94,60	84,37

Pseudomonas fluorescens НД К 3-2 штаммының сипаттамасы. 0,5-1,0 немесе 1,5-5,0 мкм шамасындағы қозғалмалы таяқшалар. +4°С – та өседі, +41°С – та өспейді. Желатинаны гидролиздейді, крахмалды гидролиздемейді. Көміртегінің жалғыз көзі ретінде глюкозаны, трегалозаны, -кетоглюконат, мезо-инозит, L-валин, L-аргинин, L- арабинозаны, сахарозаны, сорбитті, пропионатты қолданады. Бутиратты қолданбайды. Аргининдегидролазалық және лецитиназалық белсенділікке ие. Нитратты денитрификациялауға қабілетті. Сапрофит. Консорциумның доминантты компоненті *Pseudomonas aeruginosa* НД К 3-1 штаммы болып табылады; Оның саны 60-70% - ды құрайды. Қолданылатын мұнайдың фракциялық құрамының өзгеруіне байланысты консорциум құрамы өзгеріп отыруы мүмкін. Ауыр мұнай фракцияларында доминантты компонет *Pseudomonas fluorescens* НД К 3-2 штаммы болып саналады. Олардың саны 55-65% - ды құрайды. [6, с. 36]

Көмірсутегі тотықтырғыш микроорганизмдер экологиялы-трофикалық микроорганизмдер топтарының ішіндегі ең маңыздыларының бірі, себебі әртүрлі биотоптарда толық тотықсызданған көмірсутегі молекулаларын зат алмасу процесіне қатыстырады. Дәлірек, олардың мұнай және мұнай өнімдерін ыдыратуда маңызды рөл атқарады. Сондықтан, көмірсутектерді тотықтырғыш микроағзалар функционалды белсенділігінің интенсивтілігі биотоптарда маңызды практикалық мәнге ие және мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған топырақтың қайта қалпына келуіне тікелей байланысты. Мұнайдың табиғи ыдырауында көмірсутегі тотықтырғыш бактериялардың алатын орны өте зор. Соған байланысты топырақты тазарту шараларында метаболиттік белсенділігі жоғары, мұнай және мұнай өнімдерін жақсы ыдырата алатын сол топырақтың құрамындағы микроорганизмдер штамын бөліп алу шараларының тәжірибелік маңызы зор.

ӘДЕБИЕТ

1. Поляков С.Н., Лушников С.В., Волков В.М., Негодяев С.В. Устранение последствий масштабного разлива нефтепродуктов на территории нефтехранилища угольного разреза. // Экология и промышленность.– 2005.–№3.– С. 31-35.

2. Халимов Э. М., Левин С. В., Гузев В.С.// Экологические и микробиологические аспекты повреждающего действия нефти на свойства почвы//Вестник Московского ун-та, серия: Почвоведение, 1996.- №2.-59 б.

3. Шигаева М.Х., Мұқашева Т.Д., Сыдықбекова Р.Қ. Көмірсутегін тотықтырушы бактериялардың ыдырату белсенділігін зерттеу //Вестник КазНУ. Серия биологическая. - 2007.- №1 (31). -С. 87-90.

4. Шигаева М.Х., Мұқашева Т.Д., Сыдықбекова Р.Қ., Бержанова Р.Ж. Подбор питательной среды для приготовления препаратов из нефтеокисляющих микроорганизмов // Вестник КазНУ. Серия билогическая. - 2007. -№1 (31). -С.90-95.

5. Мукашева Т.Д., Шигаева М.Х., Бержанова Р.Ж., Сыдықбекова Р.К. Нефтеокисляющие микроорганизмы в очистке грунтов с высоким уровнем загрязнения. Материалы третьей междунардной научно-практической конференции ‹‹Экологические проблемы нефтегазового комплекса››. - Киев,-С.127-129.

6. Мукашева Т.Д. Стратегия отбора углеводорокисляющих микроорганизмов и их биотехнологический потенциал. // Автореферат. диссертации на соискание ученой степени доктора биологических наук., - Астана, - 37 стр.

Есенжолкызы А., Анапияев Б.Б., Искакова К.М.

Биотехнологические методы очистки почвы загрязненной нефтью и нефтепродуктами

Резюме. В этой статье рассматриваются методы использования микроорганизмов, с помощью которых можно очищать почву от нефтепродуктов. Биотехнологический метод с использованием микроорганизмов является экономический выгодным и эффективным, по сравнению с физическими и химическими методами очистки почвы от нефтепродуктов.

Ключевые слова: биотехнология, биотехнологические методы, биоремедиация, нефтеокисляющие микроорганизмы

Yessenzholkyzy A., Anapiyayev B.B., Iskakova K.M.

Biotechnological methods of cleaning soil contaminated by oil and oil products

Sammary. In clause the methods of clearing of ground polluted by petroleum are given, by application of various microorganisms. The economic efficiency application of biotechnological methods is marked in comparison with physical and chemical measures for clearing of ground.

Keywords: biotechnology, biotechnological methods, bioremediation, oxidizing microorganisms

УДК 553.98 (574)

Ескендиров Е. магистрант
Казахский национальный исследовательский университет имени К.И. Сатпаева
г. Алматы, Республика Казахстан
e.yeskendirov@gmail.com

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОГНОЗА НЕФТЕГАЗОНОСНОСТИ СОЛЯНОКУПОЛЬНЫХ СТРУКТУР ВОСТОЧНОГО БОРТА ПРИКАСПИЙСКОЙ ВПАДИНЫ

Аннотация. В рамках данной работы освещаются результаты проведенного детального изучения основных нефтегазоносных солянокупольных структур восточного борта Прикаспийского бассейна, а также теоретические аспекты прогноза нефтегазаносности.

Ключевые слова: Прикаспийская впадина, нефтегазоносность, солянокупольная структура, надсолевой комплекс.

Проблема прогноза нефтегазоносности солянокупольных структур является предметом изучения многих исследователей, но несмотря на многолетние нефтегазопоисковые работы, изучение строения и формирования солевых, надсолевых структур и связанных с ними залежей нефти, она не нашла должного решения. Это связано, прежде всего, со сложностью вопросов нефтегазоносности надсолевого комплекса. До настоящего времени не дана обоснованная оценка перспектив нефтегазоносности этих отложений, не разработаны критерии выделения зон нефтегазонакопления, остается дискуссионной проблема источников УВ, несмотря на применение новейших методов геохимических исследований.

Анализ информации о геологическом строении надсолевого и солевого комплексов, условиях залегания и геохимических особенностей нефтей показывает, что открытые скопления УВ – результаты сложного дискретного процесса, течение которого определялось взаимодействием множества факторов. И естественно, что эффективное решение проблемы прогноза нефтегазоносности солянокупольных структур возможно при выявлении и оптимальном учете этих факторов.

Многочисленные опубликованные материалы посвящены поискам параметров, прямо или косвенно определяющих возможность локализации промышленных скоплений УВ в солянокупольных структурах. При этом рассматривались самые различные факторы (мощности пород-коллекторов, покрышек, особенности строения куполов, мульд и др.), однако полученные разными исследователями данные по одним и тем же параметрам носят противоречивый характер. Ценность этих исследований заключается, прежде всего, в том, что они позволяют сделать следующие выводы: отсутствуют какие-либо факторы, которые можно рассматривать как критерии нефтегазоносности, определяющие наличие залежей УВ; влияние того или иного фактора следует

рассматривать как тенденцию, способствующую или не способствующую наличию залежей УВ. Следовательно, необходимы поиски факторов, оказывающих существенное влияние на нефтегазоносность солянокупольных структур, и количественная оценка суммарного влияния комплекса параметров с последующей классификацией объектов. Это возможно при многофакторном анализе моделей локализации скоплений УВ.

Построение моделей для надсолевого комплекса востока Прикаспийской впадины базируется на исключительной роли соляного тектогенеза, который был определяющим при развитии миграции, аккумуляции и консервации скоплений УВ. Неоднозначные суждения о генетической природе мезозойских нефтей создают определенные трудности при моделировании нефтегенерационной стадии процесса формирования залежей УВ. Однако широкое развитие нефтегазоносности в надсолевом комплексе (промышленные залежи, нефтегазопроявления в процессе бурения, признаки нефти по керну) свидетельствует о наличии достаточно зрелого генератора нефти, свойства которого по площади меняются несущественно, и нефтегазоносность надсолевых отложений определяется условиями миграции, аккумуляции и консервации УВ. Из этого следует, что бесспорные объекты исследований (элементы моделей) – производные соляного тектогенеза.

Как известно, основные тектонические формы надсолевого комплекса – соляные купола и межкупольные депрессии (мульды), которые в свою очередь осложняются элементами более низкого порядка и, таким образом, круг объектов исследований, как и возможных существенных факторов нефтегазоносности, весьма широк и одна из основных задач, которая возникает при построении моделей,– определить какие из тектонических элементов, производных галокинеза, являются дискриминантами, и какие характеристики этих элементов прямо или косвенно отражают развитие условий нефтегазоносности. Решение этой задачи основано на обобщении накопленной информации о геологическом строении и нефтеносности рассматриваемого района.

Наиболее существенные моменты обобщения, имеющие непосредственное отношение к рассматриваемому вопросу, заключаются в следующем. 1. Основной источник нефти для надсолевого комплекса – не подсолевые скопления УВ (мнение, превалирующее среди сторонников эпигенеза надсолевых нефтей), а материнские породы глинистой нижнепермской толщи, залегающей в кровле подсолевого комплекса. Генерированные УВ из этой толщи прорываются не в зону АВПД (подсолевые НГК), а при определенном строении мульд в надсолевые отложения. 2. Отдельные крылья одного и того же купола не равнозначны в отношении нефтегазоносности. Причем из всех крыльев куполов, обрамляющих мульду, лишь отдельные содержат залежи УВ. 3. Триасовые залежи, как правило, сопровождаются залежами в юрско-меловых отложениях. Примечательно, что триасовые скопления в плане смещаются относительно юрско-меловых к периклинальной части купола. 4. Наблюдается определенная связь между строением мульд и распределением залежей УВ.

Сүтқышқыл бактерияларының қышқылды қалай түзетіні арнайы биотехнологиялық әдістерді қолдана отырып зерттелді. Сүтқышқыл микроорганизмдер барық сүт өнімдерінде кездесетін, өте пайдалы, қышқылдығы мол өнім. Мысалған сиыр сүтінен болек қышқыл өнімдер: қымыз, шұбат қазақтың ұлттық сусындарының құрамындағы сүтқышқыл бактериялары адам ағзасына өте пайдалы және иммунитетті жақсарту, әр түрлі аурулардың алдын алып және емдеп, кейбір ауруларға қарсы тұру қасиеттері де бар. Биотехнология саласының мамандары осы қасиеттерін қолдана отырып, сүтқышқыл бактерияларының әр түрлі табиғи дәрі-дәрмектер жасауда қазіргі таңда көптеген жұмыстар жасап жатыр. Сол биотехнологиялық әдістердің бірі болып Тернер әдісі болып табылады. Тернер әдісін қолдана отырып сүтқышқыл бактерияларының қышқылдыққасиеттерінің ерекшеліктері анықталды. Сүтқышқыл бактерияларының қышқылдығы жоғары болған сайын оның құндылық қасиеті де жоғары болатыны анықталды.

Зерттеу ретінде сүтқышқыл бактерияларының бірнеше штаммдары алынды, *Lc.lactis subsp.cremoris* – 8Б, 11Б, 12Б дақылдарының штаммдары, *Lc.raffinolactis* штаммдары, *Lc.lactis subsp.lactis* – 21Т, 22Т, 23Т, 24Т, 25Т, 26Т, 14Т, *L.casei* – 40Ю, 42Ю, 43Ю штаммдары, *L.bulgaricus* дақылының 44Ю штаммы алынды.

Сүтқышқыл бактерияларының қышқылдығын 0,1 NaOH пен индикаторлы фенолфталеин қосылған ерітінді көмегімен Тернер әдісі бойынша анықталды. Титрлеу үшін колбаға 10 мл зерттелетін штаммы бар сүтті құйып, оған 20 мл дистилденген су мен 2-3 тамшы 1 фенолфталеинді спирт ерітіндісін қосады. Қоспаны толық шайқап, араластырып, 0,1 NaOH ерітіндісімен ашық –

қызыл түс пайда болғанша титрлейді. Титрлеуге жұмсалған 0,1 н сілтінің миллилитр мөлшерін 10 санына көбейтіп, Тернер градусы бойынша қышқылдық мөлшері анықталды. Ол 100 мл сүтті бейтараптауға жұмсалған 0,1 NaOH сілті мөлшерін көрсетеді. 10° Тернер 9 мл сүтқышқылына сәйкес келеді.

Осы жасалған зерттеу жұмыстарын жинақтай келе, мынандай қорытынды жасалды: қоректік ортада өскен сүтқышқыл бактерияларының қышқыл түзу қарқындары анықталды. МРС – 1 қоректік ортасында жылдам қышқыл түзушілерге 2 штамм (43Ю, 44Ю), орташа қышқыл түзушілер тобына 5 штамм (8Б, 11Б, 12Б, 41Ю, 42Ю) және әлсіз қышқыл түзушілерге 7 штамм (26Т, 14Т, 4Т, 5Т, 7Т, 8Т, 10Т) жатқызылды.

Қазіргі уақытта сүтқышқыл бактерияларының антагонистік қасиеттері жөнінде жинақталған мәліметтер саны өте көп, пробиотиктер жасауда және сүт, нан жасау өнеркісібтерінде сүтқышқыл бактерияларының белсенді, іріктелген дақылдары ғана қолданылатыны белгілі. Көптеген әдебитеттерге шолу жасай отырып антагонизм сүтқышқылы бактерияларының арасында кеңінен таралған құбылыс екенін бақаймыз. Антагонистік қасиеттер мен сүтқышқыл өнімдерінің зиянды микрофлорасына қарсы бактериоциндік және бактериостатикалық әсер ету қасиеттерінің болуына байланысты сүтқышқылы бактериялары сүт тағамдарын жасау өнеркәсібінде кеңінен қолданылады. Олардың бұл қасиеттері сол микроорганизмдердің негізгі метоболиттеріне (сүтқышқылы немесе сутегінің асқын тотығы) байланысты. Сүтқышқыл бактерияларының *Citrobacter, E.Coli, Proteus* тағы басқа патогенді бактерияларға қарсы жоғары антагонистік белсенділікке ие екені анықталды. Соған орай, сүтқышқыл бактерияларының антагонистік белсенділігінің эффективтілігін ескере отырып, көптеген емдік – профилактикалық препараттар жасалған.

Сүтқышқыл бактерияларының антагонистік қасиеттерін анықтауға агарға диффузиялау әдісі қолданылды. Әдістемесі: 25-30 мл ЕПА қоректік ортасын Петри табақшасына құйып, конденсат толық буланғанша кептіреді. Содан соң тест-дақылдарды даярлайды, яғни тест-дақылдары: *Escherichia coli, Bacillus subtilis, Staphylococcus aureus, Mycobacterium citreum, Mycobacterium rubrum, Pseudomonas aeroginosa, Salmanella typhimirium* бактерияларының бір күндік таза дақылдары қолданылады. Дақылдарды стерильді сумен сұйылтып, 1 мл 1 млн микроб денелері болатындай суспензия жасадық. Қоректік орта беріне 0,1 мл тест-дақылдарының суспензиясын тамызып, қоректік ортаның бетінде тест-дақылдар тегіс өсуі үшін стерильді шпатель көмегімен тегістедік. Қатты қоректік ортаның бетінде диаметрі 8 мм болатындай етіп стерильді бұрғымен (дыракол) шұңғыр (лунка) жасаймыз. Сүтқышқыл бактерияларын дайындау: зерттелетін штаммды майсыздандыратын сүт пен МРС-1 сұйық қоректік ортасында 30°С температура жағдайында 7 тәулік бойы өсіріп, содан соң әр тәулік сайын 0,2 мл мөлшерінде культуралдық сұйықтықты шұңғырға (лункаға) тамызып, Петри табақшасын 24 сағатқа термостатқа қоямыз. Бір тәулік инкубацияланғаннан кейін тест-дақылдардың өсу белгілері байқалған аймақтарының радиус (зона) мөлшерін есептейміз.

Сүтқышқыл бактерияларының антагонистік қасиеттері майсыздалған сүт қоректік ортасына қарағанда МРС-1 қоректік ортасында жоғары болды, оның себебі МРС-1 қоректік орта құрамында сүтқышқыл бактерияларының өсуіне қажетті витаминдерге бай қоспалардың болуымен байланысты. Сөйтіп, сүтқышқыл бактерияларының антагонистік қасиеттері мен қышқыл түзу қарқындары өзара байланысты екеніне тәжірибе арқылы көз жеткіздік, неғұрлым қышқыл түзу қарқыны жоғары болған тәулікте сүт қышқылы бактерияларының антагонистік көрсеткіштері де жоғары болады.

Сүтқышқыл бактерияларының антибиотикалық қасиеттерінің тууына оның құрамындағы бактериоцин деген зат себеп. Бактериоциндер – микробтық ақуыздар. Бактероциндер патогенді микроорганизмдердің өсуін тежейтін, табиғи антибиотикалық зат. Бактериоциннің антибиотиктерінің химиялық антибиотиктерден айырмашылығы адам ағзасыда ешқандай төзімділік тудырмайды. Бактериоциндер тек қана ауруды жойып қана қоймай, қалыпты микрофлораны қалпына келтіреді. Бактероциндер сүтқышқыл бактерияларының құрамында өте көп болады. Сүтқышқылды бактерияларының әр штаммынан әр түрлі бірнеше бактериоциндер бөлінеді. Антимикробтық күйде бактерияларды әр түрлі салада қолданып, тағамдардың сақталу мерзімін ұзарту мақсатында, pH төмендету және зиянды микроорганизмдерді жоюға көмектесетін бактероциндерді пайдаланып, ішек ауруларын тудыратын, тағамның тез зең басуына алып келетін патогенді микроорганизмдерді жоюға бактериоциндерді қолданып, бұрыннан осы салада жұмыстар атқарылуда.

Бактероциндер грам теріс (мысалы, *E.Coli, Pseudomonas florescences* т.б) және грам оң (мысалы, лактококтар *Lactococcus lactis subsp.lactis, Lactobacillus, Bacillus subtilis, Mycobacterium tuberculosis*) бактериялар түзе алатын антибиотикалық заттар. Бактероциндердің түзілуіне әр түрлі сыртқы факторлар мен культивирлеу әсер етеді: қоректік ортаның құрамы, pH, температура, сонымен қатар продуцентті инкубациялау уақыты. Бактериоциндердің түзілуіне клетка популяциясы, әр түрлі физико-химиялық әсер ету арқылы индуцирлеуге болады: ультрофиолет сәулелерімен, химиялық

мутагендермен, сірке қышқылы, ДНҚ-тропты заттар мен басқа агенттермен. Оларға әсер ету температурада әр түрлі. Біреулері 48-50°С температураға, кейбіреулері 60-70°С температураға шыдамдылық көрсетеді. Кейбір түрлері 100°С температурада белсенділігін сақтап, низин бактероцині 120°С температурада қайнатқанда да белсенділігін жоғалтпайды.

Сүтқышқыл бактериялары *Lactococcus, Lactobacillus, Pediococcus, Leuconostos* және т.б антибиотикалық заттар түзе алады. Бактероцин культуралдық сұйықтықта жиналады.

Бактериоциндерді бөліп алу мен зерттеу үшін күрделі биохимиялық және микробиологиялық әдістер (әр түрлі сорбенттердің қатысуымен жүретін химиялық электрогирлеу, хроматография, ультрафильтрация және т.б) қолданылады.

Бактериоциндердің бір шаммынан екі әр түрлерін алуға болатынын айтқан болатынбыз. Зерттеу барысында *Lactobacillus* 194-К штаммы екі бактероцин бөлетінін көрдік. Олар низин А және бактероцин 194-D. Бірақ екеуін салыстыра қарасақ 194-D бактериоциніне қарағанда низин А бактероцинінің патогенді микроорганизмдерге шыдамдылығы жоғары. Сүтқышқыл бактерияларының қоректік ортада ашу процессінің жүруіне қарай, қоректік ортаға бактериоциндерді бөліп шығарады. Бактериоциндерді ұқыпты бөліп алудың ең басты шарты экстрактіге арналған ерітіндінің дұрыс таңдалуы. Ол культуралдық сұйықтықтан да, клетка қабықшасынан да бактериоциннің дұрыс бөлініп алуын қамтамасыз етеді.

Lactobacillus 20-24 сағат бойы 28°С температурада стационарлық жағдайда культивирлейміз. Ол құбыр суы мен ашытқы экстрактылары бар, 10 г/л глюкозасы қосылған, pH 6,8-7,0 қоректік ортада өсіріледі. Осы қоректік ортадан құрамы әр түрлі ферментативті қоректік ортаға 5% мөлшерде лактобацияларды бөліп алып, алдындағыдай жағдайда культивирледік.

Антибиотикалық заттарды клетка және сұйық культурадан ацетон-сірке қышқылы-су (4:1:5) араласқан экстрактісі әдісімен 1,5 сағатта 55°С температурада бөліп алдық. Ерітінділер вакумға айдалды, алынған сулы концентратты жұқа қабаттық хроматография және қағазға электрофорездеу әдістерімен анализдедік. Антибиотикалық комплектарды фракциялық бөлімдерге бөлуі үшін және су ерітінділерімен араласпайтын хроматографиялық таза компонентті алу үшін, экстракттарды біріктіріп, бу үстінде майлы қалдықтар қалғанша вакумға айдайды. Осылай фракция В-антибиотикалық комплекті фракцияны алдық. Н-комплексінің негізгі фракциясын алу үшін, су ерітіндісіне метанол қосады. Түскен белгілерді әйнек фильтрлерге бөліп, 1 күн бойы вакумның астында эксикаторда кептіреміз. Хроматографиялық анализ. Антибиотикалық заттардың фракцияларын “Silifol” (Чехия) және DC-Ailifolien Kieselgel 60 (“Merck”, Германия) пластинкаларында метанол-су (96:4) системасында жұқа қабаттық хроматография әдісі арқылы бөледі. Осы жағдайда препараттық жұқа қабаттық хроматография ерекшк фракция компоненттерін алу мақсатында жасалынды.

Ацетон, гексан, н-бутанол, метанол мен хлороформ сияқты көптеген ерітінділермен тәжірибелер жасалған соң, оң оптималдысы хлороформ-метанол (96:4) қосындалары болып шықты.

Экстрактіні тұзсыздандыру үшін картриджи Диапак – SO_3H, Диапак – МП – 200, Диапак – С – 16 (БиоХимМак, Москва) қолданылды. Десорбцияны ацетонитрил мен трифторуксусты қышқылының әр түрлері концентрациясын жүргізді. Культуралды сұйықтықтан препараттық бактериоциндерді бөліп алу үшін ацетон-сірке қышқылы-су 4:1:5 мөлшерде қолданамыз.

Бактериоциндердің синтезі тікелей штамм – продуценттердің культивирленуіне байланысты болғандықтан, қоректік ортадан 194-К штаммының екі бактероцинін (низин А және 194-D) бөлініп алып зерттелінді. Жұқа қабаттық хроматография әдісі арқылы бактериоциндердің екі түрін зертханалық жағдайда салыстырдық.

Әр түрлі қоректік орталарда өсіріліп, 23 сағатта 194-D бактериоцинін низин А бактериоциніне қарағанда азырақ бөлінгенін байқадық. Клеткалық экстракттарда барлық қоректік орталарда екі бактериоциндер де жақсы өсті. Ал культуралдық сұйықтықтың нативті ерітіндісінде тек низин А ғана бөлінді. Ал 194-D бактероцинінің өсуі 1-кестеде көрсетілгендей мүлдем байқалмады.

1-кесте

Lactobacillus 194-К штаммдарының бактериоциндерінің қасиеттеріне салыстырма

Қоректік орталар	Бөлінген бактериоциндер мөлшері, ОБ/мл*			
	Нативті ерітінді		Клеткалар	
	низин А	194-D	низин А	194-D
1	2	3	4	5
Майсыздалған сүт	1683±117	-	2.2±0.05	1.5±0.05
МРС-1	543±103	-	2.6±0.05	2.0±0.24
Ескерту: *ОБ/мл – 1 мл культуралдық сұйықтықтағы оптикалық бірлік саны; “-”- табылмады.				

Алынған нәтижелерден *Lactobacillus* 194-К штаммының бактероциндерінің әрқайсысы өздігінен ерекше, әсер ету спектірі, антибиотикалық қасиеттері әр түрлі болатыны дәлелденді.

ӘДЕБИЕТ

1 Абрамов Н.И., Мурашова А.О. Патент №2011352, Россия МКИ А23с 9/12: Способ получения кефира/ Опубл. 30.04.1994. Бюл. №8.

2 Бавина Н.А., Королева Н.С, Хараш В.М. Патент №2001580, Россия МКИ А23б 9/12: Способ получения препарата молочнокислых культур/ Опубл. 30.10.1993. Бюл. №39-40.

3 Баснакьян И. А. 1992. Культивирование микроорганизмов с заданными свойствами, М.: Медицина. 188 б.

4 Безбородов А. М 1991. Биотехнология продуктов микробного синтеза. М.: ВО "Агропромиздат". б. 214-218.

5 Богданов В. М. 1962. Микробиология молока и молочных продуктов. М.: Пищевая промышленность. 29 б.

6 Богданов В. М., Баширова Р. С, Кириллова К. А. 1968. Техническая микробиология пищевых продуктов. М.: Пищевая промышленность. 744 б.

7 Бондаренко В. Н., Учайкин В. Ф., Мурашова А.О., Абрамов Н.А. 1995. Дисбиоз. Современные возможности профилактики и лечения. М. 130 б.

8 Воейков В. Л., Решетов П. Д., Набиев И. Р. 1992. Физико- химичкские методы исследования биополимеров и низкомолекулярных биорегуляторов. М.: Наука. б. 63, 116, 125.

9 Воскресенский П. И. 1969. Техника лабораторных работ. М.: Изд. "Химия". б. 516-517.

10 Генич Г. 1987. Современные бактериальные закваски для ферментированныхмолочных продуктов. Киев. б. 110-113.

REFERENCES

1 Abramov N.I., Murashova A.O. Patent №2011352, Rossiya MCI A23s 9/12: Sposob polucheniya cefira/ Opubl. 30.04.1994. Biul. №8.

2 Bavina N.A., Koroleva N.S, Harash V.M. Patent №2001580, Rossiya MCI A23б 9/12: Sposob polucheniya molochnocislyh cultur/ Opubl. 30.10.1993. Biul. №39-40.

3 Basnacyan I. A. 1992. Cultivirovanie microorgonizmov s zadannymi svoistvami, M.: Medicina. 188 b.

4 Bezborodov A. M 1991. Biotehnologiya productov microbnogo sinteza. M.: VO "Aropromizdat". b. 214-218.

5 Bogdanov V. M. 1962. Microbiologiya moloca i molochnocilyh productov. M.: Pishevaya promyshlennost. 29 b.

6 Bogdanov V. M., Bashirova R. S, Kirilloba K. A. 1968. Tehnicheskaya microbiologiya pishevih productov. M.: Pishevaya promyshlennost. 744 b.

7 Bondirenco V. N., Uchaicin V. F., Murashova A.O., Abramov N.A. 1995. Disbioz. Sovremennye vozmojnosti profilactici I licheniya. M. 130 b.

8 Voeicov V. L., Reshetov P. D., Nabiev I. R. 1992. Fizico – himichescie metody issledovaniya biopolimerov I nizcomoleculyarnyh bioregulyatorov. M.: Nauca. b. 63, 11b, 125.

9 Voscresenscii P. I. 1969. Tehnica laboratornyh rabot. M.: Izd. "Himiya". b. 516-517.

10 Genech G. 1987. Sovremennye bacterialnye zacvasci dlya fermentirovannyh molochnyh productov. Kiev. b. 110-113.

Утемуратова Г. Г. ,Курбанова Г. В.

Применение молочнокислых бактерий, выделенных биотехнологическими методами

Резюме. В статье приведен обзор по применению молочно – кислых бактерий, выделенных биотехнологическими методами в сферах производства и жизни человека. Молочнокислые бактерии используются в пищевой промышленности для сохранения свежести продуктов, при производстве консервов, хлеба, сыра и спиртных напитков, а также в рыбном хозяйстве, колбасных цехах, мясных производствах для продления срока годности и придания вкуса, запаха. Велика роль молочнокислых бактерий в медицине, фармацевтике, сельско – хозяйственном производстве для добавки в силос и корма животным, а также в сферах других производств. В связи с этим большой практический интерес представляет изучение биотехнологических свойств молочнокислых бактерий.

Экспериментальная часть работы состояла в определении кислотообразующих способностей изучаемых бактерий методом Тернера. Антагонистические способности определяли методом диффузии. Бактериоцины придают молочнокислым бактериям антибиотические способности. Их определяли новым биотехнологическим методом тонкослойной хроматографии.

Utemuratova G. G., Kurbanova G. V.

Features of lactic acid bacteria isolated by biotechnological methods

Summary. The article is written on the role in human life and in the productions of lactic acid bacteria isolated by biotechnological methods. Turner determined sour forming ability of lactic acid bacteria. Antagonistic capacity was determined by diffusion. The bakterotsin of lactic acid bacteria making antibiotic determined new biotechnological method - fine layer chromatography. Lactic acid bacteria are used in food productions, for the maintenance of freshness of products, in the production of can food, bakeries, productions of cheese and strong waters, in fish industry, in sausage workshops, in meat productions for storage of shelf-life and giving flavor, smell, in medicine, in pharmaceutics, in rural-economic productions for addition silo and forage of zoon and in many other productions. On it the productions of biotechnology with very active interest study bakterotcin. In this production of biotechnology with a very active interest in studying the lactic acid bacteria.

Keywords: lactic acid bacteria, a microorganisms, antibiotic substances, strain, biotechnology.

СЕКЦИЯ
РАЗВИТИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И ТЕХНИКИ В ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКОМ КОМПЛЕКСЕ

УДК ӘОЖ 665.62: 665.77 (574.1)

Әбдікәрімов М.Н. [1], Тұрғумбаева Р.Х. [2]
[1]Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙБИТУМДЫ ҚАЗБАЛАРЫНАН БИТУМДЫ БӨЛІП АЛУ

Аңдатпа. Мұнайбитумды қазбаның органикалық және минералдық бөлігінің фракциялық құрамы зерттелді**.** Су-сілтілік әдіспен бөліп алынған минералдық бөлікке седиментация әдісімен талдау жүргізілді. Мұнайбитумды қазбаға термиялық айдау процесі (үдерісі) жүргізілді.

Негізгі сөздер: Мұнайбитумды қазба, органикалық және минералдық бөліктер, су-сілтілік әдіс, битум, седиментация, термиялық айдау.

Мұнайбитумды қазбалардан (МБҚ) битумды бөліп алып, жол-құрылыстық материалдар, жол төсеніштерін, шатыр жабындыларын жіне лак пен герметиктер алу өте перспективті мәселе болып отыр [1-5]. Табиғи битумдар сондай -ақ синтетикалық мұнай, мотор отыны және басқа да мұнай өнімдері өндірілгенде қолданыла алады. Және кәдімгі мұнаймен салыстырғанда ауыр биогенді-тотыққан мұнайлар мен битумдардың күлді компоненттері сирек кездесетін және бытыраңқы элементтерге бай (кейде өнеркәсіптік концентрациясында) болып келеді [1]. Осының бәрі ауыр мұнайлар мен битумдар өте бағалы және өзіндік ерекшелігі бар химиялық және отын-энергетикалық шикізат деп есептеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның кен орнының №4, 5 мұнайбитумды қазбасынан органикалық бөлігін бөліп алу Сокслет аппараты көмегімен экстракциялау әдісімен жүзеге асырылды. Еріткіш ретінде 1:4 қатынасындағы спирт-бензол қоспасы қолданылады.

Үш-төрт қабат сүзгі қағаз қабатынан экстракциялық саптаманың мойнының диаметрінен аспайтын диаметрмен цилиндр патрон (іші қуыс түтік) дайындалды. Түтік кептіру пешінде кептірілді, бір жағынан мақтамен тығындалды,өлшенді. Түтікті мұнайбитумды қазбамен толтырылып мақтамен жабылады, қайта өлшенеді,массадағы айырмашылық 0,01 г болады және экстракциялық саптамаға кигізіледі.

Еріткіш құйылған колба құм моншасында еріткіштің қайнау температурасына дейін қызыдырылды. Мұздатқышта конденсацияланған еріткіштің буы саптамаға үздіксіз ағады. МБҚ құрамындағы көмірсутектерді ерітіп, оларды қазба құрамынан бөліп шығарады. Экстракторды толтырғаннан кейін еріткіш сифонды түтік арқылы колбаға құйылады. Органикалық бөлікіті бөліп шығару экстракциялы саптамада жиналып жатқан еріткіштің түсі жойылғанға дейін жүргізіледі. Саптамада шығарылып алынған түтік (патрон) 50-60^{0}С температурада кептіргіште тұрақты нәтижеге дейін кептіріледі. Мұнайбитумды қазбаның органикалық бөлігі мен еріткіш қарапайым айдау арқылы осылай бөліп алынады.Органикалық бөліктің массасын патронға салынған бастапқы МБҚ мен кептірілген минералдық бөліктің массаларының айырмасы бойынша және еріткіш айдалып болғаннан кейінгі сұйық фракцияны өлшеу арқылы табады. Сокслет аппаратында экстракциялау қорытындысы кесте 1-де көрсетілген.

Кестеден көрініп тұрғандай, мұнайбитумды қазбаның құрамындағы органикалық бөлігі – 12,66%-ды, ал минералды бөлігі 87,24%-құрайды (№4 МБҚ). Ал №5 МБҚ-да органикалық бөлігі – 12,47 %, минералдық бөлігі – 87,53%

1- кесте

Сокслет аппаратында экстракция әдісімен анықталған мұнайбитумды қазбаның құрамы

МБҚ нөмірі	МБҚ массасы, грамм	Органикалық бөлік		Минералдық бөлік	
		грамм	%	грамм	%
№4	150	19,13	12,66	130,87	87,24
№5	115,8	14,45	12,47	101,35	87,53

Су-сілтілік экстракция [6] әдістеме бойынша натрий силикаты мен калий гидроксиді қоспасын, 80% және 20% сәйкес келетіндей, жыныстың массасынан 6,3 мөлшерде қоса отырып жүргізілді. Мұнайбитумды қазбаның құрамы туралы алынған мәліметтер кесте 2-де көрсетілді.

2-кесте

Су-сілтілік экстракция әдісімен анықталған мұнайбитумды қазбаның құрамы.

МБҚ нөмірі	МБҚ массасы, грамм	Органикалық бөлік		Минералдық бөлік	
		грамм	%	грамм	%
4	400	43	10,75	357	89,25
5	400	66,14	16,54	333,86	83,46

Кестеден көрініп тұрғандай су-сілтілік экстракция әдісімен бөліп алынған битумның мөлшері 16,54%, минералдық бөлігі 83,46% құрайды. Әр түрлі экстракциялық әдістерімен алынған мәліметтердегі айырмашылық тәжірибе шеңберіндегі қателікпен түсіндіріледі. Сокслет аппаратында еріткіш көмегімен экстракциялау дәлірек, өйткені қазба құрамындағы органикалық және бейорганикалық бөлікті бөлу іс жүзінде толық жүзеге асады.Мұнайбитумды қазбаның минералдық бөлігінің фракциялық құрамын зерттеу. Су-сілтілік әдіспен бөліп алынған минералдық бөлікке седиментация әдісімен талдау жүргізілді [7]. Жұмыста ВТ-500 маркалы торсионды таразы қолданылды.



1-сурет. Мұнайбитумды қазбаның құрамындағы минералды бөлшектердің тұну кинетикасы

Ірі дисперстік жүйелердегі фракциялық құрам бөліктерін салыстырмалы түрде анықтау үшін седиментациялық талдау жүргізіледі. Осы мақсатпен мұнайбитумды қазбаның минералдық бөлігіне седиментациялық талдау жүргізілді. Жүргізілген тәжірибелердің нәтижесі бойынша мұнайбитумды жыныстың минералдық бөлігіндегі бөлшектердің тұну кинетикасының қисық сызығы алынып 1-ші суретте көрсетілді.

Графиктен көрініп тұрғандай 15-20 минутта бөлшектердің барлығы дерлік тұнады. Екі минут ішінде ірі бөлшектердің негізгі бөлігі тұнады. Одан әрі тұнған бөлшектердің массасы 65 мг-нан 83 мг-ға дейін 15 минутта өзгереді. Седиментациялық анализ бөлшектердің радиусына қарай массалық үлесінің өзгеруін анықтауға мүмкіндік береді. Осы мақсатпен төменде көрсетілген график сызылды.



2-сурет. Бөлшектердің мөлшеріне байланысты таралуы

2-ші суреттен көрініп тұрғандай, бөлшектердің мөлшеріне байланысты таралып тұнуының қисық сызығы зерттелген сұйықта бөлшектердің бір фракциясының бар екенін көрсетеді.Мөлшері 0,025 10^{-3}-0,07 10^{-3} нм. Ірірек бөлшектері 0,3 нм-ден жоғары көп емес (үлесі 20-дан аспайды). Кіші бөлшектердің болуы саздың барлығымен түсіндіріледі.

Сонымен, МБҚ-ның минералдық бөлігіне жүргізілген седиментациялық талдау оның құрамына кіретін фракцияның радиусын анықтауға мүмкіндік берді. Ол 0,025 10^{-3}-0,07 10^{-3} нм-ге тең.

Мұнайбитумды қазбаны термиялық айдау әдісімен зерттеу. Мұнайлы-Мола кен орнының мұнайбитумды қазбасын термиялық айдау 430-450^{0}С температурада жүргізілді.

Мұнайбитумды қазба ауа қатыстырылмай 430-450^{0}С температурада қыздырылады, бұл мұнайбитумды фракциялардың айдалуына, сонымен қатар нәтижесінде газ тәрізді, сұйық және қатты өнімдердің түзілуіне алып келетін күрделі химиялық реакциялардың жүруіне себеп болады. Бұл кезде ұшқыш өнімдер толығымен дерлік ұшып кетеді.

Құрғақ айдау процесін жүзеге асыру үшін темір реторта қолданылды. Термиялық айдау қондырғысының схемасы сурет 4-те көрсетілді.

Эксперимент жүргізер алдында құралған қондырғының герметикалығы тексерілді.

Қолданылған әдіс мұнайбитумды қазбаны сұйық, газ тәрізді және қатты бөлікке бөлуге мүмкіндік береді. Қатты бөлігі ретортада қалады, сұйық өнімдер шыны жинағышта (4), ал газ тәрізді өнімдері газометрде (6) жиналады. Газ тәрізді өнімдердің мөлшері газометрден ыдысқа (7) ығыстырылып шығатын судың көлемі бойынша анықталды және ол газометрдегі су деңгейінің өзгеруімен тексеріліп отырылды.

Термиялық айдаудың нәтижесі, алынған өнімдердің кейбір сипаттамалары, битумды фракцияның құрамы кесте 3-те көрсетілді.

3-кесте

Мұнайбитумды қазбаны құрайтын газ тәрізді, сұйық және минералдық бөліктерінің құрамы

МБҚ №	Жыныстың массасы,г	Алынған өнімдердің мөлшері						Айдаудан кейінгі қатты қалдық		Битумды фракцияның үлесі,%	Газ тәрізді өнімдердің тығыздығы, кг/м^3
		сұйық			Газ тәрізді						
		г	%	%	л	г	%	г	%		
5	50	2,8	5,5	50,34	4,46	8,9	42,8	85,5		14,4	0,083

Кестеден көрініп тұрғандай, алынған мәліметтерге сәйкес зерттелген МБҚ-да битумды фракцияның мөлшері, №5 кен үлгісінде 14,4-ды құрайды. Бұл органикалық еріткіш көмегімен және су-сілтілік экстракция әдісімен бөліп



4-сурет. Мұнайбитумды қазбаларды термиялық айдау қондырғысының сызбанұсқасы

1- реторта, 2- электр пеші, 3- термопара; 4- жинағыш, 5- салқындатқыш қоспа, 6- газометр, 7- бөлінген сұйық жиналатын ыдыс, 8- қысқыш, 9- гальванометр.

Бұл органикалық еріткіш көмегімен және су-сілтілік экстракция әдісімен бөліп алынған органикалық бөлік туралы мәліметпен тәжірибе аясындағы қателік шеңберінде сәйкес келеді.

Мұнайбитумды қазбаны пиролиздеу кезінде жүретін химиялық өзгерістер туралы мәлімет алу үшін алынған сұйық өнімдерге ИҚ-спектроскопиялық зерттеулер жүргізілді.

Ғ-5 фракцияның спектрлерінен пиролиз өнімдерінде: 724,9 см$^{-1}$ – алкандарға тән $(-CH_2)_n$ – метилен топтарының тербелістеріне тән. Сонымен қатар, 1,3,5 орынбасушы топтары бар ароматты 1376,5 см$^{-1}$. CH_3 – метил тобының деформациялық тербелісіне тән.

1642,6 см$^{-1}$ –CH_2-тобының деформациялық тербелісіне тән.

1704,3 см$^{-1}$ -С=О карбонил тобына тән

1302,9 см$^{-1}$ SO_2-ге тән сіңірілу жолақтары

Спектрде γ С= 1376,5с қос байланысқа тән сіңірілу жолағы бар:

Ал 3418 см$^{-1}$ –ОН тобының валенттік тербелісіне тән. Молекула ішіндегі сутектік байланыс, көпатомды спирттерге тән.

2924,2 см$^{-1}$, 2953,1 см $^{-1}$ ассиметриялы валентті тербеліс =С-О-С ароматты жай эфирлерге тән. Мысалы, -OCH_3 тобы.

Егер құрғақ айдаудан кейінгі Ғ-5 фракцияның спектрлерін К-1 бастапқы заттың, су-сілтілік экстракция әдісімен алынған битумның спектрлерімен салыстырса, -2149,6 $см^{-1}$ сіңіру жолағы Ғ-5 спектрінде жоқ, керісінше 2088,1 $см^{-1}$ жаңа сіңірілу жолағы пайда болған.

Сондай-ақ, К-1 үлгідегі 1699,3, 1557,9, 1236,0; 1218,8; 1113,5 сіңірілу шыңдары Ғ-5 үлгіде жоқ, жойылып кеткен. Ғ-5 үлгіде 1704,3; 1455,6; 1302,9 $см^{-1}$ жаңа сіңірілу жолақтары пайда болған. 911,8 $см^{-1}$ жолағы, 618,9; 537,5; 471,2; 426,9 $см^{-1}$ жолақтары жойылған. Ғ-5 үлгіде 561,8; 724,9 $см^{-1}$ жолақтары пайда болған. Бұл МБҚ-ны құрғақ айдау кезінде оның құрамына кіретін қосылыстардың химиялық үрдістерге түсіп, өзгерістерге ұшырайтыны байқалады.

Сонымен, МБҚ-ны ИҚ-спектроскопиялық зерттеу Ғ-5 сұйық фракцияда -С=О карбонил тобы, SO_2-күкірт қосылысына тән сіңіру жолақтары түзілетінін көрсетеді.

№5 мұнайбитумды қазбаны құрғақ айдау нәтижесінде алынған сұйық өнімнің мөлшері 5,5%.

№5 мұнайбитумды қазбадан құрғақ айдау нәтижесінде екі қабатқа бөлініп тұрған сұйық өнімдер алынды: жоғарғы қабаты қою қоңыр түсті зат, мөлшері аз; төменгі қабаты ашық қоңыр түсті, мөлшері көп сұйық зат.

Термиялық айдаудың газ тәрізді өнімдеріне сапалық анализ жүргізіліп (калий перманганаты мен бром суымен реакциялары), құрамында қанықпаған көмірсутектер бар екені анықталды.

Қазбадан айдау нәтижесінде бөлінген газ тәрізді өнімдердің құрамында сутек газы бар екені де дәлелденді (газ қоспасын жаққанда пайда болатын өзіне тән дыбыс бойынша). №5 МБҚ үшін сутекті анықтау жеңіл, бұл осы жыныстарды құрғақ айдау өнімдерінде жеңіл фракциялардың көбірек екеніне жанама дәлел бола алады.

№5 МБҚ-дан бөліп алынған газ тәрізді заттар көкшіл-күлгін жалын шығарып жанады.

Газ тәрізді өнімнің тығыздығы мына формула бойынша анықталды $\rho = m/\upsilon$.

№5 МБҚ үшін: $\rho = 4{,}46*10^{-3}/50{,}34*10^{-3} = 0{,}083$ кг/$м^3$.

Мұнайбитумды қазбаларды термиялық құрғақ айдау химиялық тұрғыдан алғанда күрделі үрдіс болып табылады, өйткені МБҚ көптеген көмірстектерден құралған қоспа және айдау кезінде бір ізді әрі параллель түрде жүзеге асатын бірнеше типті реакциялардың нәтижесінде түрлі бағыттағы өзгерістерге ұшырайды. Мысалы көміртек атомдары арасындағы байланыстар үзіле отырып молекулалардың ыдырауы және молекулалық массасы төмен молекулалардың түзілуі. Молекулалық массасы жоғары заттардың конденсация және полимеризация нәтижесінде түзілуі; дегидрлену, гидрлену т.с.с реакциялар.

Құрғақ айдау кезінде көмірсутектердің өзгерістерге түсу мүмкіндігін бағалауда олардың термодинамикалық тұрақтылығы маңызды роль атқарады.

Мына теңдеуде: $C^0 \triangle$ - RTLnKp тепе-теңдік константасымен- байланысқан изобара-изотермиялық- потенциал- процесс жүзеге асуының термодинамикалық мүмкіндігінің өлшемі болып табылады, өйткені жүйе анағұрлым төмен изобара-изотермиялық потенциал күйіне ұмтылады. Молекула құрамында көміртек атомдарының саны бір көмірсутектердің әр түрлі кластары үшін төменгі температурада термодинамикалық тұрақтылығы мына қатарда төмендейді:

Парафин > нафтендер > олефиндер > ароматты көмірсутектер.

Бірақ изобара-изотермиялық- потенциалдық температураға байланыстылығы әр түрлі болуына байланысты температура жоғарлаған сайын бұл қатардың реті керісінше ауысады:

Ароматты көмірсутек > олефиндер > нафтендер > парафиндер

Сонымен мұнайбитумды қазбаға термиялық әсер еткенде көмірсутектердің топтық құрамы өзгеретінін күтуге болады.

МБҚ құрамына кіретін көмірсутектерден қыздыруға анағұрлым тұрақсыз парафиндер, анағұрлым тұрақты нафтендер мен ароматты көмірсутектер.

Парафиндер 450-550^{0}С қыздырғанда молекулалары тізбектің ортасына жақын жерде үңіледі, нәтижесінде парафиндер мен этилен көмірсутектердің молекулалары түзіледі. Мысалы:

$C_{18}H_{38} \longrightarrow C_9H_{20} + C_9H_{18}$

$C_9H_{20} \longrightarrow C_5H_{12} + C_4H_8$

Төмен молекулалы парафиндер үшін дегидрлену және көміртек тізбегінің соңындағы байланыстар үзіле отырып ыдырау байқалады:

$C_5H_{12} \longrightarrow C_5H_{10} + H_2$

$C_5H_{12} \longrightarrow C_4H_8 + CH_4$

Молекуладағы көміртек атомдарының саны өскен сайын көмірсутектердің қыздыруға тұрақтылығы қатты төмендейді.

Нафтендердің айналымы мына бағытта жүреді: бүйір тізбектердің үзілуі, полиметиленді сақиналардың олефиндер, диен көмірсутектерін түзе отырып ыдырауы; алты көміртек атомы бар нафтендердің ароматты көмірсутектерге айнала отырып дегидрленуі.

Ароматты көмірсутектерде қанықпаған көмірсутектер қатысындағы конденсация реакциялары басымырақ, нәтижесінде бензол сақинасы көп көмірсутектер түзілуіне және сутектің мөлшері азаяды, демек кокстың түзілуіне әкеледі. Сонымен қатар бензол гомологтарында, және көпядорлы ароматты көмірсутектерде бүйір тізбектер үзіледі. Қыздыру кезінде түзілген олефиндер реакцияға қабілетті және түрлі өзгерістерге ұшырайды, солардың ішінде маңыздысы полимерлену реакциясы, диенкөмірсутектері мен парафиндер түзе жүретін ыдырау реакциялары:

$CH_2 = CH- CH_2- CH_2- CH_3 \longrightarrow CH_2=CH-CH= CH_2 + CH_4$

Немесе екі олефин молекуласының түзілуі:

$C_8 H_{16} \longrightarrow 2C_4H_8$

Диен көмірсутектерімен конденсациялану, нәтижесінде ароматты көмірсутектердің түзілуі:

$CH_2 = CH_2 + CH_2 = CH-CH=CH_2 \longrightarrow C_6 H_6 + 2H_2$

Сонымен, мұнайды термиялық өңдеу кезінде молекулалық массасы және қайнау температуралары анағұрлым төмен заттар түзіледі. Сондай-ақ сұйық- фракциямен қатар бір жағынан газ тәрізді өнімдер, екінші жағынан конденсация реакциясының нәтижесінде бастапқы көмірсутектерге қарағанда молекулалық массасы жоғары, кокс құрамына кіретін заттар түзіледі.

Жоғарыда айтылғандарды және мұнайбитумды қазбаларды құрғақ айдау нәтижесін ескере отырып, бұл үрдіс кезінде радикалды-тізбектелу механизмі бойынша сұйық және газ тәрізді өнімдер түзілетін аналогиялық реакциялар жүзеге асатынын түсінуге болады. Мұнайбитумды жыныстың құрамындағы көмірсутектер жөнінде түзілген сұйық және газ тәрізді өнімдердің мөлшері қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Мұнайбитумды қазба (МБҚ) құрамында қатты қалдықтың мөлшері көп екені №2 кестеден көрінеді: 85,5%, №5 жыныс үшін мәлімет Сокслет аппаратында алынған мәліметтермен (84,9%) және әдеби мәліметтермен саплыстырылды. Зерттелген МБҚ сыртқы түрі олардың битуммен қанықкан сазды алевриттер мен аз цементтелген құмдақ жолақтары бар құмнан тұратынын көрсетеді.

Сондай-ақ, құрғақ айдаудан кейін қалған қалдық құрамында минералдық бөліктен басқа осы температурада айдалмайтын кокс болатынын айтқан жөн.

Сонымен, Мұнайлы-Мола кен орнына Мұнайбитумды қазбаларын құрғақ термиялық айдау кезінде алынған мәліметтер МБҚ-ны құрайтын минералдық бөлікпен органикалық бөлігінің сандық қатынасын анықтауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

1. Надиров Н.К., Браун А.Е., Трохименко М. С. и др. Нефтебитуминозные породы Казахстана: проблемы и перспективы. – Алматы. 2001 г..-5 томов. - 376 с.

2. Иванов О.В., Трохименко М.С. О перспективах поисков альтернативных источников углеводородного сырья в надсолевых отложениях Прикаспийской впадины // Нефтебитуминозные породы. Перспективы использования. - Алма-Ата, 1982. - С. 21-25.

3. Нефтебитуминозные породы: перспективы использования: материалы Всесоюзного совещания по комплексной переработке и использованию нефтебитуминозных пород. – Алма-Ата : Наука, 1982. – 300 с.

4. Радченко О.А., Успенский В.А. Генетические типы битумов и условия их образования: (Закономерности формирования и размещения скоплений природных битумов). - Л., 1979. - С. 32-51.

5. Липатова В.В., СветлаковаЭ.А., Трохименко М.С. Местоскопление твердых битумов и высоковязких нефтей в юго-восточной части Прикаспийской впадины // Нефтегазовая геология и геофизика. - 1980. - №4. -С. 7-10.

6. Мещеряков СВ., Тойганбаев Е.А., Оспанова Ж.А., Панкратова Н.А. А. С. СССР 648597, опубл. 25. 02. 1979., бюлл. № 7. Добавка в процесс водной экстракции битума из битуминозных пород.

7. Лабораторные работы и задачи по коллоидной химии. – Под ред. Ю.Г.Фролова и А.С. Гродского. – М., «Химия», 1986. 216 ., с ил.

М.Н Абдикаримов[2], Р.Х. Тургумбаева[2]

Выделение битума из нефтебитуминозных пород Казахстана

Резюме. Изучен фракционный состав органической и минеральной частей нефтебитуминозных пород. Водно-щелочным методом для минеральной части проведен седиментационный анализ. Проведен термический пиролиз нефтебитуминозных пород.

Ключевые слова: нефтебитуминозные породы, органическая и минеральная части, водно-щелочной метод, битум, седиментация, термический пиролиз.

M.N.Abdikarimov[1], R.H.Turgumbaeva[12]

The fractional composition of organic and mineral parts oilbitumene rocks were studied. Water-alkali method to the mineral part of sedimentation analysis was performed. Thermal pyrolysis oilbitumen rocks was spend.

Keywords: oilbitumen rocks, organic and mineral parts, water-alkali method, bitumene, sedimentation, thermal pyrolysis

Айтқазинова Ш.К, доктор PhD, Науқанбаев Б.С, магистрант.
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы;
e-mail: nbs777_91@mail.ru

АҚБАҚАЙ КАРЬЕРІ БЕТКЕЙЛЕРІНІҢ ДЕФОРМАЦИЯЛАНУЫН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Мақалада "Ақбақай" кенорны беткейлерінің деформациялануын зерттеу мен маркшейдерлік бақылаулары қарастырылған.

Түйін сөздер: "Карьерное" кенорны, беткейлер, деформациялар, зерттеулер, маркшейдерлік бақылаулар

Қазіргі таңда Республикамызда кен игерудің 80% ашық әдіспен жүргізілетіндігі және де ол карьерлерде алдыңғы қатарлы автоматтандырылған механизмдерді пайдаланып кен қазу жұмыстарының қарышты қарқынмен дамығандығы, ашық кеніштердің тереңдігінің ұлғая түскені де белгілі. Осындай жағдайда карьер беткейлері тау жыныстарының жылжуы өндірістің экономикалық және еңбек қауіпсіздігі көрсеткіштерінің төмендеуі, құлаған тау жыныс кесектерінен беткей құламаларын аршу, жиек учасклерін нығайту сияқты қосалқы жұмыстар жүргізуге мәжбүр етеді.

Міне осындай карьерлердің бірі "Ақбақай" кенорны. Ашық әдіспен кен қазу жұмысын одан әрі дамытуда карьер беткейлерінің орнықтылығын қамтамасыз етуге көп көңіл бөлінеді. Ақбақай кенорнынды аймағында: "Негізгі", "Төкен", "Октябрь", "Фролов", "Золотая", "Пологая" атты және т.б., сонымен бірге "Светинское", "Бескемпір", және "Карьерное" деп аталатын кен орындары да қатар орналасқан.

Алтын желілердің ұзындығы 250 метрден 60 метрге дейін қалыңдығы 1,5 сантиметрден 2 метрге дейін жетеді. "Карьерное" кен орны 900-1300 метр тереңдікке дейін таралған. Кен түзілу процесі габбропорфирит және ашафит дайқалары жыныстарды жарып шыққаннан кейін, алтын сүрмелі минералданумен аяқталған. Қоршаған тау жыныстары: гранодиориттердің М.М. Протъяконов шкаласы бойынша беріктік коэффициенттері f = 14-16, березиттер – (f = 11-14), кварцидтердікі (f = 16-18) тең.

"Ақбақай" кен аймағының геологиялық картасы мен геологиялық қимасы 1– суретте көрсетілген.

"Карьерное" кенорнында карьер беткейлерінің құлау бұрышы 45°, ал жартылай құлау бұрышы 5°-30° дейін жетеді. Руда және оны қоршап тұрған тау жыныстары төзімді. Кеннің қалыңдығы 0,4-8,7 м. Қаттылық коэффициенті Протодъяконовтың шкаласы бойынша сипатталады: гранидиориттерде f = 14, лампрофириттерде f = 11, кварц және беризиттерде f = 13.

Карьер горизонттарын аршу көлбеу тасымалдау траншеяларымен және горизонталь қима траншеяларымен жұмыс алаңдарында орындалады. Жұмыс алаңының биіктігі – 5 м, аршу – 10 м. Құлау бұрышы – 65°–70°.



1– сурет. а) Ақбақай кен аймағының геологиялық картасы;
ә) геологиялық картаның А-А сызығы бойынша қимасы.

Міне осындай күрделі тау-кен геологиялық жағдайда орналасқан кенорындарын игерудегі іс-әрекеттер – тау жыныстарының кернеулі күйімен өзгеруімен, деформациялануымен және бұзылуымен байланысты геомеханикалық процестерді туындатады. Бұл процестер өте қиын техникалық және экологиялық зардаптарға әкеліп соқтырады. Осындай геомеханикалық процестердің кері әсерлерінен карьерлер, өндіріс аймақтары мен жер бетінің участкелері зардап шегуде(2 – сурет).

2 – сурет. Карьер беткейлерінің опырылулары.

Мұндай жағдайда, яғни карьерлерде тау-кен қазбаларының қиябеттерінің, кемер және үйінділердің жағдайын аспаптық бақылауға және барлық тау-кен құрылыстарның орнықтылығын қамтамсыз етуге, яғни геомеханикалық мониторинг жүргізуге көп көңіл аударылады. Жалпы геомеханикалық мониторинг кешенінде бақылаудың геодезиялық әдістері ерекше орын алады.

Маркшейдерлік бақылаулар жүргізуде электронды тахеометрлер, лазерлік сканер және жер серіктік GPS аспаптарын кеңінен қолдану жылжу процесінің параметрлерін жылдам және өте жоғары дәлдікпен анықтауға және сол параметрлердің уақыт аралығында өзгерулерін қадағалап отыруға мүмкіндік туғызады.

Қолданылып жүрген аспаптық бақылаулардың біршама кемшіліктері бар. Біріншіден, олар тау жыныстары массивінде жүріп жатқан нақтылы геомеханикалық процестерді дәл бейнелеп көрсете алмайды, сондықтанда дәстүрлі аспаптық бақылауларға негізделген болжаулық бағаларды сенімді деу жеткіліксіз. Екіншіден, оларды жүргізу өте көп еңбек сіңіруді қажет ететіндіктен, жер бетінің деформациялануы туралы деректерді қажетті мезгілде алуға мүмкіндік болмайды. Осы айтылған кемшіліктерді жердегі стереофотограмметриялық әдісті қолдану арқылы жоюға болады.

Геомеханикалық мониторинг жүргізуде қолданылатын қазіргі геодезиялық аспаптық бақылаулар осы күнгі тау-кен өндірісінің талаптарына сай келмей жатады, өйткені олар өте көп еңбекті қажет етеді және деформациялық процестерге қарсы шараларды жасауға қажет тау жыныстары массивінің жай күйі туралы толық мәліметтер алуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан да геомеханикалық аспаптарды (электронды тахеометр, лазерлі сканерлер) қолдану, олармен жұмыс істеу тәртібін жетілдіру – инновациялық әдістердің деңгейін көтеру мен тығыз байланысты.

Карьер беткейлері массивінің жай-күйін геомеханикалық мониторингтауда заманауи геодезиялық аспаптарды қолдану – өзекті инновациялық ғылыми–техникалық мәселенің шешімі.

ӘДЕБИЕТ

1. Проект горных работ АО "Акбайский ГОК" на 2013-2014 гг.
2. Нұрпейісова М.Б. Геомеханика. // Оқулық. – Алматы: РПБК "Дәуір", 2014. - 240 б.
3. Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың 80 жылдығына арналған "Қазақстан 2050 стратегиясын іске асырудағы жас ғалымдардың орны мен рөлі" халықаралық Сәтбаев оқуларының еңбектері. – Алматы: ҚазҰТУ, 2014, 2 том. – 620 б.

Айтказинова Ш.К, Науканбаев Б.С.

Исследование деформации карьерных откосов месторождения "Акбакай"

Резюме. В статье рассмотрена исследование деформации карьерных откосов и маркшейдерские наблюдения месторождения "Акбакай"

Ключевые слова. Месторождение "Карьерное", откосы, деформации, исследование, маркшейдерские наблюдения.

Aytkazinova Sh.K, Naukanbayev B.S.

Research of the deformation quarry slopes of deposit Akbakai

Summary. In the article considered research of deformation of quarry slopes and surveyor control of deposit "Акбакай"

Key words: field "Kariyernoe", slopes, deformation, research, surveying supervision.

УДК 622.648

Амангалиев Д., Имансакипова З.Б.
Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И.Сатпаева
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: zemfira.iman@mail.ru.

РАСЧЕТ ТРУБОПРОВОДА ДЛЯ ТРАНСПОРТИРОВКИ КРУПНОДИСПЕРСНЫХ ГИДРОСМЕСИЙ

Аннотация. Трубопроводный транспорт гидросмесий в перспективе должен занять существенное место в перемещении отходов горно-обогатительного производства в отвалы и хвостохранилища. Сформирования основные технологические схемы напорного гидротранспорта, которые рационально использовать на горно-обогатительных предприятиях. Транспортируемые твердые материалы вместе с водой образуют различные гидросмеси: суспензии; тонкодисперсные; малодисперсные; крупнодисперсные и полидисперсные. Необходимость создания условии свободного движения гидросмеси по трубам обуславливает ограничение предельной величины крупной фракции в зависимости от диаметра транспортного трубопровода. Установлено рациональное соотношение между этими параметрами с учетом тяжелых условий эксплуатации гидротранспортных систем с учетом модели движения крупнодисперсных гидросмесий по транспортному трубопроводу со скоростями высшее критических, используя законы движения вязких жидкостей разработана, методика расчета рациональных параметров гидротранспорта, которая позволит определить устойчивые режимы движения гидросмеи.

Ключевые слова: гидросмесь, трубопровод, фракция, транспортировка, режим, методика.

Трубопроводный транспорт достаточно широко применяют для транспортировки отходов горно-обоготительного производства в отвалах и хвостохранилища, продуктов сгорания твердых топлив в золоотвалу, полезных ископаемых, концентратов, закладочных смесий и др. В Казахстане напорный гидротранспорт развит достаточно интенсивно, ежегодно таким видам транспорта перемещается несколько миллионов кубических метров различных сыпучих материалов. Вместе с тем имеется ряд моментов, требующих дополнительного исследования для повышения эффективности трубопроводного транспорта.

Гидравлический транспорт подразделяют на самотечный и напорный. Самотечный гидротранспорт - это способ перемещения твердых сыпучих материалов под воздействием гравитационных сил в потоке воды при наличии разности геодезических отметок.

Напорный гидравлический транспорт - это способ пермещения твердых сыпучих материалов потоком воды по трубам при избыточном давлении, создаваемом насосами или полученном за счет разности отметок начала и конца трубопровода.

Анализ тиературных данных и практики горно-обоготительных предприятий позволил сформировать основные технологические схемы напорного гидротранспорта (рис. 1)



Рис. 1. Типовые технологические схемы напорного гидротранспорта:
1- участок самотечного гидротранспорта; 2- узел приготовления гидросмечи; 3- думпор (бункер); 4- станция напорного гидротранспорта; 5- напорный трубопровод; 6- узел приемки гидросмечи; 7- промежуточная насосная станция; 8- устройство для подачи сухого материала; 9- трубопровод для подачи воды.

В схемах "а" и "б" имеется узел приготовления гидросмечи - смещение сухого материала с водой для дальнейшего транспортирования. В схеме "в" нет узла приготовления гидросмечи т.к. она по своим характеристикам может перекачиваться без дополнительной подготовки. Схему "г"

применяют в случаях подачи сухого материала непосредственно в систему напорного гидротранспорта.

Особенностью трубопроводного гидротранспорта является большое разнообразие перемещаемых сыпучих материалов: по крупности - от тончайших до крупных фракций, по плотности - от легких (плотность 4000-5000 кг/м^3) до тяжелых (плотность 4000-5000 кг/м^3) и выше, а так же по минералогическому и петрографическому составу.

Наиболее распространенные промышленные материалы, транспортируемые гидротранспортом по трубам:

Таблица 1

Транспортируемый материал	Плотность $\rho_т$, кг/м^3	Транспортируемый материал	Плотность $\rho_т$, кг/м^3
Уголь	1200-1500	Фосфорит	2600-2700
Зола	2200-2500	Известняк	2500-2800
Мел	1800-2600	Цемент, шлак	2700-3000
Каолин, глина	2200-2600	Хвосты углеобащения	2300-2600
Сланец	2400-2700	Хвосты обогащения руд	2700-3300
Песчанник, песок	2500-2700	Руды и концентраты	3500-5600

В качестве несущей среды (жидкости), как правило, используется вода со следующими характеристиками:

Таблица 2

t^0 C	Плотность $\rho_т$, кг/м^3	Коэффициент динамической вязкости $\mu_0 \cdot 10^3$ Нс/м^2	Коэффициент кинематической вязкости $\nu_0 \cdot 10^6$, м^2/с
0	999,8	1,789	1,79
5	999,9	1,519	1,52
10	999,7	1,309	1,31
15	999,2	1,138	1,14
20	999,1	1,008	1,01

Транспортируемые твердые материалы вместе с водой образуют различные гидросмеси, представление ниже.

Таблица 3

Виды гидросмеси	Крупност частиц,мм	Характиристика фракций
Суспензии	0-(0,05...0,074)	Тончайшие
Тонкодисперсные	(005...0,074)-(0,1...0,15)	Тонкие
Мелкодисперсные	(0,1...0,15) - (2...3)	Мелкие
Крупнодисперсные	>2...3	Крупные
Полидисперсные	>0	Смешанные

Приведенные виды гидросмесий отличаются существенно друг от друга по своим физико-механическим и реологическими свойствами и для каждой из них характерны определенные закономерности движения по трубопроводам, а следовательно, и различные методики расчета гидросмесий. Для горно-обоготительного производства наибольший интерес представляют крупнодисперсные гидросмеси.

Эти смеси содержат материалы, прошедшие мелкое или среднее дробление. Такие материалы перемещаются в трубопроводах волочеными или прерывистыми взвешиванием в пристеночной области с резко выраженной неравномерностью по сечению. На удельные потери напора при движении таких гидросмесий определяющее влияние оказывают силы трения, плотность и концентрация твердого. Рекомендуемые скорости транспортирования таких смесий на 20...25% должны превышать критические, а объемные концентрации твердого должны находиться в пределах 0,2...0,25. [1]

Важным моментом при гидротранспорте таких смесей является правильно выбранный диаметр трубопровода.

Транспортирование закладочной смеси от смесительной установки до места укладки производится в большинстве случаев по стальным, чугунным или полиэтиленовым трубопроводам.

Трубопровод собирается из отдельных секций, которые соединяются между собой с помощью фланцев и болтов либо быстроразъемными соединениями. Необходимость создания условий свободного движения закладочной смеси по заполнителя в зависимости от диаметра трубопровода. Практически закупорка закладочного трубопровода крупным заполнителем происходит при образовании устойчивой системы "клина" из трех наиболее крупных зерен. Геометрическая схема (рис. 2) позволяет приближенно установить рациональное соотношение между диаметром транспортного трубопровода d и наибольшим размером зерна крупного заполнителя б как d>=3б



Рис. 2. Схема заклинивания смеси с крупным заполнителем в транспортном трубопроводе.

Учитывая большую протяженность транспортных закладочных трубопроводов и тяжелые условия их эксплуатации, следует рекомендовать диаметр трубопровода из соотношения d>= (5-5) δ. Большие значения должны применяться для заполнителя с остроугольными и плитчатыми зернами.

При движении крупнодисперсных гидросмесей по транспортному трубопроводу со скоростями выше критических твердая фаза перемещается прерывным взвешиванием частиц в пристеночной области потока движением их во взвешенном состоянии в центральной части потока и прикатыванием и волочением по нижней части трубопровода. Это обуславливает подтормаживание потока гидросмеси в следствие чего основными факторами в затратах энергии на транспортирование следует считать силы трения, плотность и концентрацию твердого в гидросмеси.

Учитывая изложенное можно с учетом законов движения вязких жидкостей рассчитать рациональное параметры гидротранспорта по следующей методике

I Определение физико-механических характеристик гидросмеси.

Объемная концентрация твердого в гидросмеси

$$S = \frac{T_V}{T_V + Ж'} \quad (1)$$

где T_v- объемное содержание твердого в гидросмеси

Ж- объемное содержание жидкого компонента в смеси

$$T_v = \frac{T_W}{\rho_T}, \quad (2)$$

где T_w- масса твердого в 1 м^3 гидросмеси

ρ_T- плотность твердого, кг/м^3

$$Ж = \frac{Ж_W}{\rho_T}, \quad (3)$$

где $Ж_W$ - масса жидкости в 1м^3 в гидросмеси

ρ_0 - плотность воды, кг/м^3.

Объемные концентрации мелких фракций (до 2,5 мм) - S_1 и крупных (больше 2,5 мм) - S_2 в сумме должны составлять S и поэтому определяются как

$$S_1 = q_1 S \text{ и } S_2 = q_2 S, \quad (4)$$

где q_1 и q_2 - соответственно процентные содержащие (по массе) мелких и крупных фракций

Плотность гидросмеси

$$\rho_{TC} = (\rho_T - \rho_0) + \rho_0, \text{ кг/м}^3 \quad (5)$$

Относительная плотность твердого в воде

$$\rho_{\Delta} = \frac{\rho_1 - \rho_0}{\rho_0} \quad (6)$$

Несущую среду в гидросмеси формируют мелкие фракции. Их средне- взвешенный диаметр можно определить по известной методике [2]

$$d_{ср} = \frac{\sum_{i=1}^{i=n} q_i d_i}{\sum_{i=1}^{i=n} q_i}, \quad (7)$$

где d_i - средний размер зерен определенного класса крупности, мм

q_i- содержание этого класса, %

Тогда гидравлическая крупность мелких частиц составит [3]

$$\Delta = \frac{\beta \cdot \rho d_{ср} \cdot 10^{-3}}{\sqrt[3]{\mu}}, \quad (8)$$

где β – эмпирический коэффициент зависящий от $d_{ср}$

μ_0- коэффициент динамической вязкости гидросмеси Н·с/м^2

II Определение режима движения гидросмеси и параметров потока

Массовая пропускная способность гидросистемы [4]

$$Q_m = \frac{A}{K_T N_T t}, \text{ Т/ч} \quad (9)$$

где А - годовая производительность гидросистемы, Т/год;

K_T- коэффициент использования системы L_0 времени;

N_T- количество рабочих дней в году

t- число рабочих часов в сутки

Объемная пропускная способность по твердому в плтоном виде

$$Q_T = Q_m \frac{\rho_0}{\rho_T} \quad (10)$$

Объемная пропускная способность по твердому в насыпном виде

$$Q_H = Q_T \frac{\rho_T}{\rho_H}, \quad (11)$$

где ρ_H- плотность твердой фазы в насыпном виде, кг/м^3

Объемная пропускная способность по гидросмеси

$$Q_{г.с} = \frac{Q_T}{S} \quad (12)$$

Необходимый расход воды

$$Q_0 = \frac{1-S}{S} \quad Q_T = Q_{г.с} - Q_T \quad (13)$$

Рабочая скорость движения гидросмеси

$$\vartheta_p = \frac{4Q}{3600 \cdot \pi D^2}, \text{ м/с}, \quad (14)$$

где D- диаметр выбранного трубопровода, м

$$D \approx (5 \dots 6) d_{max}$$

